

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРК  
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ – 398.5

Қолжазба құқығында

**Сәрсенбекова Ақмарал Мұсабайқызы**

**АҒЫЛШЫН ЭПОСТАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК САРЫНДАР**

6M021000–Шетел филологиясы: ағылшын тілі мамандығы бойынша  
филология ғылымдарының магистрі академиялық дәреже алу үшін  
магистрлік диссертация

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРК  
УНИВЕРСИТЕТІ

**Қорғауға жіберілді:**

Ағылшын филологиясы  
кафедрасының меңгерушісі,

соц.ғ.к., доцент м.а. \_\_\_\_\_ Б.Д. Тұрлыбеков

(қолы)

« \_\_\_\_\_ » 2017 ж.

**Магистрлік диссертация**

АҒЫЛШЫН ЭПОСТАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК САРЫҢДАР

Мамандығы: 6М021000 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі

Магистрант \_\_\_\_\_ А. М. Сәрсенбекова

(қолы) (аты-жөні, тегі)

Ғылыми жетекшісі,

ф.ғ.к., доцент м.а \_\_\_\_\_ З. О. Сахитжанова

(қолы)

(аты-жөні, тегі)

ТҮРКІСТАН – 2017

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>3</b>
<b>1 ЭПОСТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	
1.1 Эпостың түрлері және құрылымы.....	5
1.2 Ағылшын және қазақ эпостарының жалпы сипаттамасы.....	10
1.3 Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы ономастикалық атаулар табиғаты.....	30
<b>2 АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ САРЫНДАР</b>	
2.1 Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы сюжеттік ерекшеліктер.....	40
2.2 Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы мотивтік көрсеткіштер.....	54
2.3 Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы образдар жүйесі.....	62
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>82</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>83</b>

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың өзектілігі.** Жалпы эпостың шығу тарихы, оның дамуы, тарихқа әсері жөнінде сипатталады. Одан әрі қазақ пен ағылшын эпостарындағы ортақ сарындар, тарихи байланыстары, батырлар жырындағы типологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтары сипатталады. Жұмыста қазақ және шетел жазушыларының батырлық жыр жайында, жалпы эпос туралы пікірлері мен тәжірибелері, жазған жұмыстары, оларға келтірілген сыни пікірлері де зерттеуде қолданылды. Қазақтың батырлық жырлары мен ағылшынның эпостық жырын салыстыра келе, ұқсастықтар мен айырмашылықтар зерттелді және ұқсастықтардың басым болғаны анықталды. Әрине, айырмашылықтары да аз емес. Сонымен қатар, жұмысты зерттеу барысында екі халықтың мифтік образдары мен түрлерін, мифтің екі халықтың әдебиетінің дамуына ықпал еткендігі жайлы ақпараттар берілді.

Беовульф жыры мен қазақ батырлар жырын ономастикалық атаулары табиғатын қарастыра отырып, жырдағы атауларға арнайы ақпараттар берілді. Мотивтік көрсеткіштер тармағына кесте арқылы салыстыру жасалынды. Әр берілген тарауға сәйкес тармақшалар жеткілікті түрде ақпарат беруге тырыстық. Жалпы сюжет дегеніміз не, мотив, образдар жүйесі толықтай сипатталып, анықтама берілді. Жұмыстың өзектілігі мотивтерге жасалған салыстырмалы-типологиялық кесте. Кестеде Беовульф пен қазақ батырлық жырлары арнайы берілген 10 түрлі мотив түрлерімен салыстырылған. Салыстыру барысында әр мотивтің өзіндік ерекшелігі мен айырмашылығы, ұқсастықтары туралы мәліметтер арқылы айқындалған.

### **Жұмыстың мақсаты мен міндеттері.**

Осы мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер көзделді:

- Эпостың түрлері мен құрылымын анықтау;
- Ағылшын және қазақ эпостарының жалпы сипаттамасын айқындау;
- Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы анамастикалық атаулар табиғатын анықтау;
- Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы сюжеттік ерекшеліктеріне назар аудару;
- Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы мотивтік көрсеткіштерін зерттеп, саралау;
- Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы образдар жүйесін айқындау – бұл жұмыстың негізгі мақсаты.

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы.** Зерттеу жұмысының негізінде жасалған ағылшын және қазақ эпостарындағы ортақ сарындар анықталды. Ағылшын және қазақ эпостарына типологиялық зерттеу жасалды. Ағылшын және қазақ жырларына образдық және сюжеттік ерекшеліктер айқындалды. Екі елдің тарихи эпостық жырларындағы анамастикалық атаулар зерттеліп, айырмашылықтар мен ұқсастықтары анықталды.

**Жұмыстың теориялық маңыздылығы.** Зерттеу барысында Р.Бердібай, С.Қасқабасов, М. Ғабдуллин, М.П.Алексеев, В.Я.Пропп, William

J.Long, E.M.Мелитинский, Ш. Ыбыраев, А. Тойшанұлы, сынды ғалымдардың еңбектері бағыт-бағдар берді.

**Жұмыстың практикалық маңыздылығы.** Жоғары оқу орнының студенттеріне көне дәуір әдебиеті, шетел халықтарының әдебиеті пәндерінде, магистратура үшін Фольклортануға кіріспе пәндерінде қолдануға болады.

**Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер.** Жұмыста сипаттау, салыстырмалы-типология, кестемен жұмыс әдістері қолданылды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диплом жұмысы кіріспе, 2 тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Оқу үлгісін

# 1 ЭПОСТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Эпостың түрлері және құрылымы

Совет ғалымы А.К. Боровков Орта Азия мен Қазақстан халықтары эпосын: а) қыпшақ, ә) оғыз-түрікмен, б) қырғыз эпосы деп үшке бөледі де, оғыз эпосы ІХ-Х ғасырда, қыпшақ эпосы ХІҮ-ХҮ ғасырларда туған деп, қазақ эпосы кенже жырлар деген ойға шылбыр беріпті. Автор қазақ-қыпшақ эпосын ноғайлы дәуірінен бастаған. «Ноғайлы жырлары» дегеннің өзі қыпшақ эпосы еді. Бұл датаға (ХІҮ-ХҮ) сүйенер болсақ, қыпшақ (қазақ) эпосы Алтынорда хандарының эпосына айналар еді.

И.С.Брагинский эзербайжан, түрікмен, тәжік поэзиясындағы «Көрұғлы» жырлары феодализм құрылысының соңғы дәуірінде, орта ғасырда туған дейді. Бұл пікірге қарама-қарсы А.К. Боровков: «Көшпелі қоғам жағдайында туып өркендеген қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, түрікмен эпосы аз болсын, көп болсын ру-тайпа өмірі мен көшпелі салтты суреттейді», - деп эпос генезисін ертедегі ру-тайпалар, ұлыстар кезеңінен бастайды. Қазақ эпосының табиғатына бұл пікір сай келеді. Алтай, Сары Арқа жерін мекен тұтқан түркі тайпалары ертеде көшпелі өмірде болып, түрліше бірлестік құрып, көп заман өзінің бүтіндігін сақтаған еді. Оған бергі жердегі ноғайлы ұлысы ғана емес, сақ, массагет, ғұн, үйсін, Түрік қағанаты, қарахандар мен оғыз дәуірлерін де қосамыз. Солай бола тұрса да, кейбір ориенталистер қазақ эпосын «Манас», «Шаһнамадан» кенже туды деген. Дұрысына келер болсақ, «Манас» сюжетінің кейбір элементтері Түрік қағанаты дәуірін суреттесе де, жыр ХІХ-ХХ ғасырларда қайта жырланған еді.

Әрине, ХІХ ғасырлардағы тайпаларды тапсыз ру қоғамына ұқсата салудың реті жоқ. Тайпа арасында да, хан-жабығалар ортасында да меншік теңсіздігінен туған таптық жіктеулер, ақсүйек пен қара құмық, еркін бодан дейтін ұғымдар болған. Бірақ, Түрік қағанатында Қытай,Иран, Бабыл жеріндегідей құлдық құрылыс болған жоқ. Басында көшпелі елдер поэзиясы тайпалар ортасында туған. Оның басы – Түрік қағанаты дәуірі. Бір кездегідей, қазақ эпосын ХҮІІІ ғасырда туған деп, оны хадарға тели салудың ғылыми негізі болмаса керек. Олай болғанда, Жошы, Шыңғыс образдары не үшін эпостан орын алмаған?

Түркі тілдес халықтардың эпостық жырларын көне дәуірлерден бастау керек деген пікір 60-70 жылдары көбірек айтыла бастады. Қазақ эпосына келсек, ондағы сан-алуан образдар сақ, ғұн, үйсін,сәнби, жужан дәуірлеріне кетеді. Соларды айыра танудың ғылым үшін мәні жоқ емес. ҮІІІ-ХІҮ ғасырлар ғана емес, ХҮІІІ ғасырдағы жоңғар соғысы да бізде аз зерттелген.

Орта Азия, Алтай және Қазақстан тайпаларының эпостық мұрасына қарап отырсақ, онда ұқсастықтар аз емес. Кейінгі замандарда туған эпос сюжеттерінде ислам, тарих элементі үстем, олардың географиялық шеңбері де әр қилы. Мысалы, ноғайлы жырлары мен «Оғызнама», «Дотан батыр»

жырларындағы география бір емес. Мұндай география қазақтың кейінгі эпостық мұрасында жоқ.

Қазақ эпосына тарих элементі Түрік қағанаты кезінен бастап енген. Мысалы, «Дотан батыр» жыры жужан кезеңіне кетсе, «Алпамыс батыр», «Қорқыт ата кітабы», «Мұңлық-Зарлық» сюжеттері оғыз-қыпшақ ұлысы дәуірінен хабар береді. «Қорқыт ата кітабы» жырларында, бір жағынан, мифология басым болса, екінші жағынан, аталық қоғам салтының нығайғандығы көрініс тапқан [1, 49-б].

Эпос (грек. *epos* – сөз, баяндау, әңгіме, өлең) – 1) әдебиеттің бір саласы. Құрамына аңыз, ертегі, әңгіме, новелла, повесть, роман, эпик, поэма, эпопея жанрлары, сондай-ақ көркем очерктер кіреді. Эпостың басты ерекшелігі – өзі әңгімелеп отырған өмір құбылыстарын кең көлемде, эпик тұрғыдан қамтып, кейіпкер образын, көркем әдебиеттің алуан түрлі әдістерін мейлінше мол қамту арқылы суреттеу. Көбінесе шығарма жазылудан әлдеқашан бұрын болған оқиға туралы жазылатындықтан, эпоста баяндау тәсілі басым болып келеді. Эпостық шығармада суреттелетін оқиға оған тікелей куәгер болған адамның атынан баяндалады. Мұндай шығармалардың ерекшелігі оған бірігетін жанрлардың ішкі өзгешеліктерінен айқын көрінеді. Эпостық шығармалар халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Ең көне эпостық жанр – ертегі, ол барлық халықтың ауыз әдебиетінде бар. Ертегіде оқиға үнемі ертектің атымен баяндалады. Онда адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі (тұрмыс-салт ертегілері), қиялдан туған түрлі ғажайып оқиғалар (қиял-ғажайып ертегілер), адамдар мен жануарлар арасындағы жайттар (хайуанаттар туралы ертегілер), белгілі бір ертегілік кейіпкердің бастан кешкен қызғылықты оқиғалары (Алдар көсе, Қожанасыр әңгімелері) сөз болады.

Эпостық жанрдың ендігі бір түрі – аңыз әңгімелерде нақтылық, тарихилық сипат басым (Жиренше шешен, әз-Жәнібек туралы аңыз әңгімелер). Шағын көлемдегі эпостық жанрларға көркем очерк, новелла, әңгімелер жатады. Қазақ әдебиетінде көркем очерктер Ш. Уәлихановтың сапарнамалық очерктерінен басталады (мыс., «Жоңғария очерктері», «Ыстықкөл сапарының жазбалары», Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқановтардың көркем очерктері). Қазақ әдебиетіндегі новелла жанры кеңестік дәуірде дамыды (Ғ.Мүсіреповтің ана туралы новеллалары). Эпостық жанрдың шағын түріне жататын әңгіме жанрында қазақ қаламгерлері жемісті еңбек етті. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» (1921), «Қыр әңгімелері» (1925), «Қаралы сұлу» (1925) әңгімелері қазақ әдебиетіндегі бұл жанрды еуропалық биікке көтерді. Мүсірепов, Т.Әлімқұлов, т.б. бұл жанрда өндіре жазды. Эпостық орта көлемдегі түрі – повесть қазақ әдебиетінде шынайы көркемділікпен игерілді. Қазақ повестерінің классикалық үлгілері ретінде Әуезовтің «Қилы заман» (1928) және «Қараш-қараш» оқиғасы (1928) повестерін атауға болады. С.Сейфулиннің «Жер қазғандар» (1928) қазақ әдебиетіндегі өндіріс тақырыбына арналған тұңғыш повесть. Эпостық шығармалардың поэзиялық жанрына эпикалық поэмалар жатады. Абайдың «Ескендір», «Масғұт»

поэмалары эпикалық-философиялық поэманың классикалық үлгілері болса, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза», Мағауия Абайұлының «Медғат-Қасым», Әбдірахман Абайұлының «Дағыстаны» романтикалық сипаттағы эпикалық поэмалар қатарынан орын алады. С.Торайғыровтың «Кедей», «Адасқан өмір» поэмалары реалистік поэмалардың озық үлгілері. Кеңестік дәуірде Сейфуллин, І.Жансүгіров поэмалары бұл жанрды сапалық жаңа биікке көтерді. Эпостық шығарманың мол мүмкіндігін толық танытатын жанр – роман. Бұл жанрда жазылған С.Көбеевтің «Қалың малы» (1912) қазақ романдарының төл басы болып есептеледі. Кеңестік дәуірдегі алғашқы қазақ романдары қатарында 20- жылдары жазылған Ж.Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнікейдің күнәсі», Сейфуллиннің тарихи-мемуарлық «Тар жол, тайғақ кешу», Мұқановтың «Адасқандар», Жансүгіровтың «Жолдастар» романдарын атауға болады [2]

Қазіргі қазақ даласы тарихи жыл санау басталғанға дейін-ақ түрлі саяси, мәдени, әлеуметтік байланыстардың тоғысқан мекені болған. Бүгінгі қазақтың төл топырағында ежелден тамыр тартқан, әлемдік мифологиямен үндес сарындарды антикалық дәуірмен сабақтастыра зерделеудің де мезгілі жетті. Әрі осы кезге дейін қазақ фольклорындағы архаикалық сарындар түгел зерттелді деуге болмайды. Антикалық сарындар деп бөліп атау қарсылық тудырмауы керек. Осы кезге дейін архаикалық деген жалпы атаумен беріліп келді. Мифтердің бастауы сонау тарихи жыл санаудан бұрын басталғанда, халық ретінде о заманнан жалғасқан тіршілігі бар, бүгінгі күнде ұлт ретінде қалыптасқанына соншалықты көп уақыт өтпеген қазақтың фольклорында арнайы көңіл қойып, қарастыруды қажет ететін сарындар жоқ емес. Антикалық әдебиет грек-римдік мұралармен шектелмеуі керек, үндінің санскриттік эпостары да антикалық сипатта бағалануы қажет деген пікірді 1974 жылы жарық көрген еңбегінде П.А.Гринцер айтқан болатын. Шынында да, антика сөзінің мәні ежелгі деген ұғымды білдіреді, әйтсе де ежелгі деген сөз де, архаикалық деген сөз де жалпы түрде қабылданады. Ал, антикалық сарындар деп қарастырғанда тарихи жыл санауға дейін-ақ болған сарындарға ерекше мән беріледі, яғни өзіндік шекаралық танымның бар екені анық бола түседі. Шағын көлемдегі Эпостық жанрларға көркем очерк, новелла, әңгімелер жатады.

Эпостық жанрдың ең ескі және көлемді түрінің бірі - эпостық поэмалар немесе батырлар жыры. Бұларды жай поэмалардан бөліп, жекелеп көрсетудің негізгі себебі - авторы белгісіз, халықтық мұра болғандығында, олардың туу негізінде шындық болмыс жатса да, шығарушыларының ой-санасының әлі сәбилігімен байланысты қиял араласып отыратындығында. Ал басқа жағынан: өмір құбылысын объективтік қалыпта баяндауы, оқиғаны біртіндеп дамытуы т.б. жақтарынан кейін туған, авторы мәлім, поэмалардан еш айырмасы жоқ. (Әрине, тілдерінің ескішілдігін, композициясының қарапайымдығын еске алмағанда). Батырлық жырлары, жазу (хат) болмаған уақытта туып және ауызша айтылған. Бұларды шығарушылар халық ақындары болды. Халық ақындары әртүрлі тарихи оқиғаларды, сол оқиғаға



қатысып, тамаша ерлік жасаған халық батырларының ерліктерін, өз отанын қорғаудағы ерлік істерін суреттеген. Батырлық жырлары - ерлікті, жауына берілмейтін, елін қорғайтын батырлықты аңсаған халық мұңының көлеңкесі. Бұл батырлық жырларына қазақ әдебиетіндегі «Батырлар жырының» бұрынғы ауызбен айтылған түрлері мысал бола алады.

Бұл жырлардың қай-қайсысын алсаңыз да, сол кездегі өз жерін, өз отанын басқа елге бермеу деген мәселені қояды. Соның үшін күрескен ерлерді дәріптейді. Бұл сықылды батырлық жырлар, ескі уақытта грек елінде де, фин, орыс елдері тағы басқа елдерде де болған. Олар ауызша айтылып жүрген. Қазақтың батырлар жыры бірден-ақ бір бүтін ұзақ бола салған емес. Бұлар әуелде батырлардың әртүрлі оқиғаларда істеген ерліктері жөнінде жеке жырлардан құрастырылған. Мысал үшін ескі кезде айтылған «Алпамысты» алсақ, ол Алпамыстың екі түрлі оқиғадағы ерлігін жыр еткен екі бөлек жырдан тұрады (Гүлбаршынға үйленуі, Тайшық ханның еліне баруы). Бұлар әуелгі әзірде екі бөлек айтылып, кейін екі оқиға біріктірілген. Осы сияқты әрбір батырлардың әр кездегі ерліктері жөнінде шығарылған жырлар, бір батырдың не бір оқиғаның маңына жинастырылып, біріктіріліп жазылғаннан кейін, эпостық поэма атағын алады. Сөйтіп, халықтың ауызша творчествосының негізінде туған бір тапты не бүтін халықты қызықтырарлық мәні зор оқиғаны жыр еткен, өлеңмен жазылған ірі шығармалар эпостық поэма деп аталады. «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын» т.б. осы эпостық поэмаға жатады. Басқа жырлар да осылар тәрізді. Бұл поэмалардың қайсысын алсақ та, сол кездегі көшпелі мал шаруашылығымен тіршілік еткен елдерге қоныс мәселесінің үлкен мәні болғандықтан туғаны байқалады. Батырлық жырларының тақырып таңдауында да, композициясында да, оқиғаны баяндап беру әдістерінде де өзінің ерекшеліктері болды. Эпостық поэмаларда, бір тапқа не бүтін халыққа ең қызықты деген оқиғалар суреттеледі. Қатысушы адамдары үздік шыққан, өздерінің төтенше қасиеттері бар адамдар жорықтарда жеңе беретін, даңқты батырлар боп келеді. Олардың әртүрлі жортуылдары, эпостық поэмалардың жалпы қаһармандары сықылды, өте асырылып, әсірелеу түрінде суреттеледі; композициясында болсын, тілінде болсын, ауызша жыр творчествосының құрылыстарымен нық байланысты болады.

Поэманың және бір түрі - лиро-эпостық поэмалар. Бұлардың алдыңғылармен ұқсас жақтары да, өзіндік ерекшеліктері де бар. Лиро-эпостық поэмаларда эпостың элементі де болады. Әсіресе лирикалық жақтары басым келеді. Алған тақырыбы, қаһармандары да алдыңғыдан өзгеше. Батырлар жырында негізгі тақырып - патриоттық. Суреттейтіні, дәріптейтіні ерлік, батырлық болса, ал лирикалық жырда көбіне тақырыбы сүйіспендік, дәріптейтіні сүйу жолындағы қаһармандардың басынан өткізген қиыншылықтары болады. Мысалы, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш», «Айман-Шолпан» т.б. Бұлардың кейбір жерлері александрлық романға да дәл келіп қалады. Бұл поэмаларда ғашықтыққа жағдай, себептер эпостық жанрдың жолымен шешілсе де, қаһармандардың сүйіспендік жолындағы

қиыншылықтары олардың басында болған күйініш-сүйініштерін суреттеу арқылы ақын оған өзінің сол оқиғаға қалай қарайтынын да байқатады. Қатысушы қаһармандары - қарапайым адамдар. Басқалардан өзгешелігі сүйеге берілген, нәзік сезімді адамдар болып келеді.

Поэма - эпостық жанрдың бір түрі. Белгілі бір оқиғаны баяндайтын көркем шығарма. Поэма көбіне сюжетке құрылады. Адамдардың қарым-қатынастарын, тартыс-таластарын, күйініш-сүйініш, мінез-құлық, іс-әрекеттерін суреттейді. Халықтың эпостық поэмаларынан кейінгі жазба әдебиеттегі поэмалардың бір айырмасы - жоққа сенушіліктен арылуы, тұжырымды шындықты көрсетуі, кейде болған шындықтан гөрі, болуы мүмкін шындықты көрсетуі, кейде болған шындықтан гөрі, болуы мүмкін шындықты суреттеуге әдейі, саналы түрде баруы, қысқасы, мәдениетінің жоғарылығы деуге болады. Поэманың дәл анықтамасы әлі жоқ. Әркім әртүрлі анықтауларды ұсынады. Поэма - өлеңмен жазылған әңгіме. Айырмасы тек өлеңмен жазылуында ғана дегенді айтады. Кейбіреулер ұзақ өлең дейді. Жазба әдебиетте поэманың түрлері әр алуан. Кейде біз эпостық, лирикалық, драмалық поэмалар дер атаймыз. Бұл - поэмаларды жанры жағынан айқындау болып саналады. Поэмада қай жанрдың элементі басым, соған қарап ат беріп, айдар тағамыз. Шындығында, барлық поэма эпикалық сарында жазылады. Басқа жанрдың элементтері оны әшекейлеу, сымбаттау үшін енгізіледі. Эпостық поэмаларда әдемі қолданылған лирикалық, философиялық шегіністер оқырмандарға ой салып, сезімін толқытып, өзіне ертіп әкетсе, драмалық коллизиялар оқиғаның қызықтылығын күшейте түседі.

Поэманың ерекше бір түрі - сюжетсіз поэма. Мұндай поэмалар адамдардың араларындағы тартысты емес, сол тартыстардың нәтижесін ғана образбен көрсетеді. Бұл өте шеберлікті керек етеді. Егер адам күрестерінің нәтижесін қысқа тартымды, көркем түрде шеберлікпен бере алмаса, бір ойды қайталаулар көбейеді де, шығарма схематизмге айналады. Поэма, негізінде, сюжетке құрылады.

Эпостың әріден келе жатқан бір түрі - мысал. Мысал ескі Грецияда да болған. Бірақ мысалдың қайтадан дәуірлеген, кең түрде жайылған кезі XVII-XVIII ғасырларда болды. Мысал дегеніміз шағын ғана шығарма. Көбіне өлеңмен жазылады. Болмысты перделеу түрінде (екінші түрінде) сықақтап суреттейді. Автор өз көзқарасынша адамгершілікке үндейді, мысалдағы қатысушылар адамша сөйлей алатын, адамша күйініп, сүйінетін не айуан, не басқа нәрселер болады. Бірақ қатысушы адам да бола береді: Мысалдардың көпшілігінде-ақ не басында, не аяғында автор пернелеген нәрсенің негізгі мазмұны, автордың айтайын деген адамгершілік ойы болады. Мысал жазушының қайсысы болсын адамгершілікке үндейді. Өз кезіндегі әртүрлі оңбағандықтарды мінейді.

Роман - эпостық жанрдың ең жоғарғы түрі. Белинский: «Роман - біздің заманның эпопеясы», - деп атаған. Роман, эпостық жанрдың басқаларымен салыстырғанда, өмірді, оның әр алуан құбылыстарын, адамдардың

араларындағы қарым-қатынастарды кең қамтып, терең суреттейді. Шын мәніндегі роман - көркем сөздің биік шыңы. Ол дәрежеге жету үшін өмірді кеңінен қамтудың үстіне романда бірнеше сюжеттік линия, екінші сөзбен айтқанда, негізгі сюжеттік линияға қосымша сюжеттер, негізгі оқиғаға қатысушылардың іс-амалы мен образдарын толықтыра түсумен бірге және қатар дами отыруы керек. Әрине, шағын көлемді де роман бола береді. Бірақ оның өзінде де романға қойылған шарттар толық сақталынады. Романның өзіне тән ерекшеліктерінің бірі - қатысушы адамдарының саны көп болумен қатар, олардың әр алуан қарым-қатыстарда болуы және сол қатысушылардың өсу жолдарын, мінездерінің қалыптасуын, оның себебін мол қамтып, терең ашуда.

Қара сөзбен баяндалған, көлемі шағын ғана қысқа шығармалар новелла немесе ұсақ әңгіме деп аталады. Бірақ новелланы айқындайтын нәрсе оның тек қана көлемі емес. Көлемі шағын, қысқа ғана шығармалар ауызша творчестволарда да болады (мысалы, ертегі). Қиял араластырып баяндайтын көлемі шағын, легенда деп аталған әңгімелерді біз орта ғасырдағы феодал әдебиетінен де кездестіреміз.

Баяндау арқылы қара сөзбен жазылған көлемі орташа шығармалар ұзақ әңгіме (повесть) деп аталады. Романмен салыстырғанда, ұзақ әңгімеде эпизодтар аз және алған оқиғаларының көлемі де шағын болады.

Эпостық шығарманың және бір қысқаша түрі - сатиралық ертегі. Сатиралық ертегілерде қоғамдық қатынас фантастикалық түрде баяндалып, мысқылмен суреттеледі [2, 113-128-б].

## **1.2 Ағылшын және қазақ эпостарының жалпы сипаттамасы**

Қазақ фольклорының тарихи сипаты басым көркем де құнды саласы – эпостық жырлар. Эпос деп оқиғасы ел, халық өмірінен алынған, образдары ірі әрі кемелді түрде жасалып, батырлық немесе ғашықтық сюжетке құрылған үлкен-үлкен эпикалық жыр-дастандарды айтамыз. Қазақ эпосы бірде ерлікті, батырлықты дәріптеп ел қорғау, отаншылдық сарынға құрылса, бірде феодалдық қоғамдағы әйел теңсіздігін арқау етіп, махаббат тақырыбына негізделеді. Енді бірде өмірде болған нақты тарихи оқиғаларды жырлайды. («Бекет», «Досан батыр»).

Эпостық жырлар барлық елдерде болған. Ежелгі гректердің «Илиада», «Одиссея» сияқты көлемді дастандарының эпопеялық сипаты басым болса, ондай сюжеттер қырғыз («Манас»), қазақ халықтарында да жоқ емес («Қорқыт ата кітабы»). Оларды гректер «эпос» десе, қазақтар «жыр», қырғыздар «ыр» деп атаған.

Совет дәуірінде Орта Азия және Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпалардың бай эпостық мұрасы жан-жақты зерттеле бастады. Оған, В.В. Бартольд, В.М. Жирмунский, В.М. Чичеров, А.К. Боровков, Л.И. Климович, И.С. Брагинский, Е.Э. Бертельс, Х.Т. Зарифов, М. Тахмасиб, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев сияқты көптеген көрнекті

фольклористер атсалысты. Бұл зерттеушілер әсіресе 40-50-жылдары жемісті еңбек етті. Өйткені дәл осы кезеңде Орта Азия фольклористикасында эпос халық творчествосы емес, ақсүйектер, яғни феодалдар ортасының туындысы, сол себепті феодализм кезеңі «эпостың алтын заманы» болды дейтін қисын бел алды. Бұл теріс бағыттың қазақ ғалымдарының арасынан да көрініс тауып келгені баршамызға мәлім. Эпостың көркемдігі, тарихилығы, стадиялылығы деген мәселелерді айтпағанда, біздің кейбір зерттеушілеріміз батырлар күресін халықаралық шеңберге қоямыз ба, әлде тап күресіне негіздейміз бе деген проблеманы да жетік түсіне алмады. Сыртқы күресті айтпағанда, қазақ батырлары өз тайпасының мүддесі үшін емес, үлкен империялық мемлекеттер арасындағы қақтығыстарға, мысалы, Алтынордаға қызмет көрсеткендей болды. Расында әрбір батыр ең алдымен хандарға қарсы күрессе керек. Сол үшін батырлар күресі көп жайда империялар арасы емес, тайпа мен тайпа, ел мен ел арасында көрінеді. Олар өз елінің бүтіндігі үшін сыртқы жаулармен де, өзара да таласып-тартысып жүрген. Мұндай жағдайларда батырлар бір ғана әлеуметтік топ мүддесінде қала алмайды. Осыны түсінген тарихшы М.П. Вяткин ХҮІІІ ғасырда «батыр» сөзі әлеуметтік емес, тұрмыстық атау болды деген еді [3,39-б].

Кейбір қазақ фольклористері батырларға бір ғана әлеуметтік баға қойып, Алпамыс – бай, Қамбар – кедей деп, олардың күресін таптық арнамен өлшеді. олар "феодалдық", "феодалдық қоғамға дейін" немесе "таптық", «тапсыз» дейтін схемалық терминдер қолданды. Көшпелі елдер тарихын бұлайша жеңіл формулаға айналдырудың бергені шамалы. Мұндай бағыттағы зерттеушілер феодалдық қоғамда халық пен шаруа бар екенін көріну белгісі келмеді. Таптық-феодалдық қоғамнан тайпа, номаддық орта, шаруа, халық ұғымдарын шығарып тастасақ, рухани мәдениет таптық санада туып дамиды деген В.И. Ленин сөзін ескермегендік болар еді. Біздің бір кездері догматиктеріміз тауып алған «бірыңғай жүйе» қисынының теориялық бойсыздығы осында болатын. Ғылым үшін бұл схеманың бергіні аз. Өйткені күрестің өзі сыртқы жауларға тойтарыс беру, ел мүддесін қорғау желісінде болған. Мысалы, Жоңғар басқыншылығы кезінде қазақ батырлары Абылай үшін емес, жалпы елдің бүтіндігі, тәуелсіздігі үшін шайқасқа түсті. Мұны эпосқа тән коллективизмнің ерекше бір сипаты дейміз.

Енді біреулер эпос оқиганың ізімен туады десті. Олар тәжік, өзбек эпосын ҮІІІ ғасырдың өзінде, араб басқыншылары келген кезеңде туған дейді. Асылы эпос оқиганың ыстық ізімен емес, көбіне сол оқиганың ізі суып, екінші бір таусыншық күн туған кезде туады. ХҮІІІ ғасырда жоңғар соғысы басталғанда, қазақ жыраулары бұрын-соңғы оқиғаларды жалғап, ескі сюжеттерді жаңа арнада жырлай бастайды. Ноғайлы эпосы да осы кезеңде жырланса керек. Өйткені онда тарих элементі қаншама басым десек те, оқиғалары бұлдыр. Қараман, Қазан образдары Х ғасырдағы оғыз ұлысының ыдырау кезеңінен алынғаню сол үшін эпос сюжетіндегі мазмұн мен оның жырлану кезеңін бір деп ұғуға болмайды. Айтушылар сол жырларға қандай көзқарас, наным тұрғысынан келді деген мәселенің жайы да солай.

Қазақ эпосы елдің тілдік, халықтық тұтастығы орныққан дәуірлерде туған. Оның басы ноғайлы дәуірі (ХҮ – ХҮІ), аяғы ХҮІІІ ғасырдағы қазақ хандықтары болды деген анықтаманың негізі жоқ емес. Алайда «халық», «феодал» сияқты таптық жіктелу ең алдымен феодализм кезеңінде туған болса, тарих иесі, эпостың шын жаратушысы – тайпалар ішінде жүрген қалың шаруаларды есептеп шығарып тастауғанегіз жоқ. Қай кезде болмасын, барлық тірлік, даму тенденциялары, алдымен, тайпа, ұлысқа ұйысқан хандардан тәуелсіз болғысы келген, өздерінің еркіндігі үшін сан заман қырда Қытай мен монғол, ойда Иран мен араб империясымен күрескен тайпалар ортасында болған. Сол үшін қазақ эпосының басы тайпалық бодан, шаруалар ортасында, көбіне антифеодалдық мазмұнда туған дейміз.

Ноғайлы эпосында реалдық тарих басым. Онда ноғайлы мырзалары мен батырлары бірде ұнамды, бірде ұнамсыз бейнеде суреттелген. Осының өзінде тек таласында жүргендерді сынау, кейбіреулерін марапаттау, белгілі түрде тенденция қолдану болды. А.К. Боровков айтқандай, тайпа-халық тенденциясы мен хан-мырзалар арасындағы «идеялық» күрес бірдей емес. Осы екі арна табиғаты мен ноғайлы эпосы тайпалық емес, шежірелік белгісі басым ұлыс жырлары болды.

Эпосы айтушылары ертегіге оғыз-қыпшақ заманында туған батырлардың генеологиясын бермейды. Көрұғлыдан бастап, Қазан, бозұғлан, Алпамыс, Қобыланды ұрпақсыз, ал Мұрын жырау ноғайлы батырларының ұрпақтарын бүгінге дейін алып келеді (Аңшыбай, Қарадөң, Асан ұрпақтары). Оның себебі айтушылар ескі заман сюжеттерін ұмытып қалған. Бұл қазақ эпосы кенже туған дейтін теріс қисынға шылбыр береді.

Әрине, бұдан келіп, ноғайлы жырларында халықтық мазмұн жоқ деуге болмайды. Ноғайлы жырларында біз көбінесе Батыс Қазақстан тұрғындарының арасында туып, сақталған Мұса, Мамай, Орақ, Қарасай, Қазан, Мұрын жырау сюжеттерін жатқызар болсақ, соларды тек ноғайлы мырзаларының сарайында туды деу қиын. Олардың бәрін де жеке тайпалардан шыққан ақындар жырлаған, Әркімде халықтың берген эпостық бағасы бар. Оның үстіне ноғайлы эпосы өз кезінде бүкіл қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ елдерінің фольклорына өткен. Сыпыра жырау, Шалғез, Доспамбеттер бұған бас болды. Айтушы халық-тайпалардан шыққан болса, ноғайлы эпосын өзінің бар қайшылығымен зерттеу қажет. Өйткені, ноғайлы дәуірі Орта Азия мен Қазақстан тайпаларының жеке-жеке ел болу тарихынан, олардың рухани мәдениетінен үлкен орын алады. Бұдан келіп, қазақ, өзбек, қырғыз эпосын түгелдей ноғайлы дәуіріне телу керек деген ұғым тумаса керек. Алпамыс, Қобыланды, Қамбар, Қозы Көрпеш жайындағы жырлар одан көп заман бұрын, ағыз-қыпшақ ұлысы кезінен туған еді [1, 54-59-б].

Батырлар жыры – яғни, қаһармандық эпос халық поэзиясының ертеден келе жатқан көлемді де көрнекті жанрларының бірі. Оның сюжеті күрделі оқиғаларға, шиеленіскен тартысқа құрылатындықтан және қалың бұқараның көкейкесті мақсат-мүддесін, ой-қиялын бейнелейтіндіктен, тыңдаушыны

баурап, әсерге бөлейді. Сондықтан да ол қалың бұқараға кеңінен тарайды, ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ұзақ уақыт сақталады.

Әрине, қайсы жырды болса да әуелі бір ақын шығарады. Кейін оны жаттап айтушылар өз тарапынан өңдеп, жетілдіріп отырады. Ғасырлар бойы ауызша «өмір сүргендіктен», авторы ұмытылып, халықтық шығарма болып кетеді. Жырды айтушы-орындаушылар оны өз дәуірінің қоғамдық, таптық идеясымен байытады. Сол арқылы халықтың әлеуметтік сана сезімін, өмірге көзқарасын білдіреді.

Сыртқы жаулардан қорғанып, тыныштықта тіршілік ету ел-жұрттың ежелгі арманы десек, бұл әсіресе бұрынғы жаугершілік замандарда оңай болмаған. Осындай жағдайда халық ел қорғайтын хас батырларды аңсаған, олардың қаһармандық істерін мадақтап жырға қосқан. Алғашқыда батырдың бір ерлігі ғана айтылса, кейін басқа да жорықтары жалғасып, оқиға тізбегі өрбітілген. Өмір шындығының елесі халықтың қиялынан туған ғажайып қимыл-әрекеттермен араласып, тұтас сюжет желісін құраған. Сөйтіп, эпикалық жыр-дастан пайда болған.

Демек, батырлар жыры белгілі бір оқиғаның, уақыттың көрінісі емес, халықтың басынан кешкен сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігінің, қоғамдық, әлеуметтік өмірінің бейнесі. Мұнда халықтық философия, бұқаралық идея бар. Бұл – отаншылдық, патриоттық, азаттық идеясы.

Қазақтың халық поэзиясында эпикалық жырлардың жалпы саны үш жүзге жуық. Осыншама мол мұраның бұрынды-соңды жарық көргені қырыққа да жетпейді. Әрине, жалпы эпикалық жырлардың батырлық, ғашықтық және тарихи болып бөлінетіні мәлім. Солардың ішінде көнесі де, көбі де, көлемдісі де батырлар жыры.

Қазақ эпосының інжу-маржаны саналатын, ең көне жыр – «Алпамыс батыр». Зерттеушілер оны Түрік қағанаты дәуірінде (ҮІІ-ҮІІІ ғасыр) пайда болып, тараған жыр деп есептейді. Содан бері қанатын кең жайып, қазақ, өзбек, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтарында және алтайлықтарда осы уақытқа дейін сақталған. Ғасырлар бойы әр халық өзінше жырлап, өңдегендіктен, сюжетінде өзгерістер пайда болып, сол халықтың өзіне тән төл туындысы болып кеткен. Олардың ішінде қазақ нұсқасының композициялық түзілісі мынадай: Алдымен Байбөрі бай мен Аналық бәйбішенің баласыздық зарынан әулие кезіп, азап шегуі, ақырында тілегі қабыл болып, Алпамыстың, сосын Қарлығаштың дүниеге келуі айтылады. Осыдан кейін Алпамыстың қалыңдығы Гүлбаршынды іздеп барып қалмақтың ханы Қараманмен шайқасы, оны жеңіп, қайын атасы Сарыбайды сол елге хан көтеріп, Гүлбаршынды алып қайтуы сөз болады. Бірақ Алпамыс тыныш тіршілік ете алмайды. Өзі жоқта елін шауып, әкесінің жылқыларын айдап әкеткен Тайшық ханға қарсы жорыққа аттанады. Мыстан кемпірдің алдауына түсіп, жеті жыл зынданда жатады. Кейқуат қойшы мен Қаракөзайымның көмегінің арқасында зынданнан шығып жаудан өшін алады да, Тайшықтың орнына Кейқуатты хан сайлап кетеді. Батыр тағы да күтпеген оқиғаға тап болады. Әке-шешесіне, жұбайы Гүлбаршынға, баласы Жәдігерге,

қарындасы Қарлығашқа Ұлтанның көрсеткен қорлығының үстінен шығады. Залымның көзін жойып, ел-жұртын азаптан құтқарады. Сөйтіп, жыр Алпамыстың тағдырын: «Ерлікпен жетті мұратқа, еңбектің болып баяны» деп түйеді.

Осының өзінен жырдағы кейіпкерлердің қарама-қарсы екі топқа бөлінетінін аңғаруға болады. Бірі – адалдықты, әділдікті, тыныштықты жақтайтын ұнамды кейіпкерлер, екіншісі – ел тонаушы, зорлықшыл, қаскөй, арамза жауыздар тобы. Әрине, жырдағы басты тұлға – Алпамыс. Ол – елдің тыныштығын, бірлігін сақтау, жаудың шапқыншылығына, зорлық-зомбылығына жол бермеу идеясынан туған образ. Ондай мақсатқа жету үшін әрі батыр, әрі ақылды ер керек, Алпамыс «Батыр туса – ел ырысы» дегендей, нағыз халықтың бағына туған ұл болады. Батыр елге қиянат жасаған хандарды жеңіп қана қоймай, оларды орнына адал, әділетті адамдарды қояды. Бұл, Алпамыстың қайратты батыр болумен қатар, парасатты ақыл иесі екенін көрсетеді. Батырдың тағы бір қасиеті – достыққа адалдық. Ол Қаражан мен Кейқуаттың достығын жоғары бағалап, олар үшін жан аямайды, қиындықтан құтқарып үлкен дәрежеге жеткізеді. Сонымен бірге батырдың әдіс-айлалы, өнерлі екені де көрінеді. Зынданда жатып серкенің мүйізі мен қабырға сүйегінен сырнай жасауы, зынданнан қалай шығуының жолын айтып беруі – осының айғағы. Халық ұғымында батыр кісіге сенгіш ақ көңіл, аңғал келеді. «Батыр – аңғырт, бай – салғырт». Алпамыс та сондай. Оның мыстан кемпірге алдануы батырлық образ толықтыра түседі [4, 8-б].

Алпамыстан кейінгі ұнамды кейіпкер – Гүлбаршын. Оқиғаның біразы осы Гүлбаршынға байланысты баяндалады. Ол сұлулығымен қатар ақылды, сабырлы, әдіс-айлалы, достыққа, махаббатқа адал ару бейнесінде суреттеледі. Сондай-ақ Қаражан мен Кейқуат, Қаракөзайым да мінез-қылық, іс-әрекеттерімен сүйкімді жастың кейіпінде танылады.

Ел тонаушы хандар Қараман мен Тайшық, опасыз Мыстан кемпір мен Ұлтан жауыздық пен зұлымдықтың кесапатын бойына жиған жағымсыз бейнелер. Олардың халыққа, Алпамысқа жасаған қиянаттары адам шошырлық. Бірақ қанша қиян-кескі ұрыс салып немесе оспадар озбырлық, екі жүзді айла-шарғы істегенімен, мақсатына жетпейді. Алпамыстан жеңіліп, жазасын алады. Арамдықтан адалдықтың, зұлымдықтан махаббаттың мерейі үстем болады. Бұдан біз жыр кейіпкерлерінің бедерлі бейнелері сомдала түскенін көреміз. Осы жырдың негізінде қазақтың халық поэзиясында адам образын жасаудың алғашқы үлгісі батырлар жырында жасалғанына тағы да көз жеткіземіз.

Жырды ел аузынан жазып алып, тұңғыш рет «Қисса-и Алпамыс» деген атпен 1899 жылы Қазанда бастырып шығарған Жүсіпбек Шайқысламұлы (1857-1936). Содан екі жыл кейін оның басқа бір нұсқасын Әбубәкір Диваев (1856-1933) жариялады («Бұрынғы өткен заманда Жиделібайсын деген жерде өткен Алпамыс батырдың хикаясы», Ташкент, 1901 ж.).

Сәкен Сейфуллин осы екі нұсқаны біріктіріп, 1931 жылы қайта бастырды. Сәбит Мұқанов оны өңдеп, 1939 жылы «Батырлар» жинағына

енгізді. Бұдан кейін жыршы Аққожаев Сұлтанбектен (1876-1965) жазып алынған нұсқа 1961 жылы жарияланды.

«Қобыланды батыр» жырының да бізге мәлім нұсқасы он бестен асады. Алғаш рет атақты Марабай жырау Құлбайұлының (1841-1898) айтуынан жазып алып, үзіндісін «Тайбурылдың шабысы» деген атпен өзінің 1879 жылы Орынборда басылған «Киргизская хрестоматия» жинағына енгізген қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсарин болатын. Одан кейін жырдың үзінділері әр түрлі басылымдарда жарияланды. Осы Марабай нұсқасының толық түрін Ә.Диваев 1922 жылы Ташкентте бастырды. Бұдан бұрын 1914 жылы Орынборда Біржан Толымбайұлы деген жыршының орындауынан жазылған бір нұсқа жеке кітап болып шыққан. Кейін басқа ақындардың жырлағандары да жарияланып жүр. Бұл жинақтағы Марабай – Мергенбай (1831-1911) нұсқасы.

Жырда көне заманның көріністері, ертегілік, мифтік ұғымдар кездеседі. Бұл оның алғашқы жырлануы әріден басталатынын аңғартады. Қара қыпшақ Қобыландының Қызылбас елінің шапқыншы ханы Қазанға қарсы жорығының суреттелуі жыр желісінің тарихи оқиғаларға сабақтас екеніне дәлел. XIII ғасырда моңғол шапқыншылары Иран, Ирак және Кавказ жерін басып алып, Хулағу мемлекетін құрған. Оның хандарының бірі Ғазан (жырда айтылатын Қазан) қыпшақ (қазақ) еліне жиі шабуыл жасап тұрған. Олар қым-қуыт шайқас кезінде өз кісілерін тану үшін қызыл бөрік киетін болған. Содан «қызылбас» атанып кеткен. Әрине, қандай жыр болса да уақыт өткен сайын, кейінгі оқиғалар жамалып, қомақтана береді. «Қобыланды батырда» суреттелетін қазақ елінің кейінгі дәуірде қақтығысқан жаулары – қалмақ басқыншыларына, Көбікті ханға қарсы жорықтар, қият-ноғай мекені Қара қала, Сырлы қаланы жау қолынан босату осындай уақыт іздерін танытады.

Мұнда да Байбөрі сияқты «Сексенге жасы келгенде бір бала көрмей Тоқтарбай қайғыменен қан жұтып, ақылынан адасқан». Ақыры «Әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып» жүріп, тілегі қабыл болады. Бәйбішесі Аналық бір ұл, бір қызды болады. Қыздың аты – Қарлығаш, Қобыландыға қарындас. Бала жігіттің батыр атануы өзіне лайық қалыңдық іздеуден басталады. Оқиғаның бұлай басталуы қазақтың батырлар жырында ғана емес, өзге халықтардың да қаһармандық эпосында жиі кездесетін құбылыс. Өйткені, батырға тең қалыңдық оңай олжа болмайды. Ол алыста әрі жаудың қолында. Батыр болар жігіттің күшіне сеніп, бағын сынар алғашқы адымы осыған байланысты. Қобыланды Көклан мен Құртқаның қойған шарттарының бәрінен де сүрінбей өтеді. Өзінің ер жетіп, есейгенін, алғыр батырлығын танытқан Қобыланды енді қара басы емес, халық қамы үшін күресуге әзір екенін білдіреді. Ол еліне шабуылға шыққан жауды өз жерінде талқандау үшін қарсы аттанады. Қобыланды қызылбастардан қара дауыл Қазанды, күшіне сенген Көбіктіні, оның жиені Шошайды, қалмақтардан айлалы Алшағырды да жеңеді. Жау осал емес, жеңіс оңайға түспейді. Қызылбас пен қалмақтың хандары қаншалықты күшті болғанмен, күйрей жеңіледі. Себебі Қобыланды әділетті іс үшін – өз елін, Отанын қорғау үшін, ал хандар мен



олардың жер қайысқан қалың қолы бейбіт жатқан елді жаулап алу үшін күреседі. Жырда Қобыландының жеңісі арқылы әділетсіздіктің әлсіздігі, басқыншының басы алынатыны, сол арқылы халық қаһарының жойқын күші бейнеленген.

Қобыландымен шайқасатын жау адамдарының сыртқы пішіні де жан түршігерлік. Қазанмен жекпе-жекте «қанжар қалды қайысып, семсер қалды майысып» десе, Алшағырдың «Қолындағы найзасы, қара тасқа тигенде, қарыс сүйем бойлаған» деп суреттеледі. Осындай қатерлі де қайратты дұшпандарды жеңу Қобыландының теңдесі жоқ батырлығын дәлелдей түседі.

Батырдың образын күшейтетін тағы бір кейіпкер – Қараман. Ол Қобыландыға болысқан болып жүреді. Бірақ ол көрсеқызар, олжа құмар, мейлінше қорқақ. Жырда оның қылықтары мазақ, күлкі етіледі. Қараманның жасықтығы мен пасықтығы Қобыландының ерлігі мен адалдығына қарама-қарсы алынған. Мұндағы ғибрат – қорқақ достан қайран жоқ, «жаман жолдас жауға алдырады» деген халықтық қағиданы ұғындыру.

Қазақ халқының әйелдерді кемсітпей, ерлермен қатар бағалайтыны батырлар жырында да көрінеді. Соның бір мысалы – Құртқа бейнесі. Ол батырдың көмекшісі, ақылшысы, адал досы. Құртқа болмаса, Қобыландының жеңіске жетуі екіталай. Ол батырға қысылғанда «ақылмен ойлап жол табады», болашақты болжап айтады. Жеке басының мүддесінен халық қамын артық санап, Қобыландыны игі іске бағыттап отырады. Оны түсінген батырдың өзі де «Ақылы артық Құртқажан хан болуға лайық», - деп бағалайды. «Ер қанаты – ат» десек, Қобыландының тағдырында Тайбурылдың рөлі аз емес. Сол тұлпарды өсірген де Құртқа. Жырдағы ұнамды әйел бейнесінің бірі – Қарлыға. Ол махаббат бостандығы үшін күрескен және бұл жолда мақсатына жеткен өжет қыз. Қарлыға бейнесі қыздың да ойлаған арманына жету үшін айламен де, найзамен де күресе алатындығын, алған бетінен қайтпайтын қайсарлығын, сертке беріктігін көрсетуімен тартымды шыққан.

Қайсы елдің батырлар жырында да арғымақ атқа ерекше мән беріледі. Ол болдырмас жүйрік, зорықпас күшті болумен бірге батырға жаны ашып, ақыл айтатын кеңесші кейпінде суреттеледі. Осындай аттың бірі – Тайбурыл. Оның шабысын әсірелеп суреттеу халықтың «қырық күншілік жерге бір күнде жетуді» армандаған қиялынан туса керек. Тегі, алысты жақын ететін және «тілге түсінетін» көліксіз батыр да дәрменсіз болар еді. Тайбурылдың тұяғы «көлденең жатқан көк тасты саз балшықтай илеуі» немесе «бір төбенің тозаңын бір төбеге қосуы» халықтың жауға деген қатулы екпінін де бейнелеп тұрғандай. Тайбурылдың үстінде жырды тыңдаушының өзі де құйындатыпбара жатқандай әсер алады. Жырдың оқиғасы да сол. Тайбурылдың шабысындай үдей дамып, Қобыландының дүниеге келуінен бастап, ерлік эстафетасын баласы Киікбайға табыс еткен шағына дейінгі шынайы қаһармандық өмір жолын тізбектеп толассыз баяндайды.

Батырлар жырының ішінде бәрінен бұрын хатқа түсіп, жарық көргені – «Ер Тарғын». Оны Қазан университетінің профессоры, миссионер ағартушы Н. И. Ильминский (1822-1892) жоғарыда аталған Марабай жыраудан 1859 жылы жазып алып, 1862 жылы жариялады. Сан рет басылып, оқулықтарға еніп жүрген де осы нұсқа. Мұнда басқа жырлардағыдай ата-ананың бала зарын тартуы, қартайғанда перзент көруі, болашақ батырдың тез ер жетіп өсуі, қалыңдық іздеп жолға шығуы баяндалып жатпайды. Жыр Тарғынның торғауыттардың қамалын алуда ерен ерлік көрсетіп, көзге түсуінен басталады. Бір ерекшелігі – Тарғын мұнда өз елінің емес, туыстас көрші Ақшахан елінің намысын қорғайды. Кейіннен ханның қызы Ақжүністі алып қашып, Еділ бойындағы ноғайлыға барады. Сөйтіп, бұл елдің де жауына (қалмақтарға) қарсы аттанып, кегін қайтарады. Бұдан ел қорғау идеясымен қатар халықтар достығының да нышаны байқалады. Тарғын жеке бастың қамын ойламайды, ел мүддесін жоқтайды. «Аттанбадым олжа үшін, аттанғаным кәпірге, ата-бабам ежелден, ескі кегі бар үшін», - дейді ол. Тарғынның қалың жауды бір өзінің жеңуі, қалмақтың жойқын батыры Домбауылмен он бір күн алысып, ақырында оны да жер жастандыруы халық мүддесін қорғаған қаһарманның қашан да жеңіске жететінін көрсетеді. Ел қамын жеген ерге оқ та дарымайды, ол «отқа жанбайды, суға батпайды». Халық «Ел үшін туған батыр, ерегісте мыңға татыр» деп, Тарғындай ерді айтса керек. Тарғын бейнесі – осындай халықтық ұғымның көрінісі.

Жырдағы жағымды образдың бірі – Ақжүніс. Ол ханның қызы болса да қарадан шыққан «қашқын» жігітті сүйеді. Оның ерлігін, адамгершілігін өзгеден бұрын бағалайды. Ата-анасының еркінен тыс Ер Тарғынға ілесіп, елінен қашып шығады. Кейін оған адал жар, ақылшы дос, сенімді серік болады. Жазатайым Қарт Қожақтың қолына түскенде де, ақылмен айла тауып, одан құтылады. Басқа қыздардай үйде отырып қалмай, батыр қайда жүрсе де қасында болып, рның намысын қорғап, абыройын көтеруге күш салады.

Ноғайлының аға батыры Қарт Қожақ Ақшаханның әмірі бойынша Ақжүністі Тарғыннан тартып алуға тиіс болып, оның сәті түссе де Ақжүністің сөзіне тоқтап, екі жастың адал махаббатына аянып білдіріп, оларға ақ батасын береді. Сөзге шорқақ, аңғал мінезді батырдың кейбір кейбір қылықтары күлкілі болғанымен, оның ақ көңіл адалдығы сүйсіндіреді. Бұл қаһармандық эпоста ешкімге ұқсамайтын өзгеше батырдың ұнамды бейнесі.

Тарғынның Тарлан аты өзге жырлардағы сияқты батырдың сүйген жары баққан тұлпар емес. Оны өсірген Тарғынның өзі. Ол батырдың қолғанаты, серігі, қамқоршысы, сырлас досы. Тарланның ғажайып тұрпаты Тарғынның «От орнындай тұяқтым» деп басталатын арнау сөзімен келісті суреттеледі. Әрине, бұл жырда да дұшпандардың жексұрын бейнесі бар. Солардың ішінде Ханзада айрықша көзге түседі. Оның халыққа көрсеткен қорлығы, залымдығы өз алдына, екі жүзді арсыздығы шектен асқан және айлакер алаяқ – қанаушы тап өкілдерінің жиынтық бейнесі деуге болады. Ол Тарғынды да

алдап, өз мақсатына пайдаланып, белінен мертігіп жатқанда, қол ұшын бермей тастап кетеді. Омыртқасы орнына түсіп, хан ордасына қайтып келгенде, Ханзада кешірім сұрап, айыбына қызын бермек болып Тарғынды тағы да жауына қарсы жұмсайды. Батыр ханның намысы үшін емес, елдің тыныштығы үшін басқыншы жаумен шайқасады. Ханзада бұл жолы да сертінен тайып: «Сен ақ сүйек тұқымы емес, қарадан туғансың», - деп Тарғынды кемітіп, мазақ етеді. Сөйтіп, екеуінің арасындағы таптық қайшылық, әлеуметтік теңсіздік жігі ашыла түседі. Ханнан біржола күдер үзген Тарғын қатты ашуланып, еліне кетпек болады. Одан қауіптенген хан және оның сыбайластары батырмен татуласудың амалын іздейді. Осы жерде жасы жүзден асқан атақты Сыпыра жырау көмекке келеді. Ханзаданың өтінішімен Тарғынға тоқтау айтады. Қазақ фольклоры мен көне әдебиетінде ақын-жыраулар қашан да елдің тыныштығын жақтаушы, ақылшы, бітімші рөлінде көрінетіні белгілі. Мұнда да Сыпыра жырау екі жаққа бірдей аталық сөзін айтады. Аталы сөзге тоқтап, райынан қайтса да, Тарғын ханның қасында қалмайды. «Иірімі жоқ суларға иірілген шабақ не табар? Қайырымы жоқ сұлтанға ерген нөкер не табар?» - дейді ол. Бұл сөз Тарғынның да, халықтың да хандарға берген бағасындай естіледі [4, 12-16-б].

«Қамбар батыр» жырының баспа жүзін көргеніне бір ғасырдай уақыт болып қалды. Оны Ш.Хұсайынов деген кісі (Қазан, 1888 ж.) бастырған болатын. Басқа нұсқаларын ағайынды Кәримовтар (Қазан, 1903), Ә.Диваев (Ташкент, 1922) жариялады. Бәрінің де мазмұны бір-бірінен алшақ кетпейді. Қамбардың басқа батырлардан ерекшелігі – кедей шаруадан шыққан жігіт. Қалыңдық іздеп аттанбайды, жау қайда деп шаппайды. Адал еңбегімен күн көреді. «Алпыс үйлі арғынды, тоқсан үйлі тобырды», яғни, ауыл-аймағын аң аулап асырайды. Алайда ол айлалы аңшы ғана емес, алып күшті батыр. Азулы жыртқыш аңдарды, оның ішінде «аң патшасы» асқан қайрат иесі жолбарысты да құйрығынан ұстап лақтырады. Осынша күшті ол соғысқа емес, еңбекке жұмсайды. Өзіне байдың қызы Назым ғашық болып, сөз салғанда, «Осыған көңілім бөлініп, ұмытып кетсем жұртымды, құдайдың мені ұрғаны», - деп түйеді. Сөйтіп, ол халық қамын өз мүддесінен жоғары қояды. Назымға: «Қатарыңа қарасаң, мен емес таңдап тиерің», - деп, өзінің оған әлеуметтік, таптық жағынан тең еместігін ескертеді. «Уәде қылсам сенімен, бір жаман келіп малы көп, алып кетсе, айырылып, абыройым ашылар». Қамбар өзге батырлардай қызды алып қашпайды. Бұл, әрине, оны сүймегендіктен емес, өзіне арқа сүйеп, қолына қарап отырған кедей ауылдың алдындағы азаматтық, перзенттік борышын түсінгендіктен.

Ел шетіне жау тигенде, Қамбар тағы да халық үшін қаһармандық іске аттанады: «Жұрт үшін белді буайын, асырып белден қуайын, халқымыз қапа болмасын». Бірақ ол бірден жауға найза салмайды. Қалмақ ханын мәмілеге шақырады: «Сіз бенен біз жауласып, жаманның ісін қылмайық, қалана қайт, Қараман». Қан төгуге қарсы болған Қамбардың парасатты ұсынысын Қараман қабыл алмайды. Екеуі жекпе-жекке шығады. Қамбар жауын жеңіп, елін қорғап қалады. Оның батырлығын жау мойындағанымен, өз елінің

шонжар байы Әзімбай және оның балалары мойындағысы келмейді. Сонда Әзімбайдың кенжесі Алшыораз ағаларына былай дейді: «Сүйенбе малдың көбіне... екіталай іс болып, ат құлағы теңессе, паналарсың тығылып, осының етек-жеңіне». Демек, Қамбардың елді асыраушы да, қорғаушы да екені жырда дәлелді суреттеледі.

Басқа жырларға қарағанда мұнда кедей мен байдың ара жігін ажырататын оқиғалар, әрекеттер айқын көзге түседі. Назымның әкесі Әзімбай да, оның Қабыршақ, Қарымсақ, Дараз, Қораз секілді балалары да Қамбарды «сіңірі» шыққан кедей» деп кемсітеді. Жырда бұлардың даңғойлығы, кешелігі келемеж етілген. Оларға Әзімбайдың қызы Назым мен кенже ұлы Алшыораздың ұнамды бейнесі қарсы қойылған. Сондай-ақ, қалмақтың батырлары Қараман мен Келмембет Әзімбайдың басына «әңгіртаяқ ойнатқанымен», Қамбардан жеңіліп, олардың мақтаншақ, бөспе, өр көкірек мінездері әжуа, сықақ, күлкі болады. Жырдың композициясындағы бір ерекшелік – оқиғалар жалғастыра, дамыта баяндалмайды, үзіп тастап, шегініс жасап, қайта сабақтап айтады. Бұл тыңдаушыны еліктіріп, қызықтыра түседі.

Қандай шығарма болса да идеялық-көркемдік, әлеуметтік-тәрбиелік маңызына қарай бағаланбақ. Бұл жағынан батырлар жыры құрметті орынға ие. Оған жазушылардың, композиторлардың, өзге де өнер адамдарының назар аударуы кездейсоқ емес. Е. Г. Брусиловский жазған «Ер Тарғын» операсы (либреттосы Сғыр Камаловтікі) 1937 жылдан бері сахнадан түспей келеді. Сондай-ақ В. В. Великанов «Қамбар-Назым» балетін (1950ж.), Еркеғали Рахмадиев «Алпамыс» операсын (1973 ж.) жазды. «Қамбар батыр» деген халық күйі қобызшылардың репертуарынан берік орын алған. К. Я. Баранов және басқа қылқалам шеберлері қазақ эпосына жасаған суреттерінде батырлардың жеңімпаз алып тұлғасын кескіндеуге күш салады. Халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов 1943 жылы «Қара Қыпшақ Қобыланды» драмасын жазды. Бұл қаһармандық шығарма Ұлы Отан соғысы кезінде халықтың патриоттық сезімін шыңдай түсуге қызмет етті, әлі де талай ұрпаққа тағлым бермек.

Халық қашан да ерлікті, адалдықты, әділетті сүйеді. Батырлар жырының негізгі идеясы да осыған құрылған. Алпамыс, Қобыланды, Тарғын, Қамбар ел үшін туған ерлер. Оларға өз басының қамынан халық мүддесі қымбат. Гүлбаршын, Құртқа, Ақжүніс, Назым махаббатқа дал, өжет, батыл, ақылды қыздар. Ердің де, елдің де қамын ойлайтын асыл жандар. Сондықтан да олардың жарқын бейнесі жүрекке ұялап, көңілге сәуле құяды, қиялға қанат бітіріп, бойға қуат береді. Отаншылдық, ерлік, адамгершілік идеясымен суарылған батырлар жырының тәрбиелік мәні осында.

Көне эпостың жекелеген үлгілері немесе белгілері жөнінде жол-жөнекей айтылған ойлар кездеседі. Фольклорды үңіле зерттеген Ә.Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғабдуллин, Н.С. Смирнов, Т. Сыдықов еңбектерінен бұл айтылғанға мысал табады. Академик Ә.Марғұлан қазақ эпосын стадиялық жүйелеген еңбектерінде атам замандағы (архаикалық) эпосты жеке бір топ

етіп қарастыруды ұсынып келгені көптен белгілі. Өкінішке қарай бұл терең пікір әрі қарай дамытылмай, жеткілікті дәлелденбей қалған.

Белгілі фольклоршы Ә. Қоңыратбаев мақалалары мен зерттеулерінде көне эпосқа қатысты бағалы пікірлер мол. Ол эпостың шығу тегін, тарихын сөз еткен тұстарда бұл мәселеге әрдайым азды-көпті кідіріп отырады. Ғалымның сондай соңғы тұжырымдары оның «Эпос және оның айтушылары» деген зерттеуінде көбірек көрініс береді. Оның «...эпос басында ертегі, аңыз, шежіре түрінде айтылып...бірте-бірте ертегілік сарыннан айығып, тарихи-реалдық жырларға айналған» деген тұжырымы құптарлық [5]. Бұдан кейін ол әлгі пікірін нақтыландыра, эпостың шыққан кезеңін дәлірек көрсетуге көшеді. «Сана мен тіл, тайпа мен эпос құрдас...эпос тарихын біз көп жайда тайпа, ел тарихынан бөлек алып зерттедік. Схематизм, субъективтік бағалар, бос жорамалдар осыдан туады...».

Сөз болып отырған зерттеудің негізгі ой салмағы қазақ эпосының түрлі нұсқаларын түгел таныық, асылын ашып көрсетейік, зерттеу мәдениетін жетілдірейік деген талаптарға саяды. Ә. Қоңыратбаев: «Эпосты кенжелету, оны зерттеуден шет қалдыру лайықсыз» - деп табады. Бұл екі тұжырымның да жаны бар. Өйткені қазақ фольклоршылары көне эпосты зерттеуге бара қойған жоқ, ал талданған жырлардан бергі дәуірдің ғана шындығын іздеу басым болды. Кейде көне эпос туралы сөз бола қалса, «ерте кезде туған» деген жалпылама анықтамамен өте шығушылық орын тепті.

Ә. Қоңыратбаев «Ежелгі түркі поэзиясы және фольклор» деген күрделі зерттеуінде эпостың тарихқа қатысы, түп негізі және сипаттамасы жөнінде татымды ойлар желі тартқан. Солардың бірқатары оның «Эпос және оның айтушылары» деген кітабында қысқаша, бірақ дәл қайталанып берілген. Мұнда бірнеше көне жырға көңіл аударылған. «Ертегілік эпоста мифология мен өмір тіні ұштасқан. Онда көбіне табиғаттың тілсіз күштері, мыстан, диюлармен күрес басым. Өмір тінінен аңшылық дәуірдің ізі (Құламерген), одан қалса, жұбайлы неке үшін күрес бар (Ер Төстік). «Дотан» одан да марқалау болса керек...» [5, 46-6].

Қадім замандар эпосының кейбір ерекшеліктері туралы М. Ғабдуллин мен Т. Сыдықов та өздерінің бірлесіп жазған еңбегінде құнды ойлар келтірген. Бұлар көне эпосты былайша пайымдайды: «...ертедегі адамдардың ру тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі, тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, шаруашылық жайлары, бақташылық, аңшылық кәсібі, дүние танудағы көзқарасы, наным-сенім ұғымдары, т.б. суреттелген. Бұлардың көпшілігі мифтік-фантастикалық негізде әңгімеленеді. Мысалға «Құламергенді» алайық... Зор тартысқа құрылған «Құламергеннің» басты кейіпкерлері әр түрлі ғажайып жағдайларға душар болады, жердің асты-үстін кезіп жүріп, өздерінің ізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін бар күшін салып алысады. Жырдағы Құламерген мен Жоямерген неше түрлі зұлымдыққа қарсы тұрып, жақсылық үшін, шат өмір үшін күреседі. Сиқырлы, айлалы мыстан да, оны қолдаушы хан да қаншалықты күшті болғанымен, соңынан жеңіліс табады, оларды әділет үшін күрескен Құламерген жеңеді де, ойлаған мақсатына

жетеді. Аталған тұстың эпосында кездесетін Құбығұл, Айдос тәрізді батырлар да әрі мықты, әрі айлалы, он саусағынан өнері тамған жігіттер».

М. Ғабдуллин мен Т. Сыдықовтың эпостық шығармалар табиғаты, эволюциясы жөнінде пікірлері де жанр ерекшелігінескеруден туған. Олар: «Қазақ халқының эпикалық шығармалары бір ғасырдың ғана жемісі емес, ол сандаған ғасырмен бірге жасасып, талай тарихи кезеңдерді басынан кешірген» - деп тұжырымдайды [6].

Бірақ алға қойған нақтылы міндеті ескі эпосқа толық тоқталу болмағандықтан, бұл ғалымдар мәселеге әрі қарай кідірмеген. Халқымыздың бірнеше таңдаулы эпикалық жырларына талдау берілген бұл еңбекте архаикалық эпосты зерттеу алдағы күннің уәзипасы екені ескертілген. «...Орта Азия мен Қазақстан халықтары эпосының шығу төркіні, сондай-ақ оның даму ерекшеліктері жөніндегі мәселелер әлі де жеткілікті зерттелінбеген». Бұл келтірілген үзінділер қазақ эпосының көне қабаты болып табылатын ертегілік немесе архаикалық аңыздардың осы күнге дейін өз алдына жүйелі түрде жеке қарастырылмағанын аңғартса керек.

Архаикалық эпостың жанрлық сипаттары жөнінде орыс кеңес фольклоршылары кең зерттеулер жүргізген. Олар орыс ауыз әдебиетінің және славян фольклорының шығармаларын нақтылы талдау, салыстыру нәтижесінде көне эпосқа тән белгілерді екшеп көрсеткен. Бұл мәселенің методологиялық, теориялық жағы біздің тақырыбымызға қатысты болғандықтан, ондай пікірлерді қысқаша шолып өтуді қажет көреміз.

Б.Н. Путилов орыс және оңтүстік славян эпосындағы архаикалық элементтердің көрінісін жүйелі тексеріп шыққан. Ол эпикалық аңыздардың көне кезеңіне тән нышандар деп қиял-ғажайыптың эпосқа қатыстырылуын; әлденеше қат әлем туралы түсінік орын тебуін; мификалық дәуір, ілкі адамдар (культурные герои) жағдайы сөз болуын; құбыжық, аждаһалардың бейнесі берілуін; табиғаттың сиқырлы күштеріне табынушылықтың көрінуін айтады.

Жырларда көне эпиканың бұл секілді белгілері толық күйінде кездеспейтін жағдайда олардың «жасын», «дәуірін» анықтау қиындай түседі. Оның үстіне фольклор шығармаларында ескі мен жаңа жігі көрініп, оқшау, дербес, «таза» түрінде ұшырай бермейді. Б.Н. Путилов осындай қат-қабат материалдың ішінен көне қатпарларды табу, анықтау айрықша методиканы керек ететінін ескертеді. Осы мақсатпен ғалым үш түрлі шарт ұсынады. Олар: біріншіден, шығармадан мемлекет құрылғанға дейінгі (догосударственный) эпос белгілері айқын танылуы; екіншіден, ескі эпикалық дәстүр мен кейіннен қосылған сарынның айырмашылығы сезіліп тұруы; үшіншіден, типологиялық бір теткес қатарлама (параллель) материалдың болушылығы [7].

Эпостағы архаикалық элементтерді іздестіру жеке өзіндік мақсаттан тумайды. Ол эпостың әрбір кезеңіне тән тарихи шындықтың елестеу дәрежесін пайымдау үшін қажет. Архаикалық эпостың дәстүрі уақыт өте келе қаншалық өзгерістерге ұшырайтынын анықтау да күрделі мәселе.

Қаһармандық идеал мен адамдардың тарихи түсінігіне орай көне эпос оқиғалары жаңа сипаттарға көшетіні заңдылық секілді нәрсе. Эпостың жанрлық түрлерінің бәрінде де түрлі тарихи дәуірлердің түсінік өлшемдері қатарласа жүре беруі де табиғи...

Б.Н. Путилов архаикалық эпос жайындағы еңбектерді шола отырып, әділ тұжырымдарға келеді. Ол мифологиялық эпос, батырлық ертегі, мемлекет пайда болғанға дейінгі (догосударственный) эпос алғашқы қауым жемісі екенін айтады. Ілкі адамдар – «мәдени қаһармандар» әрекетінің көрсетілуі, одан соң батырлық жорық, ерлікпен үйлену, аждаһалармен арпалысу, рулық кек – осының бәрі архаикалық аңыздаулардың мазмұнын құрайтынын көрсетеді. Эпикалық ғажайып (фантастика) пен эпикалық қиялдың қосындысынан туған архаикалық эпос адамдардың алғашқы ұжымдық тәжірибесін ғана емес, түрлі түсінігін де аңғарта алады. Бүгінгілер үшін нанғысыз көрінетін құбылыстар көне қауым өкілінің тұрмыс-салт, сана нормасы еді...

Архаикалық және қаһармандық эпостың бір-бірімен жалғастығы да, айырмашылығы да болады. «...героический эпос классического типа возникает путем преобразования, переработки и развития традиций архаической эпика, которая «умирая» в эпосе героическом, оставляет свои многочисленные следы. Классический эпос «наследует» архаическую эпическую сюжетику, трансформируя ее в соответствии с новыми идеалами и новыми принципами историзма. То же самое касается и эпических персонажей, эпического фона. Классический эпос «наследует» и художественные законы и специфику, подвергивая и то и другое переработке. Поэтому в памятниках героического эпоса разных народов мы находим сюжеты о змееборстве, о борьбе с чудовищами, о сватовстве, которые теперь приобретают иной смысл, наполняются новым историческим содержанием, но не утрачивают своих традиционных связей» [8].

Мұндай эпоста оқиғалардың хронологиясы немесе белгілі өмірде анық болған істер жаңғыртыла көрсетілуі шарт емес. Эпос ондай оқиғаларды өзінше «қорытады», өзінше қалыптастырады, қаһармандар құрамын да өз түсінігінше өзгертеді. Эпикалық туындыда халық күші жеңілуді білмейді, тарихи оқиғалар мен эпикалық жинақтау, белгілі дәрежеде, алшақ кетеді. Өмір шындығы эпика тігісіне айы, жылы аталып кірмейді, тұрақты тип түрінде жаңғыра қосылады. Мұндай көркемдеу типінің беріктігі соншалық, эпостың структуралық-сюжеттік денесіне кейінгі ірі оқиғалардың өзі сіңе бермейді...

Біздің тақырыбымызға, көне эпос белгілерін анықтауға қажет күрделі ойлар В.М. Жирмунский еңбектерінен мол ұшырайды. Ол түркі-моңғол халықтары эпикалық аңыздарларын кең көлемде салыстыра қарап, бірталай заңдылықтарды атап көрсеткен. Әсіресе ғалымның ескі миф, аңыздардан классикалық эпосқа өтер жолындағы бір шығармашылық асу батырлық ертегілер деп тұжырымдауы қазақ фольклоршыларына да ой саларлық.

В.М. Жирмунский бұл пікірін «Алпамыс» жырының таралу, даму эволюциясын жан-жақты талдау үстінде дәлелдеп шығады. Эпостың түрлі сатыларын түсінудің өзінше бір алуан концепциясы болғандықтан, бұл мәселеге тоқталуымыз қажет.

«Алпамыстың» қоңырат, оғыз, қыпшақ версияларының (бұл атаулардың кейбіреулері шартты) өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарына шолу жасай келіп, В.М. Жирмунский қоңырат версиясына (қазақ, қарақалпақ, өзбек редакциялары) неғұрлым мол аялдайды. Әсіресе «Алпамыстың» өзбек нұсқасын негізге ала отырып, сөйлейді. Біз бұл арада ғалымның қайсыбір даулы тұжырымдары бойынша айтылуға тиіс жайларға кідірмейміз (ондай пікір салыстыру кезегі басқа ретте болмақ). Осы тұста бізді қызықтыратын нәрсе – батырлық ертегіден эпосқа ұласудың белестерін ғалымның қалайша қисындағандығы.

В.М. Жирмунский «Алпамыстың» өзбек нұсқасында көнелік белгі (батырдың ғажайып туу, жедел өсуі, қаһармандықпен қалыңдық алуы, өз әйелінің «күйеуге шығу» тойына тап болуы, т.б.) көбірек сақталған деп санайды. Бірақ ол «Алпамыс» эпосына қарағанда Алпамыс туралы ертегі, аңыздар (қыпшақ версиясы) бұрынырақ шыққан деп шамалайды. Алпамыс жайындағы бацқұрт, татар арасында ертегі-әңгімелерді талдай келіп, бұлар эпостың қоңырат версиясынан бұрын айтылып келген үлгілер тобы дегенге саяды. Әрине бұл нұсқалар тілдік кестесі жағынан қарастырылса, дәл осындай қорытынды шығарма еді, әлде жоқпа – ол арасы басы ашық тұрған мәселе. Ал мазмұндық, образдық жүйе жағынан келгенде бұл тұжырым жалпылық, қағидалық сипатқа ие болады. Ең қажеттісі сол – бұл молдель түркі-моңғол халықтарының көне эпосының жігін ашып көрсетуге қолайлы тәсіл [9].

Аталған еңбекте «Алпамыс» фабуласының таралу кезеңі мен ауданы жөнінде қызғылықты және көп ретте дәлелді болжам жасалған. Болашақ классикалық жырдың алтай версиясында нағыз ертегілік, қиял-ғажайып сарындар (жерді мүйізімен тіреп тұрған көк өгіз, адам жегіш дәу, т.б.) жиі кездеседі екен. Осы сипаттарына қарап В.М. Жирмунский алтай «Алпамысын» ең көне нұсқаға жориды. ҮІ-ҮІІІ ғасырларда, түрік қағанаты дәуірінде бұл кең тараған, негізгі оқиғалық сүйегі анықталған ертегі деп танылады. «Алпамыстың» бұдан кейінгі таралуы оғыздардың ІХ-Х ғасырларда Алтай өңірінен сыр бойына көшуімен байланыстырылады. Ертегінің фабуласы оғыздар мен қыпшақтар арасында осыдан бастап түрліше версиялар түрінде өңделген делінеді. «Алпамыс» классикалық қаһармандық эпос ретінде осыдан кейінгі кезеңдерде, қоңыраттар арасында көркемделіп жетілген деп біледі. Эпостың нақтылы елдер тарихымен байланысын көрсетудегі кейбір үстірттіктерге, әсіресе жырдың тіл кестесіндегі «куәліктердің» мүлде ескерілмегендігіне қарамастан В.М. Жирмунскийдің батырлық ертегі қаһармандық эпостың түпкі негіздерінің бірі екендігін сенімді дәлелдеуі бағалы қорытынды болып есептеледі. Бұл тұжырымның мәні «Алпамыс» көлемінен анағұрлым кең екендігі айқын. Көрнекті кеңес



фольклоршыларының көбі осы концепцияны эпос генезисін түсінудің өз алдына бір жолы деп қарайды. Бұл тәсілдің қазақ эпосының да ескі үлгілерін ажыратуға немесе кейінгі жырлардың эволюциясын анықтауға пайдасы бар. Көне эпостың шығу тамырларын арнайы тереңдеп тексерген ғалымдардың бірі – Е.М. Мелитинский.

Түркі-моңғол халықтарының батырлық жырлары ішінен ең көне сипаттар якут олонхоларынан табылатынына Е.М. Мелитинский ерекше назар аударған. Адамға жат күштер ретінде аждаһалардың, албастылардың (абаасы) жиі кездесуі, ұнамды қаһармандар айыы елінің (Орталық әлемнің) өкілдері болып есептелуі, үш қат дүниенің тіршілігі өзгеше деп түсінілуі, әлемдегі алғашқы жан иесі – Эр Соготох (соқа басы жүрген ер) болып елестеуі – мұның бәрі якут олонхоларында мифтік ұғымдардың үстем болып келетіндігінің белгісі. Бурят эпикалық аңыздарында да осыған ұқсас жайлар ұшырайтынын зерттеушілер атап көрсеткен. Сондай-ақ алтай жырларында батырлық ертегілік сарын басым екендігі дәлелденген.

Е.М. Мелитинскийдің өзінен бұрынғы фольклоршылар пікіріне сүйене отырып қаһармандақ эпоста батырдың құдіретті күштер себебінен туатындығы туралы кең тараған ұғым ерте кездегі ілкі адам жайындағы мифтің өзгерген, жаңа жағдайда дамыған түрі деп есептеуі көңіл аударарлық. Сол секілді мифологиядағы жалғыз адамдар – мәдени қаһармандар тұлғасы кейінгі түркі-моңғол эпосында жауға жеке шабатын, дұшпандарын жайпайтын алып батырлар бейнесіне аусқан. Осыған орай қаһармандық эпоста әйел батырлар ұшырасуы бір замандағы матриархаттық сананың қалдығымен байланыстырылады... [10].

Мифтен ертегіге, эпосқа дейінгі өзгерістердің заңдылығын анықтаудың түрлі деңгейлері болмақ. Сібірдің түркі-моңғол халықтары эпосы бұл жөнінде көп сауалдың шешімін табуға мүмкіндік береді. Мұнда эпикалық аңыздар оқиғасы екінің бірінде-ақ мифтік-ертегілік сипатта кездесіп отыруы ол дәстүрдің белгілі тарихи істерден бұрын қалыптасып болғандығынан. Кейде архаикалық, әлеуметтік желілер араласып келетін кездер де сирек емес.

Жалпы алғанда Сібір халықтарының эпикалқ жырларында не мифологиялық, не ертегілік сарын көбірек байқалуы олардың стадиялық жағынан көне құбылыс екендігін кәміл анықтайды.

Архаикалық пен классикалық эпостың өзіндік өрнегін ажырата танудың өзге де шарттары бар екендігін фольклор зерттеушілер негізінен жүйелі түрде талдап шыққан. Ол шарттылықтар жинақтап айтқанда төмендегі ұғымдарға саяды: мифтік уақыт адамдар санасында бірте-бірте қиялға айналып, бір кезде өтіп кеткен «алтын дәурен» туралы ұғымды туғызады, мифологиядағы ұнамды ерлер батырлық эпостың қаһарманына ұласып, аждаһа жалмауыздар зұлым жаулар бейнесіне көшеді, ертегілік, мифтік образдар тарихи образдарға айналады; рухани һмірдің күрделілене түсуіне байланысты алғашқы мифология ыдырап, оның кейіпкерлері бұрынға «киелі» қалпынан өзгеріп, көркемдік тұлғаға ауыса бастайды; ертедегі жеке

мүдде үшін күресетін ұжым (ру, тайпа, ел) намысын қорғайтын қаһармандар пішініне ие болады; мифтік, ертегілік сарындардың жаңаша жырлануы ел өміріндегі өзгеше жағдайларда тарихтың тәжірибесін тірілту, еске салу қажеттігі туған кезде тың өріс алады; қаһармандық эпостың жасалуына қуатты негіздің бірі тарихи аңыздар болып есептеледі...

Эпосты стадиялық жағынан жіктеу жөнінде фольклоршылар көп ізденістер жүргізіп, тұрақты тұжырымдарға келгені белгілі. Мәселен, Ю.И. Смирнов эпикалық шығармалар типін мифологиялық, ертегілік, анық эпикалық, тарихи, діни аңыздық (христиандық) деп бес топқа бөледі [11]. Ғалым түрліше эпикалық деңгейлер туралы ойларын нақтыландыра дамыта түсіп, кейбір шындықтарды қалыптасқан заңдылық ретінде көрсетеді. Атап айтқанда ол мифологиялық деңгей эпикалық шығармашылық сананың қай түрінен болса да ерте пайда болғанын білдіреді. Сондай-ақ ертегілік деңгейдің қаһармандық эпостан бұрын тұратынын күмәнсіз деп қарайды. Бұдан кейінгі эпикалық кезең – тарихи эпос екеніне тоқтала келіп, мерзімдік жағынан діни-аңыздық шығармалар бәрінен соң пайда болғанын ескертеді.

Бұл анықтамалардың қазақ эпостану ғылымы үшін үлкен методологиялық мәні бар. Өзгелерін айтпағанда бізде діни-аңыздық оқиғалараға негізделген жырлардың ешбір топқа да тақырыпқа да қосылмай келуі зерттеушілік тәжірибе мен мәдениеттің кенжелігіне байланысты. Орыс және ынтымақтас (грузин, армян, т.б.) халықтар фольклоршылары діни-рухани шығармаларды зерттеп, олардың фольклор жүйесіндегі орны мен ерекшелігін белгілеп жүргендіктері ғибрат аларлық нәрсе. Фольклордың белгілі, санаулы жанрларын ғана есепке алып, оның басқа бірталай салаларын ұмыт қалдыру ғылыми принциптерге қайшы болмақ.

Атап өтілген эпикалық типтер жеке-дара, қоспасыз күйінде кездесе бермейтіні, кейде бір шығарма бойынан түрлі дәуір белгілері қатарласа орын тебуі мүмкін екендігі де мәлім. Эпикалық көп стадиялық шығарманың форма, құрылысы жағынан да байқалады. Шығарма құрылысының қарапайымдылықтан күрделілікке ауысуы, іс-әрекетті төтелеп баяндаудан түрлі диалог, монологтар арқылы беруге ұмтылушылықтың бой көрсетуі олардың көнеліктен жаңа деңгейге көшуінің де көрсеткіштері болып саналмақ.

Зорлық нәтижесінде немесе өмірі ерте үзілген адамдардың жаны залалды күшке айналады деген ұғым ертеден бар. «Гэсэр» эпосында аспан әлемінен аласталған батырдың сүйегі жер бетіне ауру тарататын кесепатқа айналғаны, осыдан келіп адамзат тұқымы құрып кету қауіпі туғаны айтылады. Анимизм көріністерін кең талдай келіп, оның тарихы мен даму жолдарын шолып, Э. Тэйлор үлкен қорытындыларға келеді: «...анимизм декарей, основанный на учений о душах, развитом у них в гораздо более широком масштабе, чем в цивилизованном мире, и развернутом в еще более обширное учение о духовных существах, которые оживляют вселенную и управляют ею во всех ее частях, - этот анимизм становится мало – по малу теорией олицетворенных причин, переходящей в общую философию

человека и природы. С этой стороны на него можно смотреть как на прямой продукт естественной религии...».

Жан-жануарлардың, өсімдік әлемінің «жаны» болады деген көне ұғым – анимизм – Э.Тэйлор еңбегінде жан-жақты талданған. Ежелгі эпос мұрасын сөз еткенде анимизмнің көріністері шығарманың суреттейтін кезін ақындайтын белгінің бірі саналуға тиіс.

Жан-жануарлардың киелі күші бар деп сену, кейде солардың өздерін кие тұту, әрбір аң, құстың иесі бар деп есептеу (тотемизм) жөніндегі ескі ұғымдарды Э. Тэйлор қысқа да болса, тұжырымды дәлелдеген [12].

Келтірілген мысалдар мен тұжырымдар архаикалық эпосты мінездеудің көптеген методологиялық деңгейі мен шарттары бар екенін аңғартса керек. Эпикалық дәстүрі жағынан қазаққа жақын елдердің фольклоры да көне эпикалық аңыздаулар типі жөніндегі ілгеріде айтылған ойларды өз тарапынан растайды. Сол үшін ондай материалдарға да жол-жөнекей соғып өткеніміз артық емес.

Архаикалық аңыздаулардың бірталай белгісі бурят халқының эпосы – «Гэсэрдін» бойынан табылады. Эпостың жалпы оқиғалық мазмұны бұл айтқанымызды толық сипаттай алса керек. Тоғыз тараудан тұратын «Гэсэрдін» алғашқы үлкен тарауында аспан әлемінде болып жатқан құбылыстар айтылады. Ол кезде дүниеге нұр тұңғыш рет тарай бастаған, әлем шапағы жаңа-жаңа атып келе жатқан, өсімдіктер бүршік жармаған, жердің орнында үлпілдек шаң-тозаң ғана көлбеген делінеді. Басқаша айтқанда «Гэсэр» әңгімесі сөз болатын дәуір әлемде тіршіліктің ілкі нышан берген кезі болып көрінеді. Ал аспан кеңістігінің өзі түрлі билеуші батырлардың қарамағында болады. Көк әлемнің батыс бөлігін билеген хан-Хұрмастың құдіреті мадақталады... Оның үш алып ұлы, үш сұлу қызы, отыз үш батыры, үш жүз дос серігі, үш мың әскері бар деп сипатталады. Аспанның шығыс алабын Атайулан билеп тұрыпты, көк дүниесінің орталық деңгейінде сэгэн-сэбдей әмірін жүргізіпті. Міне, мұның бәрі «Гэсэрдін» түп негізі миф, ертегімен ұласып жатқандығын көрсетеді.

Кейіннен Гэсэр немесе Абай Гэсэр атанатын эпос қаһарманы әлгі айтқан әкімдердің бірі – хан-Хұрмастың ортаншы ұлы Бухе-Бәлигте болады. Ол жер бетіне төнген кесепат – адамдарды обып бара жатқан жұқпалы кеселді тоқтату үшін аспаннан әдейілеп түскен, адамзат амандығын сақтауға білек сыбанып кіріскен теңдесі жоқ батыр болып көрінеді. Бухе-Бәлигте жер бетіне келген соң «қайта туады», көп тосқауыл, қиындықтарды жеңе отырып, батырлығын шыңдайды, адам баласына ауру таратып, құртып бара жатқан жын-шайтандарды жояды. Ол барлық жұртқа танылып, Абай Гэсэр (алып батыр мағынасында) атанғанға дейін көбінесе елеусіздеу көрініп, кейде Бокмұрын атанып жүрген. Қаһарманды алдымен жұпыны етіп көрсетіп, оның ерлігін бірте-бірте күрделілендіре ашу – көне эпосқа тән құбылыстардың бірі. Гэсэрдін өзі де, астындағы аты да, батырдың жақын тілектестері де керек кезінде ғажайып өзгерістерге түсе алатын сиқырлы қасиет иелері болып

көрінеді. Сондықтан да олар қандай да болмасын қаһарлы, айралы жаудан жеңілмейді, қатерлі жерден аман өтіп, дегеніне жете береді.

Бурят халқының бұл эпосында қаһармандық жырларға тән нышандар да толық. Болашақ батырдың ерте есеюі, өзіне ат таңдап мінуі, батырлық үйленуі, дұшпандарының неше түрлі айла, тосқауылын бұзып өтуі, артындағы елін бақытқа кенелту, мұратына жетуі секілді белгілер жүйелі желі тартады. Бірақ бұл тұста бізді қызықтыратын нәрсе – эпостың негізгі ертедегі дәуірлер түсінігін елестететіндігі. Бұған тағы да мысалдар келтіруге болады. Өзі аспан әміршісінің ұлы, жер бетінің азаткері Гэсэр жер астындағы су патшасының қызы – Алма мергенге үйленеді. Міне, осының өзінен де эпоста адамдардың аспан, жер су әлемі туралы көне ұғымның көрінісі байқалады.

Қаһармандар іс-әрекетінің талдауы емес, нәтижесінің ғана көбірек айтылуы бұл пікірімізді дәлелдей түседі. Кейіпкерлердің ірі сомдалуы, ізгілік пен зұлымдықтың ашық айқасы эпосқа үлкен әсірелеушілік, жинақтаушылық қуат дарытады. Гэсэрдің жаппай ажал тырнағынан аман алып қалатын елінің аты – жөні, мекені онша жіктелмей, жалпы адамзат болып көрінуі де эпостың өте ертедегі тіршілік кезеңін сипаттайтындығын білдіреді. Жер бетіндегі жандардың бейбіт өмірі мен бақыты үшін күрес «Гэсэрдің» мәңгі өлмес идеалық қағазы болып табылады. Абай Гэсэр жеке отбасы немесе белгілі ру, тайпа мүддесі үшін емес, әйтеуір адам ұлының мақсатына қызмет ететін болып көрінуі бурят эпосын стадиялық жағынан ең қадім аңыздаулар қатарына қояды [13].

Эпостың көркемдік кестесінде жалпы түркі-моңғол халықтары жырларына ортақ теңемелердің мол кездесетіні де көңіл бөлерлік, өз алдына салыстырып көрерлік мәселе. Біз бұл арада бір ғана мысалға назар аударумен шектелеміз. Аспан патшасы Хан-Хұрмастың сұлу қызы «өлген адамды тірілкендей, ауруларға ем болғандай, телі-тентекке ақыл бергендей, кедейлерге қайырымды, баланы батыр еткендей, құлынды жүйрік ат еткендей» - деп суреттеледі. Мұның өзі эпикалық көркемдеу заңдылығының тұрақты келетінін де аңғартады.

Ежелгі мифтердің, ертегілердің неғұрлым көбірек сақталғанын бурят фольклоршылары өздерінің зерттеуінде жүйелі түрде талдаған. Мифтер қаншама ғажайып, нанымсыз көрінгенімен, әуел баста адамдардың өмір тәжірибесінің елесі сипатында туған. Бір заманда халықтың қарусыз, сыртқы дүлей күштерге қарсы әрекеті аз кезде тастан артық айбары болмағаны да миф түрінде жеткен. Адамдардың түсінігінде тас сиқырлы қуат иесі сияктанып көрінген. Әрбір халықтың да эпикалық аңыздаулары қатарынан қаһармандық жырлардың алатын орны үлкен. Бұлай болуының түрлі себептері бар.

Ең алдымен батырлық эпос елдің сан ғасырларда бастан кешкен тарихын, салт-санасын өзгеше көркем жинақтауды; түрлі оқиғаларға өзіндік көзқарасын, бағысын белгілейді. Тарихта орын тепкен белгілі оқиғалар мен істердің дәлме-дәл шежіресі, көшірмесі болмағанымен, қаһармандық эпос

сондай құбылыстардың терең, түпкілікті мәнін, тұжырымын аңғартады. Осы тұрғыдан алып қарағанда батырлық жырлар тарихтың желісі де емес, әрі сол желіден мүлде «қара үзіп» те қалмайды. Эпикалық жинақтаулардың қайталанбас ғажайып табиғатының бір қыры осында [3].

Қаһармандық эпостың халыққа қызықты болып, атадан балаға, әулеттен әулетке ауысып, ұмытылмай келуінің тағы да бір құпиясы оның теңдесі жоқ көркемдік бітіміне, өз бойына қиялдау, бейнелеудің алуан өрнектерін сыйғыза білгендігіне байланысты. А.М. Горькийдің «ең жарқын, терең көркемдігі кемел тұлғалар ауыз әдебиетінде жасалған.» - дейтін тұжырымы мейлінше ақиқат. Ерліктің, Отан сүйгіштіктің, белгілі бір мақсат жолында жан аямай күресетіндіктің, намыстылықтың неше алуан үлгісін танытатын қаһармандар эпос туындыларында көптеп кездеседі. Адам бойында ұшырайтын ұнамды, ұнамсыз мінездер мен қасиеттерді әсірелеп, ірілеп, естен кетпестей көрнекті етіп бере білушілікте эпос әрдайым биік үлгі саналады.

Әсіресе қаһармандық жырларды ел жүрегіне жақын ететін олардың отаншылдық идеямен суарылғандығы. Адам қоғамы дамуының барлық кезінде де рудың, тайпаның, мемлекеттік бірлестіктердің тыныштығын, бүтіндігін қорғау, қастасқан жауды жеңіп, бақытты өмір орнату мәселесі ең күрделі проблема болып келген. Дәл осы аңсар батырлық жырлардың айрықша сипаты болып табылады. Бұл жөнінде фольклоршылар пікірі бір жерге түйісіп отырады [14].

Қазақ эпосының күрделі бөлегін құрайтын батырлар жырында осы белгілер толығымен бар. Әрине әрбір жырдың құрылысына, идеялықбағытына лайық ерлік сарыны түрлі дәрежеде көрініс береді. Сонда да болса қаһармандық аңыздардың басты пафосы – ерлік, Отан қорғау болып келеді.

Батырлық жырлардағы ерліктің сипаты өзгеше. Мұндағы қаһармандар ел үшін қандай да болмасын қауіпке қарсы барады, жаулармен арпалысады, неше түрлі сергелдең, срасқа, ауыр сындарға душар болады; ақырында жеңіске, мұратына жетеді. Міне, осындай «жеңілмейтін қаһармандарды» суреттеуі және оның басына ең асыл қасиеттерді жиып беруі халық қиялының шексіздігін көрсетеді және эпикалық жырлардың ерекшелігін танытады.

М. Әуезов батырлық жыр мен эпостық дастанның туып, қалыптасуында жоқтаудың, т.б. тұрмыс-салт өлеңдерінің ықпал еткендігі туралы ойларын айта отырып, басқа халықтардың әдебиетінен мысал келтіргені белгілі. Солардың ішінде «Одиссеяда» Демодоктың Алкиной сарайында Одиссейдің ғайып болғанын, қайғылы халін баян ететін жыры эпопеяның өзегін құраған деп нақты шешім жасаған, - деген сөздері қазақ ғалымының үлкен күрделі шығармаларға қалам тербеп, терең мәнді ғылыми тұжырымдар жасауына жол ашқан [15].

Гомер мен Агамемнон әңгімесі ескі грек тарихының бір көрнекті шағы болса, Қорқыт пен Оғыз ханның өмірі де дала тарихынан орын алған бір

көрнекті ертегісі болатын, - деп бағалаған Ә. Марғұлан, - Ер Төстік Одиссей сияқты ұлы батыр, оның қасындағы серіктері де алыптармен бірдей деген ой айтқан. Зевстің Крогды жеңуін, Ер Төстіктің жайын алып – Долман алыппен алысуымен, Зевстің дәулерді жеңгенін, Ер Төстіктің Шойынқұлақтың бесікте қалған баласын теңізге тастайтынымен тең дәрежедегі әрекеттер деп қарайды. Бірақ Ер Төстік пен Одиссейдің іс-әрекеттері фольклорлық сарындар ретінде дәйектелмеген, әйтсе де, белгілі дәрежеде ой саралауға өзіндік қажеті болары сөзсіз [16].

Беовульф жырындағы көркемдік ерекшеліктеріне жалпы жырдағы кейіпкерлердің бейнесі, олардың іс-әрекеттері және олардың бір-бірімен жасаған келісімдері, сый-құрметтерін негізгі ерекшеліктеріне жатқыза аламыз. Бұл жырдағы негізгі кейіпкердің мінезі, оның қаһармандық іс-әрекеттері жайында ерекше сипатталған. Оның құбыжық Грендельмен шайқастағы табандылығын ерекше ескерген жөн, өйткені Швеция елінен Дат еліне келіп, Дат еліне төнген зілаладан құтқару үшін көп еңбек етті және сол еңбегіне лайықты құрметке ие болды.

Батырлық жырлардағы типологиялық ұқсастықтарының ерекшеліктері жайлы айтатын болсақ «Беовульф» және «Қобыланды батыр» эпостарын сенімді түрде айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстыра аламыз. Алдымен екі эпикалық поэманың тақырыбы батырдың есімімен аталғанына мән беру керек. «Беовульф» поэмасының негізі мейірімділікті, шайқастағы табандылықты, тайпасына және көсеміне деген адалдығы, дұшпандарынан аяусыз кек алуын сипаттайды. Егер Қобыланды батыр мен Беовульфты салыстыратын болсақ, қазақ эпосындағы кейбір мотивтерді белгілегеніміз жөн. Олар: жар таңдау мотиві, тұлпар таңдау мотиві, батырлардың алғашқы жеңістері жайлы мотиві екі эпоста да кездеседі. Қобыланды батыр өз халқын қорғау үшін адамдармен шайқасса, Беовульф құбыжықтармен шайқасты. Қобыланды батырдың алғашқы шайқасы Құртқа үшін Қызыл-ермен шайқасы болатын. Ал, Беовульф алғаш рет теңіз құбыжықтарымен шайқасқан. Екі батырдың басты жеңісі эпостың ортаңғы кезеңінде болды, яғни әр түні Хродгардың сарайына келіп ең мықты сарбаздарын жойған, ал Хродгардың сарбаздары үшін жасалған семсерлер мен қару-жарақтарымен құбыжық Гренделмен шайқасуға күштері жетпеді, ал сол Гренделмен шайқаста Беовульф бар күшін салды. Матростардан естіген Беовульф өзінің атақты күшімен және сарбаздық қабілетімен теңіз асып Хродгарға көмекке барады. Гренделмен жалғыз өзі түнгі шайқаста оның қолын шауып жеңеді және Грендел үңгірінде өледі. Ұлы үшін кек алмақ болған Гренделдің анасы Беовульфқа су астынан келеді. Оны да жеңу үшін Беовульф су астына түсуге мәжбүр болады. Оны семсерімен бір сермеп өлтіріп тағы бір жеңіске қол жеткізеді. Мұнда батыр құбыжықтарды өлтіретін ғажайып қару-жарақтар тауып отырғанын байқаймыз.

Ал, Қобыланды батырда бала кезінен қарсыластарын жеңу үшін өзінің қару-жарақтары болған деседі. Осыған орай, батырлардың қару-жарақтарын ескере, қару-жарақ таңдау мотивін қоса айта аламыз. Қобыланды батыр

эпосында оның ең батырлық әрекеті қалмақ ханы Алшағырмен шайқастағы жеңісі болатын. Қобыланды өзіне жолыққан әр түрлі қиындықтарды жеңіп той алдындағы жарыстарға қатысып және одан құр алақан қайтпай жеңіске жетіп өзінің Құртқа атты қалыңдығымен үйіне қайтады. Құртқа батырдың кеңесшісі әрі көмекшісі болған. «Қобыландының жары Құртқа терең және дана махаббаттың символы, қамқор, жұбайына төнгелі тұрған қатерді болжап және олардың алдын алу қабілетіне ие», - деп М.Әуезов жазған болатын [16, 24-б].

Құртқа батырдың ғажайып Тайбұрыл атты тұлпарын таңдап, оны бағып, өсірген болатын. Тұлпар алты күнде жететін жерге үш сағатта жеткізетін және қанат қағып ұшатын жүйрік ат болып шығады. Эпоста Қобыланды батырдың жаулаушы қалмақтармен шайқасы туралы да сипаталады. Қалмақ батырлары күшті, мықты, олар қазақ жеріне шабуыл жасап, тұрғындардың тынышын бұзып, оларды тұтқынға алады деп суреттеген. Бірақ олар Қобыланды мен оның жасағына қарсы тұра алмаған. Қалмақтың батырларының бірі: «Егер Қобыланды менің жеріме келсе, маған қиын болмақ, ол бүркіт, ал мен қарғамын. Қарғалар – бүркіттің жемтігі. Қобыланды – бүркіт, біз қарғамыз. Онымен шайқасу өте қиын болмақ», - деп мойындаған. Эпоста той-томалақтар, байлықтар, жігіттер сайыстары, жорықтар, шайқастар аз айтылған жоқ. «Қобыланды батыр» мазмұнының тереңдігі мен әдеби құндылықтарға байлығымен халықтық шығарманың ең жақсысы болып табылады.

Беовульф поэмасының екінші бөлімінде айдаһармен шайқасқа түседі. Айдаһармен шайқаста жеңіске жеткенімен, ауыр жарақат алады. Автор бұл жағдайды трагедия ретінде қарамайды, тек абыройлы қаһармандық деп түсіндіреді. Ал, Қобыланды қалмақ ханы Көбіктің тұтқынына түседі, бірақ ханның қызы Қарлығаның арқасында қарсыласын жеңіп, аман-сау тұтқыннан қашып шығады. Екі эпоста батырларға қарсыластарын жеңу үшін достарының көмектескенін айтуға болады. Беовульфтың поэмада мұрагерлері жайлы айтылмайды, бірақ Қобыланды батырдың екі мұрагері болады. Біріншісі Құртқадан Бөкенбай деген ұлы болады, ал екіншісі Қарлығадан Киікбай деген ұлы болады. Екі әйелінің үйлері жақын орналасқан және ұрпаққа үлгі боларлықтай өте тату отбасы болған. Қобыланды халқының жарылқаушысы, қорғаушысы болды. Ал, Беовульф өз елінің королі атанған, бірақ елу жыл ел басқарғаннан кейін де жаңадан елін жоймақшы болған аждаһалармен шайқасқа түсіп, соңында батыр аждаһаны жеңіп, өзі де ауыр жарақаттанады.

Жалпы эпос өмірімізге, әдебиет әлеміне әсері мол. Ежелгі заманнан келе жатқан эпостық құбылыстардың қазіргі заманның ғалымдарына үлкен үлесін қосып отыр. Ағылшын эпосындағы түркілік сарындарды зерттей келе, әдебиет, мәдениет ұлт-ұлыс, нәсіл талғамайтынын түсіндім. Тілдік ерекшеліктері болғанымен, мазмұны ұқсас келеді [17, 58-б].

### 1.3 Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы ономастикалық атаулар табиғаты

Эпостың көркемдік заңдылықтарына бағындырылған ұғымдардың бірі – кеңістік атаулары. Олардың эпостағы сыр-сипатын тану, сөз жоқ, шығармада не себепті көрінеді және қалай көрінеді деген сауалмен байланысты. Бұл бағыттағы ізденістерді екі түрлі мақсатқа бағындыруға болар еді:

1. Жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз жер атауларының эпостағы жиынтығы және олардың тарихи негіздері, нақтылы географиялық және эпикалық атаулардың бір-біріне сәйкестігі, осы арқылы тарихтың эпостағы көрінісін анықтау мәселелері.

2. Кеңістік ұғымдарының эпос поэтикасының дәстүріне бағындырылған сыр-сипаты; уақытпен өрелесуі; кейіпкерлер іс-әрекетімен және сюжеттік ситуациямен байланысы; мерзімі жағынан түрлі оқиғалардың дәстүрлі эпикалық кеңістікке телінуі.

Эпикалық кеңістіктің маңызы осы екі аспектісінің де қуатты негізі бар. Бір жағынан жыр тарихи шындықтан тамыр тартып, нақтылы жер-су, мекен атауларына арқа сүйеіп жатса, екінші жағынан эпостың мыңдаған жылдық өз тарихы да бір кезеңдерде дерегі бар атауларды қалыптасқан дәстүрге бағындырып, топонимикалық, мезгілдік, мекендік ұғымдарды сол дәстүрге лайық жинақтайды. Уақыт өте келе нақтылы тарихи оқиғалар тізбегі де, олардың болған жері де, мезгілі де жалпы дәстүр аясында топтасады. Ал бұл оқиғалардың, жер-су, елді-елсіз мекен атауларының іштей орын алмасуына, бірінің орнына екіншісін қолдануға мүмкіндік береді. Бірақ мұнан жалпы тарихи дәуір бейнесі өзгеріп кете қоймайды.

Бұл орайда эпикалық дәстүр тарихи дәуір белгілерін жалпылама бағыт-бағдар етіп ұстанады да, оның ішіндегі оқиғалардың, жер-су аттарының орын тәртібі, ретін әрдайым қадағалап отырмайды. Шындығында эпос барлық мекендік, мезгілдік ұғымдарды айна қатесіз көшіретін тарихи құжат емес, ол – халықтың көркем мұрасының биік шыңы [18].

Алайда эпос туралы зерттеулерде осындай тарихилық және поэтикалық екі бағытты қарама-қарсы қою орын алып келеді. Бір парасында мекендік атаулар тек тарихи дерек ретінде қарастырылса, енді бір тобында таза көркемдік, сюжеттік өлшем ұғымдардың аясында жинақталады.

Әрине, бұл екі концепция бірін-бірі толықтыру мақсатында жүргізілсе әңгіме басқа. Бірақ, эпостың тарихын зерттеген, оның деректеріне тарих ретінде қараған еңбектерде (М.Г. Халанский, Б.А. Рыбаков, Р.С. Липец, т.б.) поэтикалық дәстүр жоққа шығарылса, эпос поэтикасына дендеген зерттеулерде топонимикалық атаулардың тарихи мәне жете ескерілмейді. (В.Я. Пропп, Б.Н. Путилов). Соған қарамастан осылардың бәрінде де табан тірерлік бір жағдай бар: эпосты диахрондық аспектіде қарайтын болсақ, оның байырғы бітімі мен бізге жеткен үлгісіне дейінгі аралықта жүріп өткен жолының нақтылы тарихи мекендік, мезгілдік ұғымдарға қатысы бірдей дәрежеде емес.



Эпос пайда болған мезгілдегі оның тарихқа жақындығы қазіргі бізге жеткен нұсқаларына қарағанда анағұрлым айқындау және тікелей. Халықтың тарихи жадысы болған оқиғадан әлі мүлдем алшақтамай тұрған кезінде эпос оны бірден қалауынша өзгертіп әкете алмаған. Оның үстіне эпос поэтикасының дәстүрі де о бастан-ақ дәл біз білетіндей көркемдік жүйеде бірден дүниеге келген құбылыс емес. Тарихи оқиғадан алшақтау мен эпос поэтикасының жетілу сатысы түптеп келгенде бір-біріне кереғар бағытта жүріп отырған сыңайлы. Тарихи поэтиканы уақыт ұзындығына, яғни диахрондық бағанамен созып қарау себебіміз осы. Поэтика өзгермел болмаса оның тарихи аспектісі де болмақ емес.

Демек, эпос негізін тарихпен шендестіруде байырғы заманда оған себепші болған шындық оқиғалар, тарихи тұлғалар, нақтылы мекендік атаулар туралы мәселе көтеруге болады. Бірақ дәл осы ұғымдар эпостың поэтикалық жанр ретінде жүріп өткен жолын айқындап бере алмайтыны және бар. Қазіргі біздің қолымыздағы жыр текстері байырғы көркемдік категориялардың жиынтығы емес. Эпостың денін құрайтын көркемдік ұғымдар өзара қым-қиғаш қарым-қатынасқа түсіп, ғасырлар сүзгісінен өтіп барып бізге жетіп отыр. Сондықтан да эпостың жанрлық табиғатын тануда поэтика дәстүрін айналып өте алмаймыз. Ал эпостағы тарихтың көрінісін іздестіру қажет, бірақ ол түптеп келгенде жанрдың тарихы емес, қоғамның тарихы болып шығады. Мұндай еңбектің алға қойған мақсаты да, шешетін мәселесі де бөлек. Бірақ осындай зерттеулерде орын алып келе жатқан бір кемшілік – эпостың тарихқа сәйкес келмеген белгілерін айналып өту, болмаса оны «тарихтан ауытқу» деп қабылдау. Бұл эпикалық дәстүрге зерттеушілер тарапынан жасалған қиянат [19, 49-б].

Әрине, эпостың негізі – тарихи шындық. Әсіресе, ол эпосты тудырған ортаға, халықтың жер-су атауларына тікелей қатысы бар. Батырлық жырда әмбеге таныс жер-су, тау-тас, мекен-тұрақ атаулары жоқ болса, халық үшін оның шындығы да екіталай. Ертегі үшін мұндай шарт қойылмайды (әрине мұнда да жалпы көшпелі елдің жер бедерін, табиғатын тануға болар). Себебі, онда «болмаған» оқиға баяндалады. Ал эпос нақтылы топонимикалық атаулардан бастап, жалпы ел-жұрт, батырлар жүріп тұрған жер бедерін мейлінше реалды ұғымға жақындатады.

Алайда эпос топонимикасын географиялық картаға дәлме-дәл түсіріп шығу тағы да мүмкін емес. Әсіресе, қаһарманның іс-әрекетіне еріп отырып, ол жүрген жолды дәл сондай ретпен картаға орналастыруға мүмкіндік жоқ. Бір-бірінен алшақ жатқан мекендер эпоста бір мезгілде бір сызықтың бойында тұруы реалды өмірге қайшы. Мұны жырау-жыршының білместігімен, болмаса ауытқумен түсіндіруге тағы болмайды. Себебі, жолма-жол, сөзбе-сөз сәйкестендіруге әрекет етсек «ауытқымаған» эпос қалмайды. Демек, мұнда білмегендіктен ғана емес, дәстүрлі эпос поэтикасының да үлес-салмағы бар.

Ал эпос жанрының басты ерекшелігі – оның бейнелейтін объектісінің мейлінше ауқымдылығында. Халық тағдырындағы мәні зор ірі оқиғаларды

эпос қалай құшағына алатын болса, көшпелі елдің ежелден көшіп-қонған жерін, мекен тұрағын да солай қамтиды. Батырдың бірер күнде бір ізбен барып, бір ізбен қайтқан жолындағы зор ауқымнан, ірі-ірі әрекет өлшемнен дәнеңе да қалмайды. Сондықтан да мұнда саналы түрде кеңістік ұғымын нақтылы оқиғаға қарай емес, көшпелі елдің жалпы географиялық ұғымына лайық кеңейту бар. Кеңейткенде де бүтін Еуразия даласында, Орта Азия территориясына кеңінен көсілу бар. Оқиға жинақталған кеңістікпен, жойқын түйдектелген уақытпен өрелескендіктен де құлашы кең, тынысы мол эпикалық өлшем санамызға ұялайды, яғни эпостың эпос екені оның ауқымынан танылады.

Асылында эпостың тарихи оқиғаларды да, географиялық атауларды да түйдектеп жинақтайтын бітімі анық. Эпос өлшемі бір қаһарманның басынан өткен оқиғалардан, жүрген-тұрған жерінен анағұрлым кең. Мұндай ұғымдарды батырлық жырлар бір ғана қаһарманға қарап топтастырмайды, жалпы көшпелілер тарихы мен мекенін, дәстүрлі ортасын бағыт-бағдар етіп ұстанады. Жеке кейіпкер әрекеті осыған бағындырылады.

Мұрын жырау топтамасында батырлардың қоныстанған жерлері Еділ, Жайық, Жем, Ойыл, Қобда, Есіл, Ертіс, Сырдария, Әмудария, Шығырлау, Тормат, Қыземшекті, Сарыпоқы, Үш Бөкенбай, Қарабұлақ, Елек, Шат, Төрткүл, Балқан, Қаратау, Алатау, Ащыағар, Жабағы, Шаштөбе, Ақшағыл, Үшқиян, Темір, Сарыойық т.б. болып кете береді.

Бұл атауларды жыр оқиғасының өрбуіне қарай рет-ретімен орналастырып, батырдың сапар шегі тәртібіне қарай созып қарау қиынның қиыны. Асылында бұлардың орналасу жүйесінде шарттылық бар. Тарихи оқиға мен жырдың арасы мерзімі жағынан бір-бірінен алыстамай тұрғанда географиялық атаулардың орналасуы шындыққа жақын болуы әбден ықтимал. Бірақ эпикалық уақыт көп жырға ортақ дәстүрге айналғанда алғашқы рет тәртіп өзгере бастаған. Жырау жадында жалпы дәуір, эпикалық уақыт бейнесіне сәйкес атаулар тізбесі сақталып, оларды үнемі түлеп отыратын оқиға ретіне қарай иіп қолдану дәстүрі орныққан тәрізді. Қырық күншілік жолды бір күнде шауып өткен Қобыландының жолынан үзінді келтірейік:

Қамыстының қазды көл,  
Қоғалының қулы көл,  
Жегендінің желді көл,  
Шағалалы шалқар көл,  
Қызғыштының қызды көл,  
Құмыра, Қотан қос көлден  
Айналасы бес көлден,  
Бәрінен өтіп жөнелді.  
Күндерінің белінен,  
Бесінде өтті дөңінен.  
Барлы-барлы, барлы тау,  
Басы биік қарлы тау,

Хан жайлаған Қаратау,  
Би жайлаған Алатау,  
Онан да өтіп жол шекті-ау,  
Түйе мойнақ иір тау,  
Қыземшекті сүйір тау,  
Атасу мен Манашы  
Мал оттауға оты ащы,

Емпей –күмпей қасынан,  
Жем, Темірдің басынан,  
Қалбағайлы шөлдерден,  
Қасқалдақты көлдерден,  
Асқар-асқар белдерден  
Айдын шалқар көлдерден  
Қан сасыған жерлерден  
(Үмітін үзіп жол шекті)  
Тобылғылы Нұрадан,  
Сексеуілді жырадан

Жалғыз шауып жол шекті.

Қобыланды – М.М.59

Тізбектеліп отырған атаулардың біразының қазір де дерегі бар. Ал бір парасы белгісіз. Әділін айту керек, бұлардың бәрі де кезінде жұртқа таныс, көшіп қонған елдің өз атаулары екенінде дау жоқ. Қазіргі біздің ұғымымыздың өзгергендігі, көптеген атаулардың бізге жетпеуі, біздің білмеуіміз заңды. Бірақ, дей тұрғанымызбен, осы көрсетілген атаулардың бір бағытта, бір жолдың бойында жатуы қиын. Қазақстанның оңтүстігінде жатқан Қаратау (Маңғышлақта да бар), Алатаудан бастап, Батыс Қазақстандағы Жем, Темір өзендеріне дейін Атасу, Нұра (Арқадағы) арқылы өткен жолды елестетуге болатындай. Бірақ онда Қобыланды – Қаратаудан Алатауға онан Арқа арқылы айналма жолмен жүрген болып шығады. Батыстан шығысқа қарай жүрген болса да солай.

Бәрібір осында эпикалық шарттылық бар. Эпостағы тел ұғымға лайық көлдерді бірыңғай, тауларды бірыңғай жинақтаушылық байқалып тұр. Бұл ұғымның тұрақты формуласы:

Асқар-асқар белдерден,

Айдын шалқар көлдерден, -

яғни, биік пен ойпаң, тау мен өзен, т.б. сияқты тел оппозициялы (бинарная оппозиция) ұғымдарды өрелестіру арқылы толық ақпарат, бүтін түсінік қалыптасады. Ұзақ жолда бұлар кезектесіп отыруы керек, жол бірыңғай көлмен аяқталса оның ұзақтығында күмән туады. Ал өмірде тау мен көлдің, биік пен ойпаңның кездесуі түрлі ретпен (саны, кезегі бойынша) келе беруі мүмкін ғой. Мәселе сонла, қырық күншілік жолды бір күнде жүріп келе

жатқан батырдың жолы олай тәптіштеліп отырмайды. Көлі бірыңғай, тауы бірыңғай топталып, ұзақ жолдың эпикалық ұғымға лайық бейнесі жасалады.

Тегінде жырау, жыршылар географиялық нақтылықты мезгілі өте келе қатаң қағидаға айналдырған. Сондықтан болу керек эпикалық уақыт аясында ежелден дәстүр болып келе жатқан атауларды қолдануда олар еркіндікке жол берген.

Бұл ретте, мәселе эпосты жырлаушылардың географиядан арнайы білім алмағандығында емес. Басқа себебі бар. Атап айтқанда, топонимдер мен этникалық атаулар да эпикалық уақыттың тұрақты мінездемесіне айнала бастайды. Ал эпикалық уақыт жалпы жыр дәстүрімен сабақтас. Жырау мен жыршылардың эпикалық білімінің аумағы осы дәстүрдің ғасырлар бойғы жинақталған көркемдік тәжірибесімен өлшенеді. Демек, жырау тек өзі нақтылы білетін жер, су атауларын ғана емес, дәстүрде бар болғандықтан өз басы біле бермейтін атауларды да жырға енгізуге тиіс. Олай болмаған жағдайда жыраудың өзі иланып отырған тарихқа өзінің балта шапқанымен бірдей. Өткен тарихқа эпос жырлаушыларымұндай мәміле жасай алмайды. Ал «білмейтін» араласқан жағдайда нақтылы географиялық шарт сақталмайды. Бір-бірінен алшық жатқан жерлер кейіпкерлердің іс-әрекетіне қарай бір мезгілде қатар атала береді. Бұны қателік деп емес, эпос дәстүрінің табиғатынан туған өзгешелік деп түсіну қажет. Эпос дәстүрі ешқашан да тарихи оқиғаларды, нақтылы жер-су, кісі, ру атауларын айна қатесіз қуалап отырмайды. Ол негізінен тұтас дәуірдің, қала берді тұтас тарихтың ғана бейнесін жасайды. Тұтас дәуірдің өз ішінде ауыс-түйіс, бірінің орнына бірі жүре беретін кісі, жер, ел атаулары жиі болмаса да кездесетін құбылыс [19, 36-40-б].

Жыраулар игерген жалпы эпикалық дәстүрдің қоры бірер эпос көлемінен әлдеқайда кең. Эпикалық дәстүр – жыр шығарушының құлашты кең жазуына мүмкіндік беретін тірегі. Ал осы дәстүр белгілі бір тарихи мезгілге қатысы болғанда екеуіт қосылып эпикалық дәуірдің бейнесін жасайды. Нақтылау түссек, дәстүр көркемдік әдіс-тәсілдерге, жыр тудыруға тиесілі болса, оның шындықты бейнелеу жолдары дәуір арқылы көрінеді.

Дәстүр – тарихи қалыптасқан көркемдік жүйе, ал эпикалық дәуір осы жүйенің шындықпен арақатысын белгілейтін мезгілдік категория. Белгілі бір тарихи кезеңді оңашалап жырға қосу дәстүрге айналғанда ол кезең эпикалық дәуір дәрежесіне көтеріле алады.

Демек, эпикалық дәуір жинақталған жалпы ұғым, тарихи дәуірдің эпикалық бейнесі. Бұны ескермеу эпикалық дәстүрдің табиғатын түсінбеумен барабар. Кісі аттарының, жер-су атауларының, жекелеген оқиғалардың орналасу тәртібін, шығу тарихын жеке-жеке қарастырып, шындыққа сәйкес емес ауытқуларды «қателік» деп түсіну іс жүзінде эпос дәстүрін мойындамау болып шығады.

Ноғайлы дәуірінің негізін құрайтын Мұрынның «Қырымның қырық батыры» туралы құнды пікірлер айтқан зерттеушілердің бірі – Ә.Қоңыратбаев. бірақ эпикалық дәуірдің жыр үрдісінен туындайтын

өзгешеліктерін ғалым бір жақты, тарих пен эпос арасына тепе-теңдік қою арқылы түсінеді. Ноғайлы батырларының генеологиялық / шежірелік/ ретпен тұтастану жолдарын дұрыс пайымдай келіп, олардың іштей топ құрайтын салаларына /Аңшыбай, Қарадөң, т.б. батырлар және оның ұрпақтары/ арнай тоқталады.

Ғалымның «Аңшыбай жыры» хақында айтқан пікірлерін толық келтірейік: «Аңшыбай атадан жетім қалады. Аң аулаумен айналысып жүріп, аққу болып ұшып жүрген бір «мұсылман» , бір «кәпір» қызына үйленеді. Мұнысы «Оғызнамадағы» Күн қызы мен Жер қызына үйленетін Оғызхан аңызына ұқсас. Ноғайлы батырларын ол Аңшыбайдан таратады. Бұдан соң Аңшыбай Орақшы деген қалмаққа аттанады. орақшы деп отырғаны Орақ батыр болуы да ғажап емес. Ол қыпшақтарға жау болған.

Жағалай жатқан құм екен,

Қалың қамыс, сексеуіл.

Өзі үлкен ну екен,

Ұзын дария – ағын су,

Жағалай барып өтеді.

Мұнда Сыр бойы суреттелген. «Құламерген» ертегісінде Орақ – сиқыршы, жамандық символы. Бұдан соң Аңшыбай қалмақ Ақоралмен соғысады. Онысы бірде – Арал, бірде – Орал. «Ақ» - батыс деген сөз. Ең аяғында Ақарбат елін шабады. Мұрын жырау Аңшыбайдың жүрген жерін Қырым дейді. Аңшыбайдан Бабай-түкті Шашты Әзиз туған болса, олардың қонысы Құмкент /Созақ/ болған. Жыраудың Қырым деп отырғаны ноғай Қырымы емес, қырдағы ел ме дейміз. «Бозұғлан» жырында ол Қырхан делінген.

Тарих пен эпос дәстүрінің арасын осылайша әрбір кісі, жер-су атымен сәйкестендіруге әрекеттенетін болсақ эпостардың дені тарихи ауытқулардың жиынтығы болып шығады. Біріншіден, Аңшыбайдың перінің мұсылман мен кәпір қызына үйленуі мен Оғызханның Күн мен Жер қызына үйленудің арасында байланыс жоқ. Бұларды ортақтастыратын бір ғана жағдай – екеуінің де мифтік санадан туғандығы. Оның өзінде біреуінде ислам идеологиясы басым. Екіншіден, Орақ пен Орақшыны теңестіруде қисын аз. Себебі, Аңшыбай да, Орақ та Мұрын жырларындағы ноғай батырлары. Орақ қыпшақтарға жау болғанда да оның қалмақ батырына айналып кетуіне сену қиын. Ноғайлы дәуірінің бел ортасында жүрген, әрі жеке жырға кейіпкер болған / «Орақ, Мамай»/ Орақты бір топтаманың ішінде біресе ноғайлы, біресе қалмақ батыры ғып түсіндіру зерттеуші тарапынан таңылған долбарлау. Бұл жерде тек кісі аттарының ұқсас болғандығы ғана. Үшіншіден, өзен аты жырда аталмаса да «мұнда Сыр бойы суреттелген» деп түйіндей салу эпос өзгешелігін біржақты түсіндіру. Қазақстанда бұған ұқсайтын Шу, Іле, т.б.өзендер де бар ғой. Мәселе оның қай өзен болғандығында емес, жырдағы тау, өзен, көл, шөл, тоғай, жер сипаттамасына қарап, оған аты аталмаса да картадан орын іздестіру эпосқа өзіргі жаратылыстану туралы ұғымдарды тану болып шығады. Бұл да эпос пен тарих арасына тепе-теңдік

белгі қоюмен бірдей. Төртіншіден, «ақ» сөзі «батыс» деген мағына береді дегенге келіскеннің өзінде жауға /ол батыстан келсе де/ анықтауыш /Ақорал, Ақарбат/ ретінде қолданылғандықтан осылай болып тұр дегенге илану қиынақ. «Ақ» түркі типонимдерінде жиі кездесетін сөз. Бесіншіден, Қырымды «қырдағы ел» деп жорамалдау тіпті нобайсыз.

Шоқан Уалиханов жазып алған «Ер Едіге» жырынан мынадай бір үзінді келтірейік:

Ніл дарияның басында,  
Құмкент шәрі қолында  
Баба Түкті Шашты Әзиз  
Мені сонда тауып ап,  
Едіге деп ат қойғанда...  
Едіге – III.374.

Аңыз бойынша Баба Түкті Шашты Әзиздің сүйегі жатқан Құмкенттің қазіргі Созақ ауданының жеріндегі Қызылкөлдiң маңында екенiне келiсеiйiк. Ал, Ал, Ніл дариясын қалай жорамалдауға болады? Бұл екеуін Қазақстан картасына қатар орналастыру тіптен де мүмкін емес. Бәлкім бұл фольклоршы С.Қасқабасовтың келтірген деректеріндегі «Меккеге қажылыққа барушылар ең алды Мұхамметдің, онан кейін Аль Мутазы-Сейіттің, содан соң осы Баба Тухластың қабіріне барып, тауап ететін болған», - деген мәліметтерімен ұштасып жатпасына кім кепіл? Онда Баба Түкті Шашты Әзиздің мекені Мекке болмақ.

Бұл жерде біз Құмкенттің жанында қазақтар қадірлеп келе жатқан осы әулиенің мазарын жоққа шығарғалы отырған жоқпыз. Шындық осылай да болар. Мәселе бұл жерде эпостың көркемдік нышанына қарай топонимдік, ономастикалық атаулардың қолданылу жолын түсініп алуда болып тұр. Ал эпос поэтикасы, көркемдік өзгешеліктері тек сюжет пен оқиғаларға ғана емес, мезгіл мен мекен ұғымдарына да тиесілі екендігін ескермеуге болмайды.

Сюжет пен оқиғаның қандай сипатта /қиял-ғажайып, шындыққа негізделген, ойдан шығарылған т.б./ болуы мезгіл мен мекенге жер етеді. Ал эпоста кездесетін оқиғалардың шындыққа қатысы әр түрлі дәрежеде, көбінесе аралас. Демек, қандай оқиға қашан, қай жерде өтті деген сауалдар бір-бірімен тығыз байланысты. Батырдың шыққан ортасы, руы, елі-жұрты көбіне шындыққа жақын да /әрине, мұнда да шырттылық бар/, оның тууы – ғажайып оқиғалы, батырдың өз елінде жүрген-тұрған мезгіл-мекені /өсуі, ат таңдауы, асық ойнауы, молдадан сабақ алуы, т.б./ илануға болатындай, ал жат жердегі іс-әрекетінде қиялға тізгін беріле бастайды. Үйде тездеп өскен қаһарман қаншама алыс сапарда ұзақ мезгіл жүрсе де «бала» қалпына қала береді. Жаз жайлап, қыс қыстап жүрген батыр жауға барғанда адам айтқысыз биік қамалдарды бұзып, шаһарларды шауып алады.

Бұл туралы А.Байтұрсынов былай деген: «Батыр әңгімесі өтірік-шыны аралас қойыртпақ әңгіме болады. Шын жағы бұрын батырлар болуы. Батырлар заманында соғыс болуы, батырлар халық үшін қайрат қылуы,

жұртын қорғауы. Өтірік жағы, олардың мінген атына, тұтынған затына өздеріне бітпеген қасиеттерді тану, болмаған күштерді, болмаған істерді телу».

Міне, осының бәрі көркемдік тілекке қарай мезгіл мен мекенді шындық ортадан ойып алып, шырттылықтың ауылына апарып қондырады. Бұл эпос табиғатынан туындайтын заңдылық [20, 89-б].

Қазақ фольклорын, оның ішінде эпостық жанрларды зерттеуге айрықша еңбек сіңірген Ә.Қоңыратбаевтың пікірлерін біз арнайы сынға алғалы отырған жоқпыз. Ғылымның көптеген ізденістері әлі өз бағасын жойған жоқ. Бірақ эпостың тарихпен қарым-қатынасын түсіндіруде орын алып келе жатқан осындай қалыптасқан жағдайдың зерттеуші еңбектерінде ғылыми концепцияға айналғандығын айтпауға болмайтындай. Бұған мына бір пікір де себепші болды. 1942 жылы Мұрын жыраудан жазылып алынған жырларда ауытқулар бар, оған көшіріп алушылар да «тарихи түсінік бере алмаған» дейді ол. Зерттеушінің пікірінше: «Мұрын жырларын бүгінгі адай жыршыларына тарихи түсінікпен қайта жырлатса, ондағы эскиздер толығып, бір ізге келсе керек. Мұрын кейде ноғай батырларын ұнамсыз, оғыз батырларын ұнамды еткен. Көкше ноғай деп, Орақ қызын алмайды. Мұрын ноғайды – монғол, қазақты – оғыз деп, оқиғаны Х ғамырға жіберген. Оғыз тайпаларын Аңшыбай мен Қарадөңнен таратқан. Бірақ Мұрындағы «Едіге», «Орақ» жырлары қазақ емес, ноғай сюжеті, оны Кавказ ноғайлары иемденіп жүр».

Бұл туралы әңгімені созбай, түйіндей айтатын болсақ, алдымен жырау ХХ ғасырдың тарихшысы емес. Ол тарихты қалай жырласа да біз үшін түзетуден кеткен, қаласақ та, қаламасақ та жырау түсінігіндегі, қала берді бүкіл қарапайым халық ұғымындағы тарих осы. Барын бардай қабылдау қажет. Эпос – тарихи құжат емес, рухани мұра. Ал жырауға тарихты түзетіп жырлату жасанды эпос жасау ісімен ағайындас.

<i>Ономастикалық атаулар тізімі</i>	<i>«Беовульф» туралы жыр</i>		
Антропоним (адам аттары)	+	Беовульф, Хродгар, Хигелак, Грендель, Унферт, Виглаф, Эгтеоф т.б.	
Топоним (жер-су аттары)	+	Дания, Британия, Англо-сакстар	
Этноним (ру-тайпа аттары)	+	Скильд тайпасы	
Гидроним (су аттары)	-		
Ороним (тау аттары)	-		

<i>Ономастикалық атаулар тізімі</i>	<i>«Қобыланды батыр» жыры</i>	
Антропоним	+	Қобыланды, Құртқа, Естеміс, Тоқтарбай, Аналық,

(адам аттары)		Қарлығаш т.б.
Топоним (жер-су аттары)	+	Аспахан, Жирен қопа, Қараспан, Қобда т.б.
Этноним (ру-тайпа аттары)	+	Қоңырат,
Гидроним (су аттары)	+	Арыс, Қулы көл, Қобда
Ороним (тау аттары)	+	Алатау, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы т.б

<b>Ономастикалық атаулар тізімі</b>		<b>«Алпамыс батыр» жыры</b>
Антропоним (адам аттары)	+	Алпамыс, Гүлбаршын, Байбөрі, Қарлығаш, Кейкуат т.б.
Топоним (жер-су аттары)	+	Бабата, Отырар, Сайрам, Түркістан, Самарқанд.
Этноним (ру-тайпа аттары)	+	Орта Жүз, Кіші Жүз, Қоңырат, арғын т.б.
Гидроним (су аттары)	+	Байсын көл
Ороним (тау аттары)	+	Қазығұрт, Қаратау, Байсын-тау

<b>Ономастикалық атаулар тізімі</b>		<b>«Ер Тарғын батыр» жыры</b>
Антропоним (адам аттары)	+	Тарғын, Ақжүніс, Қарт Қожақ,
Топоним (жер-су аттары)	+	Астрахан, Бұхара, Мекке, Самарқан
Этноним (ру-тайпа аттары)		
Гидроним (су аттары)	+	Азау теңізі, Ертіс өзені, Еділ өзені, Жайық өзені
Ороним (тау аттары)	+	Қап тауы, Қырым түбегі.

<b>Ономастикалық атаулар тізімі</b>		<b>«Қамбар батыр» жыры</b>
Антропоним (адам аттары)	+	Қамбар, Назым
Топоним (жер-су аттары)	+	Ақарал, Көкарал, Семей, Сүйдін
Этноним (ру-тайпа аттары)	+	Ноғай,



Гидроним аттары)	(су -	
Ороним аттары)	(тау -	

## **АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ САРЫНДАР**

### **2.1 Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы сюжеттік ерекшеліктер**

Эпикалық жанрдың қай-қайсысының да басты өзгешелігі – олардың сюжеттілігінде. Алайда сюжет әрбір шығармада, жанрда өзінше өрбіп, өріліп отырумен қатар, әдеби және фольклорлық дәстүрде де өзінің дара бітімімен көрінеді.

Фольклор сюжеті, оған арқау болған өмірлік деректер көбіне тұрақтанған. Мұндағы сюжеттің шындықты бейнелеу өрісі мыңдаған жылдық дәстүр аясында сүзіліп, іріктеліп, оның өлшем-пішіндер симметриясы тұрақты арнаға, қалыпты ізге түскен. Бұл әсіресе, ертегі, эпос сияқты жанрлардан анық байқалады.

Задында, эпос пен ертегі сюжетін фольклоршылардың есепке алып, тұрақты белгілері бойынша сюжеттік көрсеткіштер мен сюжеттер жинағын шығаруы ауыз әдебиетіндегі эпикалық сюжеттің қалыпқа түскен тұрақтылығын айқын аңғартса керек.

Түптеп келгенде ертегі кейіпкерлерін қызметіне қарай /В.Я.Пропп/, эпос оқиғасын мотивтерге жіктеп қарастыру /А.Н.Веселовский, Б.Н.Путилов/ сюжеттің дәстүрлі бітімімен туындап жатқан тұжырымдар екені даусыз. Осыдан келіп фольклор, оның ішінде эпос сюжетінің сыр-сипатын зерттеудің өзіндік жолы қалыптасқан.

Эпос оқиғаларының желісі уақыт пен кеңістік жағынан белгілі бір тәртіппен орналасып, бас-аяғы бүтін көркем шығармаға айналады. Осыған лайық эпикалық баяндаудың әр халықтың фольклорында қалыптасқан дәстүрлі тәсілі болды. Бір ғажабы, осы өзгешелік сюжеттің ұлттық сипатын да, жалпы ұлтаралық типологиялық белгілерін де анықтауға мүмкіндік береді. Сюжеттің жалпы сырт көрінісі, оқиғалардың орналасу тәртібі мен қаңқасы тұрақты ұлтаралық белгілерімен ерекшеленсе, әрбір нақтылы сюжеттің іштей өрілуі, әлеуметтік мән-мазмұны орта мен жағдайға, ұлттық психологияға, наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа, қоғамдық тартысқа негізделеді.

Демек, сюжеттің екіжақты қызметі бар болып шықты. Шығарманың ұлттық дәстүр үрдісіне сәйкес даму жолы мен оның көп халықтарға ортақ белгілері алдымен сюжет арқылы көрінетіні осыны аңғартады. Эпос, ертегі жанрларының поэтикасы мен типологиясын қарастыруда зерттеушілердің алдымен сюжетке жүгіне бастауы кездейсоқтықтан тумаған. Сюжет көп қырлы, алуан иірімді оқиғалардың жиынтығы ғана емес, көркем шығарманың өзегі де.

Осы орайда сюжеттің композициясымен ара қатысын да айта кеткен жөн. Композиция сюжеттің бас-аяғын жинақтап, сюжетті құрайтын оқиғалардың рет тәртібін, бір-бірімен қиюласуын тұтас жүйеге түсіреді. «Сюжеттік дамудың кезең-кезеңдерін тәртіпке салып, реттеп, қиыннан қиыстырып тұратын нәрсе – шығарманың композициясы», - дейді З. Қабдолов [3, 188-б].

Әрине, бүтін сюжеттің өрбу жолындағы оқиғаның, іс-әрекеттің қызметі, экспозиция, байланыс, шарықтау шегі, шешім сияқты мәнге ие болуынан композицияның бедері айқындала түседі. Мұның сыртында сюжетке енбейтін пролог, эпилог, түрлі тәсілдер де композицияның аясына жатады екен.

Алайда ертегі мен эпостық жанрлардың сюжетін іс-жүзінде мотив пен кейіпкерлердің қызметіне жіктеп қарастыру фольклорлық зерттеуде біраздан бері орын алған. Мұның себебі сюжетті құрайтын сан-қилы оқиғаларды жіктеп таратып, олардың ішіндегі бір-біріне сәйкес келетін белгілерін бірыңғай жинақтауға мотивтің қолайлы болуында.

Сондай-ақ шығармадағы баяндалатын оқиғалар белгілі бір уақыт пен кеңістік аралығында өтетін болса, олардың бас-аяғын бүтіндеп, бір-біріне шебер қиюластыру іс-әрекет арқылы іске асады. Осы тұрғыдан келгенде кейіпкерлердің іс-әрекетінен тұратын, уақыт пен кеңістік жағынан жинақталған оқиға желісін сюжет деп түсінсек болғандай. Демек, сюжеттің негізі кейіпкерлердің іс-әрекетінде жатыр. Ал іс-әрекет кейіпкерлердің сезімі мен ой-дүниесінен, мақсатынан, қимыл-қозғалысынан, талас-тартысынан тұрады [21, 143-б].

Беовульф поэмасы бізге X ғасырдың басында екі түрлі дін мұғалімдерінің қолжазбалары арқылы жетті. Бұл қолжазба қазір Лондонда Британ мұражайында сақталады. Ол кеш ашылды. Басып шығару кезінде (Wanley's Catalogue of Anglo-Saxon Manuscripts) ол бірінші 1705 жылы аталған болатын. 1731 жылы ол қатты өрттен жапа шекті. Кейіннен 1815 жылы оны даттық Торкелин алғаш жариялаған болатын, ал бірінші ағылшын басылымы 1833 жылы қолданылды.

Батыр Беовульфтың өзара тұлғалық байланысымен, поэма екі бөлімнен тұрады. Негізінен, әр бөлімде Беовульфтың ерліктері жайында әңгіме болады; бірінші бөлімде (1-1887 өлең) Беовульфтың көршілес елін қорқынышты екі құбыжықтан құтқарғаны жайында айтылса, екінші бөлімінде (2220 өлеңнен бастап соңына дейін) – оның өз елінде патшалық құрғандығы және 50 жыл бойына елін басқарғандығы, қауіпті аждаһаны жеңгендігі, өзі сол аждаһамен шайқаста жараланып, абыроймен өз елінде жерленгендігі туралы айтылады. Поэманың негізгі бөлігі қосымша эпизодта бұзылады, поэманың шығу тегінің мәселесі өте маңызды мағынасына байланысты, оның күрделі құрамын анықтау, пайда болу уақыты және т.б [22].

Поэманың кіріспесінде аңызға айналған рубасшысы Дат елінің патшасы Скильд Скефинг туралы айтылады. Ол кішкентайында таңқаларлық жағдайда

тура Данияның жағалауына жүзіп келеді. Өскеннен соң сол елдің патшасы атанып, елін ұзақ та сәтті басқарады. Сонымен қатар Скильдинг тайпасын да сәтті басқарды. Скильд тайпасының ұрпағының бірі, патша Хротгар, Хеальфденнің ұлы, соғысқанда жолы болғыш еді, сонымен қатар бақуатты болды. Бірде ол өз отандастарымен бірге үнемі үлкен тойға арналған кең әрі керемет әрленген сарай тұрғызуды ойлады; бүкіл әлем таңқаларлықтай етіп сарай тұрғызып, оны «Хеорот» деп атады («марал сарайы»). Бірақ көңілді тойдың, әншілердің ән айтып жатқан және арфтың дыбысы ұзаққа созылмады. Жақын жерде, «батпақта» қорқынышты құбыжық Грендельдің апаны бар болатын. Бір күні түнде Грендель Хротгардың көңілді тойдан кейін уайымсыз демалуға кіріскен жасақтарының сарайына бас сұғады. Құбыжық ұйқыдағыларға бас салып, бірден 30 батырын тартып алып, және жылдам өзінің апанына әкетіп, оларды қинап жеп қойды. Таңға таяу қуанышты айғайдың орнына қорқынышты зардың дауысы шықты, әр түн сайын құбыжық сарайға өзінің кезекті қанды олжасына келгенде, қайғылы налананың дауысы одан сайын қатты және ащы шыға бастады. Хротгар патша бекерге қайғырып, күйреді, өйткені ол қасіреттің қайтара алмады. Оның сарайы босап қалды, той-думандар тоқтатылды, барлығын ұлы қайғы мен қасірет жаулады. Бұл қасірет жайлы сыбыс, ақырында, геат жеріне де жетті (геаттар – скандинавиялық гаут тайпасы, Швецияның оңтүстік облысында қоныстанған); Хигелак патшаның батыл алып батырларының бірі Беовульф та ол туралы есітті. Ол кемеңі жабдықтауға бұйырып, «аққу жолымен» Хротгарға көмекке асықты; Беовульфпен бірге Хигелактың 14 батыл сарбаздары жүзіп барды. Хротгар патша оларды құрметпен қарсы алды. Олардың құрметіне жасалған той-думан аяқталғаннан кейін, Беовульф геат-достарымен сарайда қалды, датчандар үй-үйіне тарқап кетті.

Түн ортасы ауған кезде Грендель өзінің батпағынан шығып, тез қамалдың есігін ашып, геаттарға ұмтылды, олардың бірін ұстап, сүйектерін қаусатып, сосын қанын сора бастады. Басқаларға ұмтылып үлгерместен, оны Беовульфтың күдіретті қолы оны ұстап алды, сосын олардың арасында қорқынышты шайқас басталды. Бүкіл ғимарат қозғала бастады. Грендель бар күш-жігерін жинап, қолын тартып қалғанда, оның иығының тамырлары үзіліп, буындарынан сүйектері атып шықты, содан оның иығына дейінгі қолы Беовульфтың қолында қалды.

Қатты жараланған Грендель өзінің батпағына құлап кетті. Хротгар жеңімпаздың құрметіне үлкен той ұйымдастырды. Ол Беовульфқа қымбат сыйлықтар ұсынды: сауыт, дулыға және жалау, таза алтыннан жасалған сап, бағалы семсер және қымбат ер-тұрманымен 8 тұлпар. Патшайым оған сәлеммен кубок сыйлады, екі қолына ширатылған алтыннан жасалынған шынжыр, саусақтарына жүзіктер, иығына сыртқы көйлек, ал мойынына – бағалы алқа, әлемдегі алқалардың ішіндегі ең ауыры. Той-думан көңілді және шулы болып жалғасын тапты, әншілердің қатты дауысты әндері арқылы ежелгі батырлардың ерліктері кеңінен тарала бастады. Көбінің балдан бастары ауырлай түсті. Бірақ түн ортасында тағы да Хеороттың есігі

сатырлай бастады және залға әйелге ұқсас, жаңа құбыжық тап болды: ол Грендельдің анасы, өзінің ұлының өлімінің кегін алуға келген. Қорыққанынан датчандар ұйқыларынан оянып кетті, бірақ олардың жанында Беовульф болмаған еді. Беовульф өзіне арнайы әзірлеген бөлмесінде демалып жатқан болатын. Құбыжықты қуып жіберудің сәті түсті, ертеңіне Беовульф оны іздестіруге жолға шықты. Іздер батырды қорқынышты батпаққа алып келді, жыбырлаған қорқынышты жыландар мен құбыжықтары бар тік жарлы жиектің астындағы су қанмен боялған, Беовульф еш қорықтастан тұңғыыққа түсіп кетті.

Беовульф түбіне дейін түскенше су құбыжықтарын шегіндірумен бір күн өтті; ол түбіне әрең дегенде қолы тигенде, Грендельдің анасын көрді, ол Беовульфты тұңғыықтың белгісіз, су ақпайтын бұрышына қызықтырып алып кетті. Беовульф Грендельдің анасына семсермен соққы беріп, шабуыл жасады, бірақ оған зиян келтіре алмады. Сонда ол сәті түсіп қабырғадағы үлкен семсерді жұлып алып, «алыптардың бұйымы», сөйтіп бар күшін жинап оны өлтіреді; сол семсермен өліп қалған Грендельдің басын шауып алып, ежелгі алыптардың қару-жарақтарын өзімен бірге алып кеткісі келеді, бірақ семсер оның қолында мұз секілді сабына дейін еріп кетеді. Ұлы қуаныш болды, Хротгардың қасіреттен босаған Хеороттың құрметіне ұлы да қуанышты жаңа той-думан ұйымдастырылып, батырды отанына шығарып сала отырып, патшаның оған деген парасаты жомарт сыйлықтар арқылы көрсетілді. Поэманың бірінші бөлімі Беовульфтың Хигелакқа келуі жайында суреттелумен аяқталады [22, 63-67-б].

Екінші бөлімде Беовульфтың қария кезін әңгімелейді. Хигелак патша мен оның ұлының өлімінен кейін Беовульф геаттарға 50 жыл бойы бейбіт патшалық құрды. Оның жеріне қорқынышты аждаһа пайда болып, жеріне отты ауызымен зиян келтіре бастайды, қазынасын күзетушілердің бірін ұрлап кеткен кезде қартайған Беовульф оны жекпе-жекте өлтіремін деп шешеді. Ол аждаһаны жаралайды, бірақ оның мықты семсері бөлініп, сынып кетеді – сосын аждаһа батырдың мойыны мен кеудесінен улы тістерімен тістеп, жаралайды. Құбыжық өледі, бірақ жеңімпаз батыр да қатты жараланады: бұл жеңіс Беовульфтың соңғы жеңісі болатын. Ол өлер алдында сүйсініп, қарау үшін үңгірден қазынаны шығаруды бұйырады, сосын өзінің жерлеу рәсімдерін ұйымдастырып, қайтыс болады. Жерлеу рәсімдерін оған адал геаттар қолға алады, оны жерлеу барысында алаудың үстіне Беовульфтың денесі мен оның сауытын қойып өртейді. От лаулайды: батырдың жесірі оны жоқтап, сарбаздар жылайды. Содан соң күлдің үстіне биік қорған тұрғызады; оның айналасында 12 құдіретті алып батырлар қаза болған батырға арнап даңқын асқақтатып, ән салады.

Поэманың өте күрделі құрылымы бірден көзге көрінеді. Сонымен қатар, оның осы уақытқа дейін сақталып бізге жеткеніне, күмәнсіз, кеш шығарылған ескерткіш болып табылады. Оның негізінде өте ежелгі бір немесе бірнеше жазбалардың басылымдары, халық әндерінің ұрпақтан ұрпаққа таралуы болуы мүмкін. Оған анализ жасау өте қиын, поэманың

шыққан уақыты жайлы және зерттеушілер арасында көптеген пікірталастар қиындық тудырады.

Поэманың халықтық батырлар жырына жататыны сөзсіз. Ең алдымен бұл жайлы поэманың мазмұны мен оның орталық образы куәлік бере алады. Беовульф өзін халықтың маңдайына біткен батыры ретінде әрі көптеген адамдар игілігі үшін ерлік жасағаны арқылы бейнелейді. Ол датчандарды қорқынышты құбыжықтар – Грендель мен оның анасынан құтқарады. Поэманың екінші бөлімінде ол «халықтың әкесі» ретінде аждаһадан халқын құтқарады.

Поэманың бірінші бөлімінің орталық эпизодында – Беовульф пен Грендель және оның анасы арасындағы шайқас – үйге басып кіріп, адамдарды ұрлайтын құбыжықтар туралы халықтық ертегілер мен ежелгі аңыздармен параллелді келеді. «Беовульф» поэмасының екінші бөлімінде ортақ германдық аңыздармен байланысты түсіндірмелер бар. Ғалымдар зерттеу барысында Германдық аңыздармен Беовульфты салыстырған. Мұнда герман аңыздарында да аждаһамен шайқасу кездеседі, алайда ол аңыздағы аждаһалар адам ұрлап, халқының тыныштығын бұзбайды. Тек олардың шайқасуы аяқ асты кездесіп, болмаса елдің қазынасын қорғап қалу мақсатында шайқасады. Ал Беовульф пен құбыжықтардың шайқасуында белгілі бір мінез бар. Беовульф олармен халқының тыныштығы мен бейбіт өмір сүрулері үшін шайқасып, соңында өз өмірін құрбан етеді. Шайқас кезінде Беовульфқа әлгі аждаһаның үлкен қауіп төндіріп тұрғанын, оған көмекке бару керек болғанын адал Виглафтан басқа сарбаздар ойламай, қорқып қашады. Аждаһамен шайқас кезінде Беовульфқа еш қорықпастан көмектескен адал әрі батыл сарбазы, досы Виглаф болады.

Барлық ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда «Беовульф» жырын англо-саксондық жыр деп айта алмаймыз. Оған дәлел, бірінші бөлімде барлық іс-әрекеттер Зеландияда болады, ал екінші бөлімінде – Ютландияда. Жырда суреттелетін ешбір іс-әрекетке англдар немесе сакстар қатыспайды. Бұл жайында зерттеушілердің пікірлері әр түрлі: Кейбірі «Беовульф» жыры Англо-саксондар дат елімен көршілес кезіндегі Британияға қоныс тепкен уағында пайда болған десе, ал біреулер, керісінше, дат елінің шабуыл жасап, англо-саксондарға ерекше ықпал етіп және дат елінің патшаларының әдебиетке деген қызығушылығынан пайда болған жыр деп түсіндіреді. Беовульф – тарихи емес, бірақ жырда тарихқа қатысты жағдайларды көрсететін эпизодтарды байқауға болады. Мысалы, солтүстік герман халқының өзімен және көршілес оңтүстік герман халқымен шайқасы.

«Беовульф» жырының халық ауыз әдебиетінен пайда болғаны баршаға мәлім. Ал оны қағазға түсірген автор жайлы көп деректер жоқ. Жырдың «редакторы» христиан дін қызметкері. Бұл жыр шамамен VIII-IX жүзжылдықта жазылған. Оның қолында жыр белгілі бір деңгейде өзгеріске енді. Ол сол кездегі құдайлардың есімдерін және герман мифологиясының іздерін жойып тастады, содан оған христиандық көріністерді енгізді.

Жырдың жазылу тарихына көз жүгіртер болсақ, англо-саксондар кезінде жазылған (ҮШ-ІХғғ.).

«Беовульф» жыры қолжазбалар тізімінің қатарынан ІХ-Х ғасырларда халыққа жария бола бастады. ХІХ ғасырда Беовульф ғалымдардың ғана емес ақын-жазушылардың да назарын аудартты. Заманауи ағылшын тілінде жазылған «Беовульф» бірнеше рет ауыстырылған болатын: Уильям Моррис (1895) пен Арчибальд Стронгтың (1925) өлеңдер аудармасы. Балалар мен жасөспірімдерге насихатталып келді. Орыс жазушысы З. А. Рагозинаның 1898 жылғы басылып шыққан нұсқасы Англия және Америкада көп таралды. «Беовульф» жырын алғаш болып Л. Боткин 1877 жылы француз тіліне аударды.

Англосаксондардың әдебиет тарихында «Беовульфтан» басқа біздің заманымызға дейін жеткен эпикалық шығармадан үзінді келтіре аламыз. Ол 48 өлең жолдарынан тұратын Финнсбургтегі шайқас өлеңінен үзінді келтіруге болады. Бұл үзіндінің қолжазбасы 1705 жылы басылған, бірақ өкінішке орай қазір ол қолжазба жойылып кетті. «Финнсбургтегі шайқас» (The Fight of Finnsburh) туралы «Беовульфта» айтылатыны қызықты жайт. 60 датчан Финн патшалығының билігіне Хнеф пен Хенгесттің таласқаны жайында Хеорот сарайында Хротгор патшаның әншісі ән салатыны жырда кездеседі. Шығармада бүкіл 4 бөлімнің бізге дейін жеткен фрагменті осы шайқас туралы жырды құрайды. Шайқас кезінде Хнеф қайтыс болады, бірақ датчандар 5 күн бойы шайқасты тоқтатпайды. Финн барлық ұлдары мен туыстарынан айырылады. Ақырында, бейбітшілік орнап, дәстүр бойынша Хнефтің денесін өртейді. Бейбітшілік ұзаққа бармайды, Хнефтің өлімі үшін кек алу мақсатында қайтадан соғыс ашылады. «Беовульф» жырында бұл соғыс Финн мен Хенгесттің өлімімен аяқталады. Осы уақытқа дейін сақталып қалған фрагмент Хенгесттің сарбаздарына айтқан сөзі мен шайқастың орта тұсына алып келеді. Бұл басталғалы тұрған қанды соғысты суреттеудің ерекшелігі мықты жігер мен керемет сөз өрнегі болып табылады. «Семсердің жарқылы былай көрінді, - деп жазушы сипаттайды, - бүкіл Финнсбург алаудың құшағында қалғандай көрінеді», және қосымша: «Мен ешқашан мұндай керемет соғыс жайында естімеген едім...».

Бұл қызықты ескерткіштің қай уақытта жазылғаны жайлы еш дерек жоқ, яғни жазылған заманын табу қиындықтар туғызуда. Жалпы болжанып отырған бұл шығарманың стилистикалық құрылымы үлкен эпикалық шығарма емес, қысқаша жазылған батырлық өлең екенін көрсетеді. Жазылу тіліне қарайтын болсақ, біз жоғалтып алған, Х – ХІ ғасырларда жазылған қолжазбадан кейін шыққан нұсқасы екенін байқаймыз. Жоғалып кеткен бөліміндегі сөздер «Беовульф» жырында айтылғандығы оның танымалдылығын көрсетеді, әрі біз бұл батырлық өлеңнің «Беовультен» алдын жазылғанын байқаймыз [23].

Англосаксондардың бізге жеткен тек батырлық жырлары емес, тарихи жырлары да бар. Онда Нормандықтардың Англияны толығымен жаулап алған кезіндегі немесе одан да кейінірек кездегі жалпы Англияның тарихы

туралы жырлар бар. Ол жазбалар біздің заманымызға дейін бүлінген, толық емес нұсқалары болғанымен, оның нақты қай уақытта жазылғаны сақталған. Сол тарихи жазбалардың бірі Мальдондағы шайқас және Эссекстік Бюрхтнот ольдерменнің өлімі туралы жыр.

Жалпы жоғарыда жазылған англосаксондардың кезіндегі жырлар мен өлеңдердің белгілі бір мән-мағынасы, саяси, мәдени тәрбиесі мол. Англосаксон дәуірінде көптеген әдеби жанрлар дүниеге келді. Онда клерикалық поэзия, поэма. Бұл әдеби жанрлардың пайда болуына христиандық шіркеулер, монастырлық мәдениет, тәрбие ықпал етті десек қателеспейміз. Бұл дәуірде пайда болған, яғни жарық көрген, танымал болған жырлар, өлеңдер көбіне анонимді, еш күмәнсіз, үлкен поэтикалық дарыны бар адамдар арқылы көпке танымал, атақты шығармалар болды. Анонимді болған себебі, қазақ әдебиетіндегідей бастапқыда ауызша стиль болатын. Жазбаша стиль кейіннен шыққандықтан оның авторлары жоқ. Жоғарыда айтып өткен англосаксондар дәуіріндегі әдеби жанрлар VIII ғасырда пайда болды.

«Беовульф» жырының ауызша поэтикалық техникасынан әр түрлі уақытта оның текстінің жаңартылып отырғанын байқаймыз. Бұл сөзіміздің куәгері ретінде оның көлемінің үлкен болғандығы (3183 өлең жолдары). Бастапқыда оның екі бөлімі бір-бірімен мүлде байланыспаған. Беовульфтың жеке өзі шайқасқан Грендель және оның анасы, аждаһамен соғысқан әңгімемен байланысты. Сонымен қатар, батырдың мінезі екі бөлімде келтірілгендей, оның тілі де шығу тегі де екі бөлімнің екі түрлі уақытта шыққанымен хронологиялық жағынан бір-бірінен алыс емес.

«Беовульф» осыдан мың жыл бұрын жазылған жалғыз қолжазба болып табылады. Бұл эпопея көптеген ғалымдардың пікірінше, VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың 3-жыртты жылдығына жатады. Сол уақыттарда ағылшын-саксондарда феодалдық кезең басталып жатқан болатын. Поэмада эпикалық архаизация бар. Сонымен қатар, «Беовульфтың» әлемі – патшалар мен батырлар әлемі, той-думан әлемі, күрес пен шайқастың әлемі.

Өте көлемді жазылған ағылшын-саксондық эпопеяның фабуласы күрделі емес. Беовульф гаут тайпасынан шыққан жас сарбаз. Беовульф Хротгор патшаның еліне төнген қатерді естігенде оған көмекке асықты. Ол қатермен шайқасып, Хротгор патшаның елін аман алып қалады. Содан ол сый-құрметпен қайтады. Беовульфтың фантастикалық ерліктері Солтүстік Еуропа халықтарының арасында таралып жүрген адам сенгісіз аңыз-ертегілерге ауысып кетті десек те болады. Себебі, «Беовульфтың» қазір жойылып кеткен, мүлдем есімі атанбайтын тайпалар көрініс табады. Бірақ бас кейіпкер батыр Беовульфқа ешқандай қатысы жоқ: Беовульфтың тарихи прототипі болмаған. Сол заманда алып адамдар мен аждаһаларға бүкіл адамдар еш күмәнсіз сенген, халық пен патшаның арасындағы соғыс жайлы тарихи әңгімелер шындыққа жанасады.

«Беовульф» жырының көркемдік ерекшеліктері оның ел үшін, халықтың тыныштығы үшін, бейбіт өмір сүруі үшін күрескен батыр жайында

болды. Беовульф батыл әрі алып батыр. Ол тек өз елінің ғана емес, көршілес елдердің басына төнген қатерден құтқаруға әрдайым дайын тұратын. Оның ел басқарудағы даналығы, соңынан адам ерте алатын қабілеті, адал достар мен сарбаз таңдауда қателеспеген жырдың ең ұнамды кейіпкері. Беовульфтан қайсарлықты байқаймыз. Ол өз еліне бір туған батыр болып әрі патша болып ел тарихында мәңгі қалады [24].

Батырлар жырының қайсысы болса да оқиғаға құрылады, сюжетсіз жыр болмайды. Жырдың сюжеттік құрылысы жырдағы басты кейіпкер жайын, оның ағайын-жұрты, жолдас-жоралары және олардың бір-бірімен қатысы, қуанышы мен күйініші, алыс-тартыс жорықтары, жау адамдарының іс-әрекеттері жайын суреттеуден туады. Қазақтың батырлар жырының құрылысын сөз еткенде, оның көпшілігіне тән ерекшеліктің бірі — жырдағы оқиғалар басты кейіпкерлер төңірегінде болатындығында. Кейбір жырлардың оқиғалары көбінесе басты кейіпкерлерге байланысты алынады да, солар арқылы дамиды. Бұған мысал ретінде “Қобыланды батыр” мен “Ер Тарғын” жырын келтіруге болады. Жырдың мұндай құрылысы, яғни оқиғаны басты кейіпкер арқылы дамыту — оқиғаны тізбектеп жырлау әдісі деп аталады.

Қазақтың батырлар жырында оқиғаның басталуы әр түрлі болып келеді. Кейбір жырлар (“Ер Тарғын”, “Қамбар”) әңгімені басты кейіпкерлердің ер жетіп, есейген кезінен, содан былайғы жерде жасаған ерлік істерін сипаттаудан бастайды, жырдың сюжетін осылай құрады. Ал енді бір жырларда (“Алпамыс”, “Қобыланды батыр”) жырдың сюжеттік желісі әріден, яғни басты кейіпкердің дүниеге келмей тұрған шағынан, тартылады. Осыдан былай жырдың әңгімесі өрістей, сатылап өрлей, дами береді. Сондай-ақ кей-кейде батырлар жырының оқиғасы басты кейіпкердің (мысалы, “Ер Тарғынның”) бірден іс-әрекетке кірісуінен басталады. Жыршы ақындар өздерінің жырындағы басты кейіпкер жайын айтпастан бұрын, оның кім екендігімен тыңдаушыны таныстырмай тұрып, батырдың ұрыс үстінде жасаған ерліктерін суреттейді. Содан кейін ғана ақын батырға оралып, жырдың оқиғасын ілгерлете жөнеледі.

Біз қазақ фольклорының сюжеттерінде талай замандардың ұғым, образдары бар дейміз. Ноғайлы эпосында мұндай мифтік деректер жоқ. Ол тек ертеден арна тартқан «Алпамыс» (мыстан, қырық қыз), «Қобыланды» (Гоклан, Қызыл дәу), сияқты сюжеттерде ғана кездеседі. Жалғыз көзді дәу – Полифем. Соған қарап біз мұндай сюжеттер VІІІ-ХУІ ғасырлар емес, одан көп заман бұрын туып, ескі сюжет жаңа оқиғалармен жаңғыртылып, реалдық сарын күшейген дейміз. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында аң, құс тотемдерінің ізі сақталған (қара торғай, түлкі). Ол жырдың кәрілігінен хабар береді. Мұны В. М. Жирмунский «фольклор элементі» деген.

«Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» жырларын зерттегенде, кейбір ғалымдар оларды белгілі бір тарихи кезеңдерге ғана кептейді және эпос геройларын тарихи адамдарға ұқсатады. Енді біреулер сюжеттің туған кезеңі мен қайта жырланған дәуірін шатастырады. Ертегі, эпос талай рет қайта



айтылып, тайпа диалектісінен халық тіліне өтіп отырған. Ортақ сюжеттің бір сыры осында. Бірақ эпос төтелей таих емес.

«Алпамыс батыр» жырын терең зерттеген В. М. Жирмунский өзінің «Эпическое сказание об Алпамыше» и «Одиссея» Гомера» деген еңбегінде осы екі жырды сюжет жағынан ұқсас депті. Оны зерттеуші Одиссеяның еліне оралуы мен Алпамыстың ел-жұртына аман-есен жетуінен табады. Сонда сюжет қай елде туған деген сауал туады? Батыстан келген сюжет пе, әлде шығыстан ба? Батыс сюжеті десек, «Алпамыс», «Манас», «Алып Манас» жырлары өзара жақын әрі үндес. Бұл жырлар қазақ, өзбек, моңғол, бурят халықтарында бар. Оның үстіне «Одиссеядағы» Полифемнің «Қорқыт ата кітабында» айтылатын Төбекөз дәуге, «Манастағы» Боқмұрынға ұқсайтыны тағы бар. Х. Зарифов болса, «Алпамышты» өзбек халқының батырлық жыры деген. В. М. Жирмунский сюжетті көне дәуірлерден іздейді, онда мифология элементі бар дейді. Сөйтіп ол «Одиссея» мен «Алпамыс» жырының арасындағы ұқсастыққа үңіледі. Оның айтуынша, «Алпамыс» ортаазиялық емес, батыстық сюжет. Бұл - қызық жорамал [25, 222-234-б].

Екінші жағынан келсек, «Алпамыс батыр» жырының сюжеті ІХ – Х ғасырларда Сыр бойында туып, ХҮ ғасырда хатқа түскен «Қорқыт ата кітабындағы» Бәмсі Байрақ оқиғасымен сабақтас. Ондағы Бәмсі – Алпамыс, Бану Шешек – Гүлбаршын, Баршын мазары – Сыр бойында. Ол оғыз дәуірінен бері бар. Егер осының бәріне көз жұма қарап, «Алпамыс» сюжетін гректердің мүлкі етіп шығаратын болсақ, бұл қиын жай.

Жырдың көптеген түркі тілдес халықтарға ортақтығын ескере отырып, оны тұп-тура ортаазиялық сюжет деп алуға болар еді. Мұның бәрі, әрине, тереңірек зерттеуді қажет етеді. Қазақ фольклористикасы «Алпамыс жырына» қатысты өзінің тиянақты тұжырымын әлі айтар деген ойдамыз.

ҮШ ғасырдағы түріктердің үлкен жауы - араб, ХІІІ ғасырда – монғол, ХҮІІІ ғасырда - жоңғар болған. бірақ осы тарихи оқиғалардың ізі қазақ эпосында "қызыл бас", «қалмақ» деген атаулармен ғана бітеді. Асылы Түрік қағанаты ішіндегі тартыстарды да ескеру қажет. Олар бір ғана Қытай, Иран елдері емес, ұйғыр, қырғыз, қай, кеден, телес, тибет, түргеш тайпаларымен де жауласқан. Қазақ батырларын тарихи геройға ұқсатып, Иранға жібергеннен гөрі, жыр оқиғасын оғыз-қыпшақ дәуірінен іздеген нақтырақ емес пе? Түркі тайпаларының эпосында түрлі шыжымдар бар. Оны «Бозұғлан», «Гургули» және көптеген қазақ жырлары аңғартады. Тарихи адам керек болса, Қазан аты «Қорқыт ата кітабында» бар[51].

Осы жайларды ескере келгенде, біз эпос атаулы бір ғана империя аралығындағы күрестерді емес, сонымен қатар, Түрік қағанаты, оғыз ұлысы, ноғайлы дәуіріндегі тайпалар арасындағы бүліншіліктерден де хабар береді дейміз. Осы бүліншіліктер бір кезде тұтас дүрген иһтайпалардың жіктелуіне әкелген еді.

Сонымен, біз қазақ эпосы қай кезеңде туды деген мәселені сөз еткенде, оны ең алдымен тарихи оқиғалар ізінен және түрліше тотемдік, мифтік, діни ұғымдардан, жер-су, кісі аттарынан іздеуіміз шарт. Сонда ғана қазақ эпосына

таптық сана қай кезде ене бастаған, фольклордағы мифологиялық ойлау қалай туған, тайпалық, ұлттық, халықтық сипат қалай орныққан деген мәселелерге дұрыс жауап бере алмақпыз. Барлық эпос геройларын мезгіл-мекенсіз социологиялаудың берері жоқ. Мұның бәрі фольклордағы фантазия қуаты мен көркем ойлаудың, тілдік құбылыстардың өркендеу процесін рухани мәдениет тарихына жақындау келіп зерттеуге жол ашады. Әрбір образға әдеби мінездемемен қатар тарихи түсінік беріп отыру шарт. Көркем ойлау, көшпелі өмірде сапа мен тілдің табысы, рухани жағынан ең марқа құбылыс болса, түрлі тарихи формацияларға синантроп, антропология, неолит, андрон мәдениеті деп келуден гөрі фольклор тарихы арқылы келу мақсатқа көп жақын. Бұл үшін қазақ фольклорының табиғаты мен генезисін тілмен қатар қойып зерттеу қажет. Сюжет тарихтан туады. Қазақ эпосының табиғатына қарап отырсақ, көркем ойлау тотемдік, мфологиялық, тарихи-реалдық сатылардан өткен екен. Халық санасында тайпалық із, эпос тудырған арна – осы.

Қазақ эпосының тарихилығын сөз еткенде, бір ғана ру, тайпа, халық шеңберінде қалмай, сюжеттерді бүкіл Орта Азия, Алтай, тіпті Шығыс әлемі деңгейінде салыстыра зерттеу керек. Ертедегі космологиялық нанымдар, әлеуметтік құрылыс көп елдердің басынан өткен болса, эпосты от басы, ошақ қасында зерттеу пайдасыз. жадағай әдеби мінездеме – сыңаржақ методология [50].

Батырлық жырдың поэтикалық өзгешелігін сипаттайтын мерзімдік ұғымдардың бірі – сюжеттік уақыт. Бұл да жырлаушы уақыты және эпикалық уақыт сияқты өзінің көптеген сыр-сипатымен көрінеді. Қаһарман іс-әрекетінің өрбуінен туындайды. Сюжеттік уақыт эпостағы өге де мезгілдік-мерзімдік өлшемдерден тығыз байланысты.

Сюжеттік уақыт ең алдымен эпикалық уақыттың ішінде, соның аясында қызмет етеді. Оның басты ерекшелігі де бас-аяғы бүтін эпикалық дәуір ұғымдарымен тәркіндес.

Эпос сюжетін құрайтын оқиғалардың болған уақыты, бір-бірімен мерзімдік ара қашықтықта орналасуы нақтылы тарихи реалды уақытқа қарап емес, жалпы эпикалық дәуірдің болмыс-бітіміне қарайлас келеді. Бұл жағынан қарағанда сюжеттік уақыттың шындыққа қатыстылығынан гөрі көркемдік сипаты басым. Сюжеттік уақыт – эпос поэтикасының, композициялық құрылымының табиғатымен астасып жатқан көркемдік уақыт.

Жырда бейнеленетін оқиғалардың орналасу тәртібінен, олардың мезгілдік өлшемдер бойынша байланысу жүйесінен туындайтын ұғымдардың жиынтығын сюжеттік уақыт деп атауымызға болады. Сюжеттен тыс іс-әрекеттен қаһармандық эпоста жоққа тән. Ал іс-әрекет бар жерде уақыт өлшемі міндетті түрде болады.

Ал қаһармандық эпостағы сюжеттік уақыттың эпикалық дәуірімен байланысты болу себебі мынада: барлық оқиғалардың әлеуметтік астары, қоғамдық нышаны мен өткен мезгілі – тұтас эпикалық дәуір аясы. Сюжеттің

басы да, аяғы да сол дәуір. Оқиғаның пайда болуы дәуірге тән қалыпты жағдайдың бұзылуынан. Қалыптасқан тыныштық пен саяси өмірдегі тепе-теңдік ауытқыған жерден тартыс бас көтереді. Сюжеттің басталуы / экспозиция/ осы жағдайға тікелей тәуелді де, аяқталуы / тартыстың шешілуі/ бұрынғы жағдайдың /демек, бұрынғы мерзімнің де/ қайта орнауы болып шығады /оқиға басталған жерге қаһарманның қайта келуі, туған-туыс, ата-ана, сүйген жар т.б азат ету, бұрынғы әділ қоғамның қайта орнауы, т.б./

Енді сюжеттік уақыттың өзіне келейік. Оның негізгі өлшемдері ең алдымен жырдағы іс-әрекетпен тығыз байланысты. Басталған іс-әрекет қашан аяқталғанша уақыт бойымен созылып отырады. Осы ретте эпостағы барлық іс-әрекет бас қаһарманның жүріс-тұрысымен байланысты екенін көреміз. Бас қаһарман бар жерде оқиға да, іс-әрекет те бар. Онан тыс баяндалатын оқиға некен-саяқ. Барлық іс-әрекеттің түп қазығы бас қаһарман тағдырында жатыр.

М. Ғабдуллин батырлық жыр құрылысына байланысты былай деген: «Қазақтың батырлар жырының құрылысын сөз еткенде, оның көпшілігіне тән ерекшеліктің бірі – жырдағы оқиғалар басты кейіпкерлер төңірегінде болатындығында. кейбір жырлардың оқиғалары көбінесе басты кейіпкерлерге байланысты алынады да, солар арқылы дамиды. Бұған мысал ретінде «Қобыланды батыр» мен «Ер Тарғын» жырын келтіруге болады. Жырдың мұндай құрылысы, яғни оқиғаны басты кейіпкерлер арқылы дамыту – оқиғаны тізбектеп жырлау әдісі деп аталады».

Батырлар жырының құрылысы сюжеттік әңгімелерді қиыннан қиыстырып айта білу, әрбір оқиғаны тартымды етіп суреттеу, негізгі ойдың желісін бұзбай, бір оқиғадан екіншісін тудыру, әрбір ұсақ бөлшектің өзін сипаттай жырлау жыршы ақындардың шеберлігіне байланысты болып отырады. қандай көркем шығарма болса да, оның сюжет құрылысы шеберлікті керек ететіндігін батырлар жыры да дәлелдейді [6, 32-33-б].

Батырлар жырын шығарушы ақындар десек, жырдың әр түрлі варианттары болуы да соларға байланысты. Жыршы ақындарың қайсысы болса да бір батыр жайында ұзағынан айтылатын, мол сюжетке құрылған көлемді жырды бірден шығарған жоқ. Ең әуелі жырға батырдың бір-екі ерлік ісі қосылуы мүмкін. Бұл әңгімелер жұртқа таныс болғаннан кейін, тындаушы көпшілік ақыннан “осы әңгіменің жалғасын айт” деп тілек білдіруі ықтимал. Сол кезде әрбір жыршы жаңағы жұрт қалап отырған және бұрыннан таныс болған жырдың “алды-артын” шығаруға кірісетін секілді. Сөйтіп барып, жырдың алғашқы әңгімелеріне жаңадан, тыңнан сюжет қосылады. Ал жырдың ел арасына бұрын тарап кеткен алғашқы әңгімелері де, соңынан қосылғандары да әрқайсысы өз алдына вариант есебінде айтылып жүрген. “Қобыланды батыр”, “Ер Тарғын”, тағы басқа жырлардың варианттары осылай туған деуге болады.

Батырлар жырының варианттары әдебиет тарихынан айрықша орын алады. Варианттар әрбір жырдың қалай туып және қай бағытта дамығандығын түсінуімізге көп материал болады. Сонымен қатар, ол жыршы

ақындардың творчестволық ерекшеліктерін, ақындық шеберліктерін және олардың көзқарастарын ашуға көмектеседі.

Қазақтың қаһармандық эпосы ішінен жұртшылыққа неғұрлым танымал «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» секілді нұсқалардың жалпы бітімінде классикалық батырлар жырына тән өрнектер толығырақ байқалады. Мұның өзі түрлі халықтар эпосы арасында кең мағынасындағы тарихи - типологиялық ұқсастықтар, маңызды заңдылықтар орын алатындығын аңғартады.

Зерттеушілердің көрсетуі бойынша қаһармандық эпостың көбіне тән негізгі белгілердің бірі - болашақ батырдың ғажайып туысы болып табылады. Бұл сарын (мотив) эпостан бұрынғы жанрларда да (ертегі, аңыз) кездесетіні белгілі. Болашақ батырдың ғажайып туысының мифтік персонаждармен генетикалық байланысы, мифологияның ыдырауы кезеңінде пайда болған кейіпкерлерге қатысы бар екендігі кәміл. Қаһарманның қандай жағдайда туғанын тәптіштеп айту тек композициялық тәсіл немесе өмірбаяндық қажетті элемент қана емес, мұның мәні тереңіректе жатыр. Байқап қарасақ батырдың туғанына дейінгі ахуалды ескерту үлкен идеялық қызмет атқарады екен. Қартайған ата - ананың, дүйім бір елдің жаратқаннан перзент сұрап, мінажат етуі жеке семьялық тілек қана емес, белгілі бір ру, тайпаның шын мүддесі де болып есептелуі эпостың басталуына ерекше құпия қуат дарытқандай болады. Демек, қаһармандық дастан экспозициясы аса үлкен көркемдік роль ойнайды[52].

Бұл жағдай «Алпамыс батыр» жырында неғұрлым толық түрінде берілген. Бүкіл Жиделі - Байсынды жайлап жатқан Байбөрі байдың салтанатын көсілте суреттеу белгілі мақсатты көздейтінін көруге болады.

Бұрынғы өткен заманда,  
Дін - мұсылман аманда,  
Жиделі - Байсын жерінде,  
Қоңырат деген елінде,  
Байбөрі деген бай шықты.  
Тоқсан мың екен қарасы  
Мұрындық ноқта тимеген,  
Түйешілер мінбеген.  
Сексен мың екен маясы.  
Шұрқырап жатқан бір жылқы,  
Тоғай сайын мың жылқы,  
Есебі жоқ көп жылқы,  
Жиделі - Байсын даласы...

Бірақ осыншама шалқыған байлық Байбөріге бір мысқалдай да бақыт бермепті. Оның себебін жыр «соншама бай болса да, жоқ еді ердің баласы» деген сөздермен тұжырымдайды. Рулық - патриархалдық заманда, ата мүлкіне бала ғана мұрагер болатын жағдайда перзентсіздік деген кімге де болса үлкен кемшілік саналатын. Билік пен бедел күшке негізделген дәуірдің салт - санасын «көп қорқытады, терең батырады», «көсеуі ұзынның қолы

күймес», «көптің бір аты - зорлық» деп келетін мақалдардан да байқауға болады. Баласыздықтың зары «Алпамыс батырда» Байбөрі аузымен былай айтылған:

... Алмадың құдай жанымды,  
Бір баланың жоғынан  
Ағайын жеді малымды.  
Айналайын атыңнан,  
Жаратқан жалғыз құдайым,  
Бір баланың жоғынан  
Зорлық қылды маңайым.  
... Баласы жоқ адамның  
Әркімге ақы кетеді.  
«Байбөрі қу бас» деген сөз  
Сүйегімнен өтеді...

Міне осындай жағдайда тәңірден бала тілеп, сұрауы қабыл болғанын көрсету ерекше мәнділікке ие болмақ. Бұл тұста адамның жаралуы туралы көне ұғым елес береді. Ерте заманда дүниедегі күллі жануардың иесі, жебеушісі болады деген ұғым үстем болғаны белгілі. Баланы мінәжат етіп, тілеп алуға болады деген түсінік осыдан туған. Байбөрі мен Аналықтың перзент аңсаған әрекеті төмендегіше жүйеде көрінеді [26, 122-125-б].

Баласыздық зары. Жебеуші «күш-терге» жалбарыну. Әзірет сұлтанға бала тілеп аттану. Әулиеге түнеу, садақа үлестіру. Бабай түкті шашты Әзіз әулиеге сапар шегу. Намаз оқып мінәжат ету. Таңсәріде ақ сәлделі, қолында асасы бар диуана келіп, бұларға бір ұл, бір қыздарың болады деп аян беруі. Аналықтың қабылан етіне жерік болуы. Алпамыстың дүниеге келуі. Ұлан асыр той жасалуы.

Жырда бұлардың бәрі де кең таратылып, келісімді сипатталады. Айтушы жыршы қаһарманның тууы ғажайып күш-терге байланысты екеніне әдейі мән беріп, мұны айрықша оқиға дәрежесіне көтере суреттейді. Алпамыс туғанда Байбөрі жасаған той да ерекше дарқан пейілді аңғартқандай болады.

Болашақ батырдың ғажайып тууы қазақтың, түркі, монғол тілдес басқа халықтардың да эпосында жиі кездеседі. Қазақ жырларынан бұл сарынды «Қобыланды батыр», «Мұңлық - Зарлық», «Шора батыр», «Едіге батыр» аңыздауларынан ұшыратамыз.

Батырдың ғажайып жағдайда дүниеге келуі барлық жырларда түгел тізіліп, жүйелі баяндала бермейді. Оның себебін жырдың айтылу дәстүріне, варианттылығына, не қысқарып, не ұлғайып отыратын табиғатына байланысты қараған жөн. Қазіргі романдарда қаһармандардың туғанынан ер жетіп, кемел істер атқаратынына дейінгі өмір желісі түгел қамтылып айтыла бермейтіні секілді эпоста да мұндай заңдылық орын тебетіндігін көреміз. Мәселе жекелеген жырлардың құрылысындағы әр түрлілік туралы болып отырған жоқ. Қаһармандық эпостың классикалық, неғұрлым барлық нышандары сақталған нұсқаларына тән басты белгілер жайында ғой[53].

Егер эпикалық батырдың өмір бастауы осындай керемет оқиғалармен өрнектелмесе, оның кейінгі алуан, сұрапыл ерліктерін түсіне алмаған болар едік. Есейіп, ақыл, қайраты толысқан кезде мың жауға жалғыз шабатын батырды «жаратылысынан» ерекше ерен етіп көрсетудің психологиялық мотивировкасы осында жатыр.

Қаһармандық эпостың көбіне тән ерекшеліктің енді бірі - батырдың ерте есеюі, алыптықты жастайынан танытып отыруы. Бұл да кездейсоқ емес, эпикалық идеалдандырудың заңды сатысы. Архаикалық элементтері көбірек сақталған саха (якут) эпостарында қаһарманның жедел жетілуі соншалық көтеріңкі, әрі кең таратылып айтылады. Қазақ эпосында да осы дәстүрдің ізі байқалады, жалпы түркі монғол эпикалық жырларымен типологиялық ұқсастық, заңдылығы анық сезіледі.

«Қобыланды батыр» жырынан үзінді келтірейік:

... Алты жасқа келгенде  
Арыстан туған Қобылан -  
Қазынадан қамқа киеді.  
Өзімнің еншім болсын деп,  
Тобылғы меңді торы атты,  
Енші қылып мінеді,  
Қобыландының тілегін  
Бүкіл қыпшақ тіледі.  
Қайыры көп халқына  
Енді түсіп салтына,  
Таулар күйіп, тас жанған  
Алты жасар баланың  
Елбендеген зарпына  
Өзі алты жасында  
Қаршығасы қолында  
Тазысы ерткен соңында...

Қазақ эпосының інжу – маржандарының бірі - «Алпамыс батырда» Алпамыс он жасқа шыққанда алыстағы қалыңдығын іздеуге әзірленген болып көрінеді. Ол жылқыға барып, ат таңдағанда тапқырлық та, қайраттылық та танытады, шұбар атты құйрықтан алып лақтырады, өзінің ырқына әбден көндіріп алған соң ғана тұлпарға мініп, мақсатты жағына қарай тартып отырады. Эпос осылайша, жылдардың оқиғаларын бір ақ аттап, қаһарманды шапшаң сапқа тұрғызады, өзіне тән тәсілмен батырлық пырағына мінгізіп, ерлік ғарышына беттетеді:

... Шұбарды бала ұстады,  
Ашуы жаман қыстады.  
Үйіне де келмеді  
Мен кетемін демеді,  
Жалғыз бауыры Қарлығаш,  
Кетерін де білмеді,  
Саймандарын сайланып,

Алтыннан кемер байланып,  
Абжыландай толғанып,  
Қызыл найза қолға алып,  
Шұбарға қарғып мінеді.  
Құдайдан медет тіледі,  
Қарғып мініп жас бала,  
Ашуы кернеп жөнеді

Қаһармандық эпоста сүйіспеншілікпен суреттелетін бейнелердің бірі - жүйрік ат бейнесі. Ғасырлар бойындағы көшпелі өмір кешкен қазақ халқының тіршілігінде жылқы малының ерекше маңызы болғаны мәлім. Сауса сүт, мінсе көлік, сойса ет дегендей жылқы тұлғи ел санасынан өшпес орын алған, бұл тарапта неше алуан аңыздар, өлеңдер, мақал - мәтелдер шығарған. Соның бәрінде жүйрік, жорға, тұлпар, арғымақ тұлғасы көкке көтеріле мадақталады [27, 85-93-б].

Көне тарихтың куәгері - жылқының қоғам, жеке адам өміріндегі қызметі алуан түрлі. Орта Азияда жылқы өсіру тарихы біздің заманымызға дейінгі төрт мың жылдыққа барады екен. Бұл әлбетте, осы бір түліктің күллі қасиетін, сыр сымбатын жетік білерлік мерзім екені кәміл. Жылқының барлық тұқымы, жасы, түсі, мүшесі, тілдік қорымызда соншалық анық сипатталып отыратыны осыдан. Аттың сұлу тұлғасын суреттеген өлең, жыр жазба әдебиетте де мол.

## **2.2 Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы мотивтік көрсеткіштер**

Фольклорлық жанрлардың сюжетін мотивтерге, іс-әрекеттер мақсатына қарай жіктеудің ұтымды жақтарымен қоса, ұтылатын тұстары бар. Біздіңше, сюжет құрайтын оқиғалардың даму жолдарын, типтік белгілерін көптеген шығармаларға /вариант, версия, редакция/ ортақ сипатын диахрондық аспектіде қарастыруда мотивке арқа сүйеу тиімді.

Өкінішке орай, мотивтің сюжеттегі орын тәртібі мен мән-маңызына, сюжеттік өрбудің кезең-кезеңдеріне қатыстылығы жете ескерілмей келеді. Бұл сюжетті мотив арқылы қарастырудың әлсіз жағы. Біздіңше, мотивтерді сюжеттің даму кезеңдерімен байланыстыруға толық мүмкіндік бар. Ол үшін мотивтерді тек мазмұнына қарай емес, пішініне қарай да жіктеуіміз қажет. Бұл фольклортану ғылымында енді ғана қолға алына бастаған іс.

Түрлі тарихи дәуірлерді, мыңдаған жылдық дамуды бастан кешірген эпостық жырларда наным-сенім, әдет-ғұрып, мифтік, аңыздық түніктер, тұрмыс-тіршілік, тарихи оқиғалар, саяси-әлеуметтік жағдайлар өзара тұтастықта көрінеді. Әрі осы бір ұғымдар тарихи дамудың өн бойында өзгеріп отырады. Демек, тарихилық бүтін шығармаға ғана емес, оның ішкі құрамдас бөліктеріне, сюжеттік, композициялық бітіміне, образдар жүйесіне, көркемдік өрнегі мен тәсілдеріне де қатысты. Ал осылардың типологиясын бүтіннің бөлшегі ретінде бір жанрдың аясында да, жалпы фольклордың

аумағында да қарастыруға болады. Оның үстіне тарихи негізде, яғни диахрондық аспектіде салғастыру да аса маңызды [28, 224-б].

Міне, бұл жерде композиция арқылы қиюласатын сюжеттің өрбу кезеңдерінен /экспозиция, байланыс, кульминация, шешім, т.б./ гөрі, наным-сенім, әдет-ғұрып, әлеуметтік орта, тарихи жағдай көрінісін және осылардың даму жолын мотивке сүйеніп талдау тиімді тәсіл болмақ.

Эпикалық сюжет – тұтас ұғым. Оның ерекшеліктерін, тарихи өрілу жолын, жекелеген бөлітерінің алмасу, жаңару принциптерін мотивтер арқылы жан-жақты сипаттауға болады. Ол үшін алдымен мотивтердің жанрадағы жалпы мән-маңызына тоқтала кетейік[55].

Біріншіден, семантикалық мағынасы жағынан ұқсас мотивтер /кейіпкердің ғажайып тууы, тездеп өсуі, қалыңдық үшін жолға шығуы, т.б./ дәуірі және жанры жағынан бір-біріне сәйкес емес шығармаларда /миф, ертегі, көне эпос, батырлық жыр, лиро-эпос, т.б./ кездесе береді. Бұл жерде мотив көп жанрларға ортақ әлеуметтік астар, сюжетті оқиғалармен, іс-әрекеттермен толтырудың дәстүрлі машығы болып табылады.

Екіншіден, мотивтердің мағыналық ұқсастықтары сырттай ғана, ал олардың сюжетке қарап көркемделуі, нақтылы өрнектелуі әр жанрда, әр шығармада бірдей емес. Ендеше, мотив – кез-келген сюжеттің, тақырып пен идеяның, кеңірек алсақ жанрдың өлшем-пішініне, мақсатына икемдеп қолдануға таптырмайтын даяр шағын типтік оқиға. Ол үнемі түлеп отырады.

Үшіншіден, бір-біріне мағынасы жағынан ұқсамайтын мотивтер де тарихи дамудың нәтижесінде пайда болған. Олардың қызметі көбінесе тың деректерді, тіршіліктегі жаңа көріністерді игеру мақсатымен қарайлас /Ғауазхан далада шылым іздеп жүріп, бір қыздың үйіне тап болады/. Ал кейде жеке-дара тұрған мотивтер ұмыт болған байырғы замандардың наным-сенім, түсініктерімен қарайлас /аруағы жылан болып келіп, Шораны жер жұтып қаза болады/. жалпы типтік сюжеттен ауытқыған жырларда бірегей мотивтер молырақ кездеседі.

Төртіншіден, мотивтердің қызметі екіжақты: әрі дәстүрлі, әрі жаңашылдық сипатта. Анығырақ айтқанда тарихи жаңа мазмұнды дәстүрлі машықтармен игеруде мотив айрықша қызмет атқарады. Мотивтің мағынасы тың деректермен толысып, әлеуметтік ортаға икемделгенімен, оның сюжеттегі семантикалық қызметі сол қалпында қала береді. Өзгеріп отыратын тарихи шындыққа қарай сюжеттің бет бұруы алдымен осы мотивтер арқылы іске асады. Ал жалпы алғанда коллективтік шығармашылықта жаңа мазмұнға лайық жаңа пішін тауып қолдану бір жанрдың ішінде бола бермейтін құбылыс. Мұндай ауысулар сапалық айырмашылығы бар басқа жанрдың пайда болуымен қарайлас.

Мотив – сюжет аясында өзінше дербестігі бар, оқиғасы іштей тұжырымдалып жинақталған бүтіннің бөлшегі, яғни толып жатқан оқиғалар тізбегінен құралатын сюжеттің жекелеген қиындысы.

Бұл орайда мотивтің қызметі бүтіннің бөлшегі ғана болумен шектелмейді, ол – оқиғаларды, ситуацияларды белгілі бір тәртіппен



қиюластыруға қатысатын сюжеттің ең төменгі жинақтаушы және оқиғаларды ұйымдастырушы бөлігі.

Мотивтің қызметі туралы Б.Н.Путиловтың мына пікіріне қосылуға болады: «Мотив выполняет одновременно по крайней мере три постоянные функции: конструктивную, динамическую и семантическую; он входит в составляющие сюжета, он выступает как организованный момент сюжетного движения и несет свои значения, определяющие содержание сюжета. Но у мотива есть еще одна очень важная функция, обусловленная заложенными в нем способности к изменениям, варьированию, трансформациям, к взаимным замещениям: эту функцию можно было бы называть продуцирующей» [29, 140-б].

Мотивтің бұл көрсетілген қызметтері түркі эпостарының негізінде әлі күнге қарастырылған емес. Қазірге дейін мотивтерді мағынасы бойынша топтастырып, оларды өзара шендестіру, сөйтіп ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау – зерттеу еңбектерінде қалыптасқан дәстүр. Түркі эпостарының сюжеттерін мотивтерге бөліп, олардың әрқайсысын кең түрде салыстыра қарастырған, ішкі мағыналық ұқсастықтары мен даралық белгілеріне қарай ажыратқан ғалымдардың бірі – В.М. Жирмунский. Ол көптеген халықтардың фольклорында кең таралған «Алпамыс» жырының сюжетін ала отырып, оның іштей үлкен екі сюжеттен және прологтан тұратынын анықтады.

Бұлардың әрқайсысын ол көптеген мотивтерге жіктеген. Мәселен, прологқа мынадай мотивтер кіреді: батырдың ғажайып тууы, батырға ат қою, оған зақым келмейтіндіктен, балалық шағы, жүйрік ат таңдауы. Батырлық үйлену сюжетіне: батырдың жолға шығуы, түрлі шарттарды орындауы, жарысқа түсуі, т.б.; күйеудің еліне оралу сюжетіне: батырдың тұтқында болуы, еліне қайтып оралуы, өз әйелінің тойына қатысуы, зорлықшыл Ұлтанды жазалауы.

"Манас" эпосының сюжетін талдауға қолайлы болу үшін» В.М. Жирмунский оның мотивтерін төмендегідей бірнеше топтарға жіктейді: 1. Өмірбаяндық мотивтер /батырдың тууы, балалық шағы, үйлену, қайтыс болу/; 2. Туыстары мен қол астындағы әкімдермен қақтығыс және оларды жазалау мотивтері; 3. Бейбіт өмірді суреттейтін мотивтер /мерекелер, той-жиындар, ас беру/; 4. Манастың жорықтары.

Задында, бұлай жіктеуде сюжеттің тұтастығы басшылыққа алынбайды. Сюжет өз алдына қалады да, зерттеуші мотивтермен әуре болып кетеді. Рас, мотивтерді өзара салыстыру барысында ғалым эпостың байырғы қабаттарын, мотивтердің мифпен, ритуалмен, әдет-ғұрыппен байланысын және кейінгі замандардағы эволюциясын жан-жақты талдауға мүмкіндік алды. Бұл эпосты типологиялық аспектіде қарастырудың нақтылығын арттырды.

Дей тұрғанмен, мұнан біз мотивтің сюжет ішіндегі өзгеру, бірін-бірі алмастыру, сондай-ақ сюжеттің өрбу кезеңдеріндегі оның семантикалық мәнін бажайлай алмаймыз. Ол – ол ма, «Манас» эпосының мотивтері зерттеушінің өз тақырыптарына жіктелгендіктен сюжет көрінбей қалған, ал

композиция дәл бұл жерде мүлдем ұмытылған. Бәлкім, ұланғайыр эпостың сюжеті мен композициясы анау-мынау жіктеуге бой бермейтін, ұзыннан ұзық тізім жасап шығуға мәжбүр ететін болғандықтан да ғалым осы жолды қолайлы көрген болуы әбден мүмкін [30, 64-74-б].

Әрине, көлемі жағынан онша үлкен емес жырды сюжеттің өрбуіне қарай мотивтерге жіктеп шығу пәлендей қиындық тудырмайды. Алайда сюжеттің типологиясы мен поэтикасын сөз етуде мұның пайдасы шамалы. Сондықтан бұл жерде біз сюжеттік инвариант деген ұғымға жүгінеміз.

Сюжеттік инвариант көптеген эпостардың сюжеттік желісі, оқиға мен іс-әрекет кезеңдері жинақталған, вариант – толып жатқан жеке-жеке текстердің ортақ белгісінен, сюжеттік коллизия мен тартыстың бірыңғайлылығынан, іс-әрекеттің ұқсастығынан туындайтын жылпы ұғым. Оның шеңбері жанрмен, қала берді бір халықтың фольклорымен ғана шектелмейді.

Түрлі этникалық дәстүрге ортақ сюжеттік инвариант туралы мәселе көтеруге толық негіз бар / «Алпамыс», «Одиссея», «Алып-Манап», т.б./ инвариант о баста бір сюжеттен тарады ма, жоқ әлде басқадай себебі бар ма, оның жауабын ғылым іздестіру үстінде [56].

Түптеп келгенде, сюжеттік инвариант – қайталанатын мотивтердің тобы мен рет тәртібінің жиынтығы. Ал енді осылардың тобын қазақтың батырлық жырларының құрылымына тән сюжеттік инвариант түрінде жіктеп көрейік.

Сюжеттік инвариант

/Типтік мотивтер/

1-Сюжет. БАТЫРҒА ТӘН БАЛАЛЫҚ ШАҚ ЖӘНЕ КЕЙІПКЕРДІҢ  
ҮЙЛЕНУІ /БАТЫРҒА ЛАЙЫҚ ҚҰДАЛЫҚ/

1. Суреттеу – ру /тайпа, ата-ана/ туралы сөз.

2. Кейіпкердің ғажайып жаратылысы.

3. Батырға тән балалық шақ.

4. Алғашқы ерлік /кейінгі эпостарда кезіге бермейді/.

5. Қылындық туралы хабар /қалыңдығын іздеу/.

6. Қалындықпен сынға түсу, белдесу /немесе күйеулер арасындағы бәсеке/.

7. Жеңіс және кейіпкердің қалыңдығымен оралуы.

II-Сюжет. БАТЫРҒА ТӘН ЕРЛІКТЕР

8. Жаудың шабуылы туралы хабар.

9. Жорыққа аттану.

10. Батырлардың белдесуі /кейде жорық сәтсіз болып, батыр тұтқынға түседі/.

11. Жекпе-жек және кейіпкердің жеңісі.

12. Жеңіспен оралу.

III-Сюжет. ЖАУДАН /ҚҰЛДАН, БАҚТАЛАСТАН/РУДЫ /ТАЙПАНЫ,  
ҚАЛЫҢДЫҚТЫ, ТУҒАН-ТУЫСТЫ/ АЗАТ ЕТУ

- 13.Қалыңдық туралы немесе туған-туыстың тұтқынға түскені /қорлық көргені/ жөнінде хабар /түс көру, белгі берілу/.
- 14.Кейіпкердің қалыңдығына дұшпанның / «Қобыландыда» - Алшағыр хан/, бәсекелестің немесе құлдың / «Алпамыста» - Ұлтан құл/үйленуді ниет етуі.
- 15.Қалыңдықпен жасырын кездесу / «Қобыланды»/, немесе қалыңдығының тойына бөтен адамның кейпінде келу / «Алпамыс»/.
- 16.Күрес жарыс үстінде кейіпкердің танылуы.
- 17.Туған жерге оралу немесе бәсекелестерді, құлдарды жазалау.
- 18.Той.

Сюжет пен мотивтердің осылай жіктелуі абстракциялық жинақтауға, яғни инвариантқа негізделгенімен осы бір қаңқаны көптеген қаһармандық эпостың сюжетімен өрелестіруімізге болады [31, 194-б].

Алдымен айтарымыз – мотивтер түгелімен бас-аяғы бүтін көлемді жырлардағы қиюласқан рет тәртібімен алынды да / «Қобыланды», «Алпамыс», «Қарабек», т.б./, толып жатқан өзге батырлық жырлармен өзара шендестірілді. Нәтижесінде іштей үш түрлі сюжеттердің инварианты бар екендігі анықталды.

Мұнан ары байыптай түссек жіктелген сюжеттердің алғашқы екеуі өз алдына жеке-жеке көптеген жырларға арқау болғанын көреміз.

Байырғы эпостардың қатарына жататын «Дотан», «Құбығұл», «Құламерген, Жоямерген» жырларының түп қазығы үйлену, үй ішін қорғау сюжетімен тәркіндес. Рас, бұларда көптеген қосымша мотивтер /мәселен, Құбығұлдың қыз еліне жасырын баруы, жалмауыз кемпірдің Дотанды Шынтемір ханның қызын әкелуге жұмсауы, Құламергеннің Жалмауыздан қашып жүруі, т.б./ бар. Ондай мотивтер өзге эпостық жырларда көп қайталанбайтын болғандықтан сюжеттік инвариантқа жатқызылған жоқ.

Ал енді «Қырымның қырық батыры» сияқты жыр тізбегінің дені І-ші және ІІ-ші сюжеттер. Оның өзінде 5,6,7 мотивтер сиректеу ұшырасады да, сюжет негізінен батырдың балалық шағы мен жауға қарсы ерліктерінің төңірегінде өрбиді. Сөйтіп іс жүзінде екі сюжеттің кірігуінен /контанминация/ тұтас жыр туады [54].

Бұл орайда қандай сюжет болса да соңы 17-ші және 18-ші мотивтермен аяқталуы қалыпты жағдай. Батырдың жолға бір-ақ рет шығуы көбінесе жолдағы оқиғаларды молайтумен, сондай-ақ батырдың күшін, тапқырлығын танытатын іс-әрекеттерді кеңірек суреттеумен толысып отырады. Мұнда сюжеттің жалғамалы тәсілмен ұлғайып отыруынан гөрі іштей өсіп өрбуі басым. Бұл, әсіресе, «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Шынтасұлы Төрехан» /Нұрпейіс нұсқасы/, Ер Сайын /А.Байтұрсынов нұсқасы/, «Ер Көкше» /Радлов нұсқасы/, «Ер Қосай» /Қалқай нұсқасы/ сияқты жырлардан анық байқалады. Бұларға қарағанда сюжеттің жалғамалы, бір-біріне кіріккен сипаты «Алпамыс», «Қобыланды», «Қарабек», т.б. жырларда айқын. Бұл эпостарда үш сюжет те тұтас көрінеді. Батырдың үйлену сапарымен байланысты ерлігі, сыртқы жауға қарсы ел қорғау тақырыбына ұласады да, ол елге оралғанда

бәсекелес құлдың /жаудың/ зорлығының үстінен шығады. Алшағыр Құрқаны / «Қобыланды»/ Ұлтанқұл Гүлбаршынды / «Алпамыс»/ алғалы жатқанда тұтқында болған батырлар елге оралады.

Дүниежүзі эпосынан үндестік табатын / «Одиссея», «Добрыня мен Алеша», «Алып-Манап», «Қорқыт ата кітабы», т.б./ осы сюжеттің көнелігінде дау жоқ. Бірақ типтік оқиғаға дейінгі батырдың басынан кешкендері этникалық тегі бір емес халықтарда /грек, орыс/ әр түрлі оқиғалармен әдіптеледі. Түркі эпосында бұл сюжет батырдың балалық шағы мен үйленуі, сыртқы жауға қарсы ерліктер жасауы сияқты сюжеттермен бірлікте жүреді. Соған қарағанда бірнеше сюжеттердің кірігуі осы жырлардың эпос ретінде пайда болған мезгілімен қарайлас. Әсіресе, бұл түркі халықтарына кең тараған «Алпамыс» сюжетінен анық көрінеді [57].

Сонымен, сюжеттік инварианттық жеке-жеке сюжеттерге жіктелуінен де, олардың тұтастығынан да қазақтың батырлық жырларының құрылымын аңғарғандай боламыз. Бірақ, әділін айтайық, сюжеттік инвариант еш уақытта жекелеген эпостың да, тұтас ұлттық жпикалық дәстүрдің де баламасы бола алмайды. Себебі ол түптеп келгенде көптеген жырлардың абстракцияланған ортақ белгісі ғана. Оның өзінде қайталанатын, типтік мотивтер ғана негізге алынады. Ал мұның сыртында әрқайсысы іштей өзінше өріліп, үйлесім тауып жатқан мыңдаған мотивтерді қойдай көгендеп бір схемаға тықпалау мүмкін емес.

Осы орайда сюжеттік инвариант ешқашан да нақтылы бір жырды көңілге толық ұялата алмайтынын баса айтқымыз келеді.

Бірақ, жанрдың типтік белгілерін, қалыптасқан сюжеттік-композициялық бітімін ажыратуға осындай жалқыдан жалпы ұғымға, нақтылы сюжеттен инвариантқа ойысу поэтиканың типтік нышандарын тұжырымдау үшін тиімді екенін де ескертсек дейміз.

Сонымен, сюжеттік инвариант дегеніміз оқиғалардың орналасу логикасының, мотивтердің қиюласу тәртібінің дәстүрлі машығы болып шығады. Мұндай жағдайда мотивтердің типтік қызметіне ары қарай үңіле түсу қажет. Себебі оқиғаның орналасуынан, іс-әрекет логикасынан туындайтын үйлесімділікке қатысты мотивтің қызметін біз әлі тілге тиек ете қойған жоқпыз.

Дәл осы арада кейіпкердің іс-әрекетін жинақтау арқылы өрбіп отыратын функция /В.Я.Пропп/ мен мотивтің /А.Н.Веселовский, Б.Н.Путилов/ арақатысында тоқталып өткен жөн [58].

Зерттеушілер бұл екеуінің сюжеттік мәнін сөйлем ішіндегі сөздің атқаратын қызметіне теңестіреді. Сөйтсе мотив сөз табы ретінде, ал функция сөйлем мүшесі сияқты қарастыруға лайық екен. Бұған бақсақ, функция ғылыми анализ жасаудың категориясы да, мотив – реалды түрде өмір сүре алатын фольклордағы көркемдік ойлаудың элементі болып шығады .

Жә, айтты-айтпады, В.Я.Пропптың іс жүзіндегі талдауы бойынша функция – кейіпкер әрекетінің жиынтығы мен өрбу тәртібі және бұл ұғым

әзірге ертегі жанрының негізінде дәлелденді. Дәлелденгенде де ғылыми конструкция, ойдағы ұғым ретінде іске асырылады [32, 18-б].

Ал мотив болса көркемдік ойлаудың категория ретінде әлі жинақталған емес. Рас, батырлық жырларға қатысты жағы азды-көпті Б.Н.Путилов тарапынан сөз болып жүр.

Қалай десек те мотивті тек сюжетті бөлшектеудің тәсілі ретінде қолдану жеткіліксіз. Мотив – ғылыми ой-тұжырымның нәтижесінде пайда болған категория емес, реалды этнографиялық негізі бар көркемдік ойлаудың бөлшегі.

Біздіңше, мотивті функцияға жақындатудың жолы оны сюжет өрбуінің кезең-кезеңдерімен байланысты қарастыруда. Оның мынадай себебі бар: мағынасы жағынан бір-біріне сәйкес келетін мотивтердің баяндалу тәсілі, формасы әр эпоста әр басқа болуы мүмкін. Ол – ол ма, кейбір мотивтердің мағынасы бір-бірінен алшақ болғанымен, сюжеттегі атқаратын қызметі бойынша бірыңғай болуы ықтимал. Бұған экспозиция, сюжеттік байланыс, оқиғаның дамуы, т.б. сияқты қызмет атқаратын мотивтің сюжеттік кезеңдерін баяндалу формасын /диалог, монолог, баяндау, т.б./ айтсақ та жеткілікті.

Демек, мотивтердің сюжет аясында қым-қиғаш қарым-қатынасқа түсіп, композициялық үйлесім табуын бажайлау олардың функцияға жақындайтын мән-маңызын да пайымдауға мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан келгенде Б.Н.Путиловтың мотивтерді семантикалық қызметі мен типіне қарай жіктеуі назар аударарлық. Ол мотивтерді былай бөледі: мотив – ситуация, мотив – сөз және мотив – әрекет.

Бұлар сюжет құрайтын мотивтер ретінде оқиғалар тізбегінің негізгі жүгін арқалайды.

Сонымен қатар, осы мотивтерді толықтыру, қосымша өрнектеу үшін жұмсалатын мотив – суреттеу және мотив – мінездеме сияқты түрлері бар. Сюжеттің өрбу кездерімен тікелей байланысып жатпағанымен кейіпкер тұлғасын, мінезін, портретін, батырдың көшіп-қонған елін, жаудың бекінісін, қоршаған ортаның көрінісін суреттеуде бұл мотивтер де аз жүк арқаламайды. Сайып келгенде сюжет құрайтын мотивтердің сарқып құяр сағасы шығарманың оқиғалық, ситуациялық арнасы болса, сюжет құруға қатыспайтын мотивтердің қызметі әлеуметтік фон, жағдай мен орта көрінісін көктеп әдіптеуінде. Соңғы екі мотивтің декорациялық қызметі айқын.

Мотив – ситуация – қаһарманның белсенді іс-әрекетінен тыс, сюжеттің қаһарман жүріс-тұрысын бейнелемейтін қозғалыссыз бөліктерін, сюжеттің қаһарман жүріс-тұрысын бейнелемейтін қозғалыссыз бөліктерін, сюжеттің өрбу кезеңдерінің тыныштық сәттерін қамтиды. Мотивтің бұл түрі көбінесе экспозиция мен жырдың соңында батырдың елге оралып ұлан асыр той болу оқиғасымен байланысты.

Қазақтың батырлық жырларының үлкен тобы әлі дүниеге келмеген қаһарманның ел-жұртын, ата-анасын, дүние-байлығын, бейбіт тіршілігін, қоныс еткен мекенін суреттеуден басталады. Мұнда сюжеттің басталуына

себепші болатын ситуация бірден көріне қоймайды. Экспозиция мотив-суреттеуден басталып, біртіндеп мотив-ситуацияға ауысады. «Қобыланды», «Алпамыс», «Құбығұл», «Қарабек» жырларында болашақ қаһарманның руы, әке-шешесінің әлеуметтік жағдайы, басынан өткен тарихы, байлығы, туған-туыстары кең суреттеледі. Бұл ел мен жердің, мезгіл мен мекеннің тіршіліктің тынысында нақтылы сипат береді. Ертегідегі қайдан шығып, қайдан қойғаны белгісіз кемпір мен шал мұнда жоқ. Кейіпкерлердің әлеуметтік ортасы тарихи шындықтан ойып алынады. Жұрт кең далада, өзен жағасында, жаз жайлауда отырады, малы өрісте жайылып жүреді [33, 105-б].

Осындай елде енді қандай оқиға болатыны бірден байқала қоймайды. Сөйтсек, қартайған ата-ананың үй-ішінің үйлесімділігіне нұқсан келтіріп тұрған жағдай – олардың баласыздығы екен. Әдетте, баласыздыққа қайғыру екі түрлі ситуацияға байланысты:

1. Руы мен мал-мүлкін жаудан қорғайтын, артында ізін басар ұлдың жоқтығына қарт әкенің өз-өзінен қайғыра бастауы: Қобыланды; Алпамыс; т.б.
2. Кемпір мен шалдың баласыздығына қайғыруы олардың құлдан, жамағайын туыстан, жауыз ханнан қорлық көріп, «қубас» деп кемсіткен сөзі себеп болады.

Кейде қартайған кемпір мен шал әлеуметтік жоғары мансабына /хан, би, бай/ қарамастан жиын-тойда «қубас» атанып, көпшілік тарапынан қудалауға ұшырайды. Баласыздарды көпшілік болып қудалау «Қорқыт ата кітабында» да бар. Оғыздардың ең әділ жоғарғы ханы Байындыр Дерсе ханды ұл-қызы жоқ болғаны үшін тойда масқаралайды.

Қаһармандық эпос экспозициясынан орын алған мотив ситуацияның енді бір тобы мотив-мінездемеден басталады. Мұндай экспозицияда батырдың тууы суртетелмейді, жырдың басталуы дүниеге келген батырдың, оның туған-туыстарының мінезіне, түр-тұлғасына сипаттама берумен ашылады. «Қарабек» эпосында /Мәукелей/ батырдың әкесіне, үш анасына және Қарабектің өзіне жыр басында портрет-мінездеме беріледі. Елі мен жерін қысқаша таныстырғаннан кейін Қамбар мен Назымның мінездемесі де жыр басында беріледі [59].

Ағылшын және қазақ эпостарындағы ортақ сарындарды салыстыру кестесі

Мотивтер	Беовульф	Қобыланды батыр	Алпамыс батыр	Ер Тарғын	Қамбар батыр
Дүниеге келу мотиві	-	+	+	-	-
Жар таңдау мотиві	+	+	+	+	+
Тұлпар	-	+	+	+	+

таңдау мотиві					
Достасу мотиві	+	+	-	-	-
Ұрпақ қалдыру мотиві	+	-	+	+	-
Ерлік көрсету мотиві	+	+	+	+	+
Қару-жарақ таңдау мотиві	-	+	+	+	+
Ел патшасы болу мотиві	+	-	-	+	-
Еліне оралу мотиві	+	+	+	-	-
Дүниеден өту мотиві	+	-	-	+	-

Бұдан көретініміз ағылшын және қазақ эпостарында ортақ сарындар кездеседі. Сонымен қатар, айырмашылықтары да жоқ емес. Кестеде көрсетілгендей дүниеге келу мотиві Қобыланды және Алпамыс жырларында бар. Ал Беовульф пен Ер Тарғын және Қамбар батыр жырларынан бұл мотив байқалмайды. Қобыланды батырдың дүниеге келуі былай бейнеленген:

### 2.3 Беовульф және қазақ батырлар жырларындағы образдар жүйесі

Көне тарихтың куәгері - жылқының қоғам, жеке адам өміріндегі қызметі алуан түрлі. Орта Азияда жылқы өсіру тарихы біздің заманымызға дейінгі төрт мың жылдыққа барады екен. Бұл әлбетте, осы бір түліктің күллі қасиетін, сыр сымбатын жетік білерлік мерзім екені кәміл. Жылқының барлық тұқымы, жасы, түсі, мүшесі, тілдік қорымызда соншалық анық

сипатталып отыратыны осыдан. Аттың сұлу тұлғасын суреттеген өлең, жыр жазба әдебиетте де мол.

Батырдың мінген аты жүйрік болып көрсетілуі қаһармандық эпостың түпкілікті идеясына - елді сыртқы жаудан қорғау мақсатына тікелей байланысты. «Ат ердің қанаты» деген нақылда замандар бойында қалыптасқан түйінді пікір жатыр.

Қаһармандық эпоста батырдың аты түрлі жағдайда алуан сипат танытатын киелі жануар есебінде елестейді. Сол қасиеттерді жинақтап келгенде мынадай белгілері екшеліп шығады:

- Ұшқан құстан озатын ересен жүйріктігі;
- Алыс жолға алқынбай жететін қайратты, төзімділігі;
- Батырдың мінезі мен тілегін сезіп отыратын, дұшпанның арам пиғылын танитын естілігі;
- Қысылтаяң тұстарда «тіл бітіп» сөйлеп, батырға ақыл кеңес беретіндігі;
- Сын сағаттарда түсін өзгерте алатын сиқырлы өнері болатындығы;
- Жау келе жатқанын күн ілгері сезіп, иесіне қауіпті білдіретіндігі;
- Батыр мерт болса, денесін далаға қалдырмай, еліне алып келетін опалылығы, т.б.

Әсіресе, батырлар жырында аттың ұшқырлығы ерекше шебер кестеленгеніне қазақ эпосынан мысалды тізіп келтіруге болар еді. Біз аттың жырдағы сипаттамасын жүйелі баяндау үшін ғана қажетті үзінділер келтірумен шектелеміз. «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысын бейнелейтін түс көңілімізді елең еткізіп, қаһармандық еркіндіктің стихиясына қанықтырғандай болады. Сұлулық, асқақтық, өршілдік ұғымдарына еріксіз ұшырастырады, мәрттіктің мәңгі үлгісіндей тұтастығымен және кесектігімен таң қалдырады. Атап өтерлік нәрсе - «Қобыланды батыр» жырында Тайбурылдың әр кезеңдегі шабысы үдемелі түрде бірінен бірі асып түсерлік қасиеттерімен берілген. Сол шабыстың ең шырқау жері қырық күншілік Қазан хан еліне бір - ақ күнде жеткенін көрсететін көркем, кесек шумақтар [34].

Тайбурылдың шабысына лайықты шабытты өлең шалқиды да отырады. Бұл тұста айтушы да, тыңдаушы да, өздері шауып келе жатқандай ләззат алады; ерлік, өрлік, намыстылық бәрі бірігіп, тас түйін болып, бір ғана нысанаға болатындай.

Арандай аузын ашады,  
Аяғын топ - топ басады  
Бір төбенің тозаңын  
Бір төбеге қосады.  
Кешке жақын Тайбурыл  
Жын қаққанға ұқсайды  
Құлан менен құлжаның  
Ұзатпай алдын тосады.  
Көл жағалай отырған  
Көк құтан мен қарабай



Көтеріліп ұшқанша  
Белінен басып асады...

Жүйрік аттың осындай қасиетін ерекше бағалайтын халық оны жан - жануардың бірі деп қана қарамай адам ойын, ниетін түсінетін киелі деп қараған. Жүйрік ат жайлы жазылған шығарма, бейнелеу өнері суреттері, әсем ән мен күй аз емес. Оларда ер адамды ғасырлар бойында мұратына жеткізген жан серігі болған пырақтың бейнесі жан - жақты суреттелген. Бірақ тұлпардың ескі замандағы өшпес, ұмытылмас ең кесек тұлғасы қаһармандық эпоста жасалған секілді[60].

Қаһармандық эпостарға тән белгілердің бірі - ел қамқоры батырдың ең жақын досы, әрі жары, тамаша сұлу, ақылды әйелдер бейнесінің жасалуы. Ал кейбір халықтардың эпосында әйел қаһармандар батырлық жағынан ерлерден кем қалмай, кейде асып түсетін болып суреттеледі.

Батырлар жырында көркемдігі кемел әйел бейнелері жасалған. Халықтың эпикалық санасы әйелдің семьядағы, қоғамдағы орнын лайықты бағалай біледі, батырлардың сүйген жарларын өздеріне тең, айрықша парасат иесі, ел мүддесін кең ойлауға қабілетті, алдағыны болжай білетін, қиын - қыстау кездерде айнымайтын, сүйгені, қосағы жолында басын өлімге де қиюға әзір жандар етіп суреттейді. Бұлар рудың, елдің бүтіндігіне септесетін дана аналар болып та елес береді [35, 48-55-б].

«Қобыланды батырда» Құртқа ерекше шеберлікпен сомдалған. Жырда ол жиі көрінбегенімен, ең қажетті істерді атқарады. Қобыландының тұлпары Тайбурылды мәпелеп өсіріп, алыс жорықта талмайтын етіп шындайды. Қобыландының көңіл - күйін танып, тиісті жерінде ақыл қосуда да Құртқа әдептілік, кемелділік байқатады. Қысқасы Құртқа басына қазақ қоғамы жағдайындағы ең асыл қасиеттер жинақталған. Алпамыс батырдың жары Гүлбаршын туралы да осындай мінездеме айтуға болады.

Қазақ эпостарында әйелдің ақылдылығына үлкен мән беріледі. Құртқа, Гүлбаршын сұлулар ақыл - парасат жағынан ерлерден асып түспесе, кем қалмайды. Ал «Ер Тарғындағы» Ақжүніс, «Қамбар батырдағы» Назым бейнелері жан - жақты суреттелген тұлғалар деуге болады.

Қырым елінен Тарғын Ақжүністі алып қашқанда бұлардың соңдарынан қуғын шығып, солардың ішінен, әсіресе, өктемдеп келгені Қарт Қожақ батыр болып көрінеді. Қарт Қожақ Тарғынды сөзден ұтып, Ақжүністі алып қайтуға таянғанда қыз мейлінше тапқыр, өткір сөздерімен қарт батырдың үмітін іске асырмай, бетін қайтарады.

Қазақ эпосында жасалған әйелдер бейнесінің тізбегінде «Қамбар батырдағы» Назым тұлғасы да ерекшеленіп көрінеді. Назымның өз теңін табу үшін талпынуы, әкесіне батыл шарт қоюы, Қамбармен сырласу үшін әрекеттері - бәрі де бұрынғы қазақ әйелінің сымбатын өзгеше бір қырынан түсіндіре алады. Бұл арада біз эпостағы әйел тұлғасының эволюциясын да көргендей боламыз. Егер Гүлбаршын, Құртқалар бойынан рулық - патриархалдық қоғамның салтына толық сай келетін, көбінше ел ісіне ашық араласпайтын, батырға адал кеңесші, жанашыр бола білетін әйелдер келбетін

көрсек, Ақжүніс, Назымдар өз еріктерін жоғары санайтын жандар болып сипатталады[61].

Жалпы қаһармандық эпостағы әйелдер бейнесі халықтың бір замандағы ұғымына, әйелдің қоғамдағы қызметін жоғары бағалауына сәйкес көркемдік жинақтаулар болғанын көруге болады.

Қазақ қаһармандық эпосына тән ортақ мотивтердің бірі: тілдік, тақырыптық қайталаулардың кеңінен кездесуі [36, 105-б].

Фольклоршылар эпос тілінің формулалығын үш түрге бөліп қарайды. Олар: жекелеген бейнелі сөз тіркестері; түрлі ұқсас жағдайлар суреттелгенде қайталанып келетін жолдар; эпостағы дәстүрлі ситуацияларды бейнелейтін күрделі суреттемелер. Әлбетте бұл түрлердің әрқайсысының қолданылу жиілігі әрбір шығармада, олардың версия, вариантында өзгеше құбылып отырмақ. Бұл тарапта түрлі халықтың фольклорында ортақ ұқсастық та, едәуір айырмашылық та ұшырайтыны табиғи.

Эпос тілі формулалығы қазақ жырларында қаншалықты сақталған деген мәселе шығарманың фольклорлық туысын анықтауға көмектесетіндігі проблеманың бір жағы болса, бұлайша тексеру нақтылы туындыдағы төкпе ақындық нәтижесін де бағалаудың шарты болып саналады.

Қазақ қаһармандық жырларында бейнелік, теңемелік, оқиғалық, тақырыптық қайталаулар көп кездеседі.

Қазақ эпостарында ұшырайтын сөз қайталаулары, эпикалық аңыздауларға ортақ өрнек болып табылатын формулалықтың бір тобы қысқаша тілдік тіркестер, тұрақты эпитеттер мен теңеулер болып табылады. Бұған «жеті жұмақ», «кәміл пір», «қозы жауырын жебе», «құмырсқа бел», «алтын тұрман», «қара ат», «көк бурыл», «сары бел», «ақсұңқар», «алмас қылыш», «тоғыз қабат», «ақ берен» секілділерді мысалға алуға болады. Бұлар жыр көлемінде әлденеше рет қайталанып келіп отырады, эпикалық бейнелеудің күрделі бөлігі болып табылады. Жыршы, жырау, ақындар бұл тәрізді дәстүрлі баламалардың жүздеген нұсқасын жатқа білуі олардың эпос оқиғасын қажет жерінде өзінше баяндап, еркін көсіліп кетуіне мүмкіндік берген. Өйткені мұндай теңеулер халық құлағына ежелден қанықты, жатық естілетін, ешкімнің «жеке меншігі» емес, кімде - кім қисынын тауып, іске жаратуға да хақылы, үйреншікті сөздер болып есептелген.

Эпостағы ауыспалы сөздер мен тіркестердің енді бір парасы қайталанып келетін жолдар. Мұндай тармақтар эпикалық стильдің дәнекері, байланыстырушы элемент секілді. Жырдың даму барысында оның түрлі бөліктеріне тән осындай жолдар мен шумақтар күрделі орын иеленеді. Бұл үлгідегі формула, қайталаулардың кемі бір жол, молырағы бірнеше жолға ұласады. Эпикалық жырлардағы: «әулие қоймай қыдырып, етегін шеңгел сыпырып», «намаздыгер өткенде, намазшамға жеткенде», «қабағына қар қатып, кірпігіне мұз тоңып», «жая десе, жал берген, шекер десе, бал берген», «буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды», «ақ сәлдесі басында, ақ таяғы қолында», «аш күзендей бүгілді, шыбын жаннан түңілді», «ертемен шапса, кеште озған, ылдидан шапса, төсте озған», «тар құрсағын кеңіткен,

тас емшегін жібіткен», «қаланың аузын қан қылды, қақпаның аузын шаң қылды, тұлымдысын тұл қылды», «толықсып тұрған кәпірді, толғап тартып қалады», тәрізді байырғы балама, ұйқастар шығарманың көркем сөз жүйесінде де, құрылысында да елеулі қызмет атқарады.

Бұл тектес жолдар мен шумақтар эпикалық поэзия стилінің формулалығын белгілейтін аса маңызды көрсеткіш, эпостың қайталанбас ерекшелігін құрайтын нақыш болып табылады.

Қазақ эпосында жиі қайталанып отыратын тіркестердің қатарында эпикалық сандарды да көрсетуге болады. Әсіресе, жеті, тоғыз, отыз, қырық, алпыс сексен, тоқсан тәрізді сандар молырақ кездеседі. «Қобыланды батыр» жырында жеті саны бірде «жетігір», «жеті жұмақ» тіркестері түрінде жиырмадан артық рет қайталанған. Қырық санының да қолданылуы осы шамалас. «Алпамыс батыр» эпосында бұл сөз «қырық күншілік шөл», «қырық кез сандық», «қырық қыз», «қырық отау», «қырық балам бар еді» «қырық қыз нөкер» «қырық күн тойын» сияқты тіркестерде кездеседі. Сонымен, эпикалық сандар да өз орнында формулалық міндет атқарады екен [48].

Эпостың тілдік құрамында формулалық үлкен мәнге ие болуы түрлі тақырыптардың қайталана жырлануына, шығарманың белгілі композициялық құрылыс заңдылығына байланысты. Ұқсас тақырыптар мен оқиғалардың сөз болуы тілдік, тіркестік, бейнелік қайталаулар туғызуы табиғи. Қазақ эпосының біразына тән мұндай тақырыптар: кемпір мен шалдың баласыздық зары, әулиеден бала тілеп жалбарынуы, болашақ батырдың ғажайып туысы, оның жедел ер жетуі, қалыңдығы үшін соғыс жүргізуі, тұлпар аттың шабысы, жаудан кек қайтаруы секілді болып келеді. Сөз кестесіндегі сарындастық осындай тақырыптық жақындықтан, композициялық үндестіктен туса, тіл өрнегіндегі айырмашылықтар да осы тұста көрінеді. Айтушы ақын, жырау, жыршы неғұрлым дарынды болса, әрбір оқиға, эпизодты өзгеше мәнерлеп, құбылта суреттеуіне мүмкіндік мол, жырдың түрлі вариантты, нұсқалы болып таралатын себебі осыдан. Эпоста айтылатын тақырып ауданы неғұрлым көп болса, оның лексикалық, стильдік өзгешелігі де соғұрлым кеңірек көрінбек [36, 48-53-б].

Қаһармандық эпос өзінің даму тарихында идеялық және көркемдік жағынын үнемі шыңдалып, жетілу үстінде болған. Бұл жырлар халықтың әр кезеңде жасаған ерліктерін суреттеу арқылы өсіп ұлғайған. Әрбір тарихи кезеңде, халыққа төнген қауіп кезінде асқан ерлік көрсетіп, еліне қамқор болған батырларды халық осындай эпостық жырлармен есте қалдырып отырған. Олардың батырлық бейнесін, ерлік келбетін жасаған [49].

Қазақ эпосындағы қаһармандық бейнелерді ағылшын эпосының қаһармандық бейнесімен салыстыратын болсақ, ұқсастықтарды байқауға болады. Оның ішінде ерлік көрсету мотивтері. Қазақ эпосында да Беовульфта да батырлар қорықпайтын, елінің бір туған азаматтары. Достасу мотивін де мысалға келтіруге болады. Беовульфтың досы Хондскью Беовульфқа Грендельмен шайқас кезінде көмектеседі және Грендельдің қолынан қаза

болады. Бұдан, жырда достықтың рөлі аса зор екендігін байқай аламыз. Барлық жауынгерлер Грендельдің күшінен қорқып Беовульфқа көмекке келуге батылдары жетпегенде, Хондскью досына көмектесу үшін өз өмірін құрбан етеді. Осы тұста Ер Тарғынның батыр достары Көбен, Тебен, сондай-ақ, Қобыландының жолдасы Қараман батыр жайында да айта кетсек болады. Олар да Беовульфтың досы Хондскью секілді достықты барлығынан жоғары қоятын айбынды батырлар. Ер Тарғын мен Қобыландыны жау қолында қалдырмаған ержүрек сарбаздар.

«Беовульф» жырының кейіпкерлерін таныстыра кетсек:

Эскхере – Виглафтың туысы, Ирменлафтың досы; Хродгардың сүйікті кеңесшісі; Грендельдің анасының қолынан қаза болады;

Бенстан – Брекидің әкесі

Беов – дат елінің патшасы; Скильдтің ұлы; Хальфденнің әкесі

БЕОВУЛЬФ - Беовульф, гаут, тарихта қалған патша Хигелактың немере інісі; кейіннен гауттың патшасы; жырдағы батыр

Бреки - Бенстанның ұлы және брондинг сарбазы; жас кезінде Беовульфпен су жарысында күрескен

Эгглаф - Даттық Унферттің әкесі

Эггтеов – Беовульфтың әкесі және Вегмундингтің тайпа басшысы; гаут патшасының Хретелдің жалғыз қызының күйеуі;

Эофор – гаут сарбазы, Швед патшасы Онгентовты өлтірген; Вонредтің ұлы және Вульфтің інісі. Оны және оның ағасын Хигелак патша өте қымбат сыйлықтармен марапаттайды.

Эорменрик - остроготтардың тарихында есімі қалған патшасы, IV ғасырдың соңында өмір сүрген; германдық батырлық жырлардың батыры болған

Фител - Сигмундтің немере інісі (және ұлы)

Фревару - Хродгардың қызы; Ингельдке тұрмысқа береді

Грендель – жырдағы құбыжық, Хродгардың сарайына келіп, сарбаздарын өлтірген; Беовульфтың қолынан өледі

Хальга – дат елінің князі, Хродгардың інісі; Хротульфтің әкесі

Хельфдин – дат елінің патшасы, Беовульфтың ұлы; бейбіт патшалық құрып, соңынан 3 ұл, 1 қыз қалдырды: Хеорогара, Хродагара және Хальга мен есімі осы уақытқа дейін белгісіз келген қызы

Хеорот – Хродгардың керемет сарайы; оны соңында өртеп, құртады. Хеорот - "марал" патша билігімен байланысты деген мағына береді.

Хондскью – гаут сарбазы, Беовульфтің досы; Грендельдің қолынан қаза болады.

Хредель – гаут патшасы, Хигелактың әкесі және Беовульфтың нағашы атасы;

Хредриг – Хродгардың ұлы және Хродмундтың ағасы

Хродгар – дат елінің патшасы; Хальфданның ұлы,

Хродмунд – Хродгардың ұлы; Хредриктің інісі

Хид – Хигелак патшаның әйелі; бірінші күйеуі қайтыс болғаннан кейін Беовульфтың әйелі болуы мүмкін.

Хигелак – гаут патшасы және Беовульфтың немере ағасы;  
Виглаф – Беовульфтың туысы; Скильфинг князі; Беовульфтың қасында  
аждаһамен шайқаста қасында қалып көмектеседі.; Беовульфтен қазына  
алады. Беовульфтың жаназасын ұйымдастырады.

Унверт – гауттық сарбаздар Эофор мен Вульфтың әкесі

Вульф - гауттық Эофордың ағасы және Вонредтің ұлы; Ongentheowға қарсы  
соғысты

Вульфгар – вандал князі (Wendlas); Хродгардың маңызды көмекшісі

Ирменлаф – дат елінің тұрғыны, Эскхеренің інісі [37].

Көрсетілген кейіпкерлер жырда маңызды рөл атқарады. Қазақ эпостарындағы 4 батырмен салыстырғанда айырмашылықтар ұқсастықтарға қарағанда басымырақ. Ұқсастықтарға мән беретін болсақ, ерлік көрсетуі. Беовульф Грендель, оның анасы және аждаһамен өзінің еркімен және халқын қорғау үшін шайқасады. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батырлар» да халықтың бейбітшілігі үшін күреседі. Ер Тарғын мен Қамбар батыр сол ерліктері үшін патшадан сыйлық алғандай, Беовульф та патшадан қымбат сыйлықтар алады. Алпамыс, Қобыланды, Тарғын, Қамбардың әйелдері патшалардың қыздары, сол сияқты Беовульфтың әйелі патшаның қызы болмағанымен, патшаның жесірі.

Ерлік көрсету Беовульфта былай суреттеледі: «Түн ортасы ауған кезде Грендель өзінің батпағынан шығып, тез қамалдың есігін ашып, геаттарға ұмтылды, олардың бірін ұстап, сүйектерін қаусатып, сосын қанын сора бастады. Басқаларға ұмтылып үлгерместен, оны Беовульфтың құдіретті қолы оны ұстап алды, сосын олардың арасында қорқынышты шайқас басталды. Бүкіл ғимарат қозғала бастады. Грендель бар күш-жігерін жинап, қолын тартып қалғанда, оның иығының тамырлары үзіліп, буындарынан сүйектері атып шықты, содан оның иығына дейінгі қолы Беовульфтың қолында қалды. Қатты жараланған Грендель өзінің батпағына құлап кетті.» Содан ары қарай Беовульфтың ерлігі жалғасады: «Бірақ түн ортасында тағы да Хеороттың есігі сатырлай бастады және залға әйелге ұқсас, жаңа құбыжық тап болды: ол Грендельдің анасы, өзінің ұлының өлімінің кегін алуға келген. Қорыққанынан датчандар ұйқыларынан оянып кетті, бірақ олардың жанында Беовульф болмаған еді. Беовульф өзіне арнайы әзірлеген бөлмесінде демалып жатқан болатын. Құбыжықты қуып жіберудің сәті түсті, ертеңіне Беовульф оны іздестіруге жолға шықты. Іздер батырды қорқынышты батпаққа алып келді, жыбырлаған қорқынышты жыландар мен құбыжықтары бар тік жарлы жиектің астындағы су қанмен боялған, Беовульф еш қорықтастан тұңғиыққа түсіп кетті. Беовульф түбіне дейін түскенше су құбыжықтарын шегіндірумен бір күн өтті; ол түбіне әрең дегенде қолы тигенде, Грендельдің анасын көрді, ол Беовульфты тұңғиықтың белгісіз, су ақпайтын бұрышына қызықтырып алып кетті. Беовульф Грендельдің анасына семсермен соққы беріп, шабуыл жасады, бірақ оған зиян келтіре алмады. Сонда ол сәті түсіп қабырғадағы үлкен семсерді жұлып алып, «алыптардың бұйымы», сөйтіп бар күшін жинап оны өлтіреді; сол семсермен өліп қалған Грендельдің басын шауып алып,

ежелгі алыптардың қару-жарақтарын өзімен бірге алып кеткісі келеді, бірақ семсер оның қолында мұз секілді сабына дейін еріп кетеді.» [38].

Өз елінің патшасы атанғаннан кейін Беовульфтың бейбіт те тыныш еліне тағы бір қауіп төнеді. Ол - аждаһа. Беовульф қартайған жасына қарамастан, елінің бейбітшілігі үшін аузынан от шашқан аждаһамен шайқасуға бел буады: «Оның жеріне қорқынышты аждаһа пайда болып, жеріне отты ауызымен зиян келтіре бастайды, қазынасын күзетушілердің бірін ұрлап кеткен кезде қартайған Беовульф оны жекпе-жекте өлтіремін деп шешеді. Ол аждаһаны жаралайды, бірақ оның мықты семсері бөлініп, сынып кетеді – сосын аждаһа батырдың мойыны мен кеудесінен улы тістерімен тістеп, жаралайды. Құбыжық өледі, бірақ жеңімпаз батыр да қатты жараланады: бұл жеңіс Беовульфтың соңғы жеңісі болатын. Ол өлер алдында сүйсініп, қарау үшін үңгірден қазынаны шығаруды бұйырады, сосын өзінің жерлеу рәсімдерін ұйымдастырып, қайтыс болады.».

Қазақ қаһармандары Беовульф секілді құбыжықпен, болмаса аждаһамен шайқасады. Олар қазақ халқының тыныштығын бұзып, жерін тартып алғысы келетін қалмақтармен шайқасады. Беовульфтың бірінші бөлімінде өз елінің емес көршілес елдің халқын құтқарғаны сияқты Ер Тарғын мен Қамбар батыр да сол мотив кездеседі.

Қамбар батыр сүйген қызына құда түсіп, алып кетпекші болған қалмақтың ханымен шайқасады. Қалмақтың ханы Қараман Қамбарды жарлы деп менсінбейді, бірақ оның көрсеткен ерліктерінен хабардар болатын, сондықтан оны барынша құрметтеуге тырысады. Қамбар батырдың ерлік көрсетуі былай суреттеледі:

Қамбар айтты: «Қараман,  
Мықты болсаң, жеке кел!  
Зорлығыңа – сазайың.  
Қасыма таман жақында,  
Қырғи ілген торғайдай  
Мойныңды жұлып алайын.  
Қан ағызып көзіңнен,  
Басыңа сауда салайын.  
Қайтарайын еліңе  
Қалмақтардың талайын.  
Қаратып теріс бетінді,  
Ту сыртыңнан шабайын.  
Олжа қылып атыңды,  
Еріңді отқа жағайын,  
Қонаққа сойған қозыдай  
Тамағыңнан бауыздап,  
Көңіліңді сенің табайын».  
Шыдай алмай бұл сөзге,  
Қаһарға мініп Қараман,  
Жын ұрғандай жұлқынды,

«Әумин» деп қалмақтар,  
Күрзисін алып қолына,  
Ұрайын деп ұмтылды.  
Қамбар айтты патшаға:  
«Сұр бүркіттей түйіліп,  
Ширатасың мұртыңды.  
Қайда дұшпан көрінсе,  
Жүресің беріп сыртыңды.  
Мықты болсаң, жеке кел,  
Қорлама ана қырқыңды.  
Сен залымды өлтіріп,  
Мен сұрайын жұртыңды».  
Суырып алып алмасын,  
Сол сөзді айтып ер Қамбар,  
«Жекпе-жек» деп ұмтылды.  
Жекелеген дұшпанға  
Ақ түйғындай құнтиды,  
Қыз Назымға таласып,  
Екі батыр соғысты,  
Бұлт шайнап, мұз бүркіп,  
Үркер мен айдай тоғысты.  
Әзімбайдың ауылынан  
Қалмақтар қылған қонысты.  
Қараман дәу мен Қамбар бек  
Қарсыласып, қылыш шабысты.  
Ақ найзалар айқасып,  
Нар бурадай алысты.  
Шанышқанына шыдамай,  
Астындағы Күлбадам  
Шөге жата қалысты.  
Қалмақтың ханы Қараман  
Сол жағынан құлады, -  
Артындағы әскері  
Қолынан берді намысты.  
Арыстан туған Қамбар бек  
Аш бөрідей жалақтап,  
Аралады қосынды.  
Ақылынан айырылып,  
Қалмақтар жаман шошынды.  
Ортасынан әскердің  
Қызыл қан ағып жосылды.  
Керейұлы Келмембет  
Бір бәлеге тосылды.  
Айқайын салып Алшыораз,

Бүйірінен қосылды.  
Сол уақытта ер Қамбар  
Аямады жеткенін,  
Найзаменен піседі.  
«Әкежан» деп қалмақтар,  
Бенде боп қолға түседі.»

Қамбар батырдың батылдығын, ержүректігін, нағыз ер жігітке сай мінезін осы өлең жолдарымен дәлелдеуге болады. Беовульф жырында Беовульф құбыжықпен, оның анасымен, кейін пайда болған айдаһармен жекпе-жекке түсіп, оларды жеңеді. Осы тұста Қамбар мен Беовульф жырының ерлік көрсетудегі ұқсастықтарын байқай аламыз. Ал, айрмашылық әрине, бірінші, Қамбар адам баласымен шайқасады, ал Беовульф құбыжықпен. Екіншіден, Қамбар бек Назым үшін, яғни сүйген қызы үшін шайқасса, Беовульф бүкіл халықтың қауіпсіздігі үшін [39].

“Алпамыс” деп аталатын жыр өзбекте де, қазақта да, қарақалпақта да бар. Ағайынды үш елдің айтуындағы бұл жыр мазмұны жағынан бір-біріне ұқсас келеді. Әйткенмен өзара айрмашылығы да жоқ емес. Ондай айрмашылық басты-басты екі әңгімеден көрінеді деуге болады. Бірінші, қазақтар мен қарақалпақтар айтатын жырда Байбөрі мен Байсарының (кейде Сарыбай деп те аталады) аразданып кетуі көкпарға байланысты делінсе, өзбекте олай емес. Өзбектердің жырында Байбөрі ел билеген хан болады, ол қарамағындағы халықтан алым-салық, зекетті көп жинайды. Бұған наразылық ретінде Байсары қалмақ еліне көшіп кетеді. Екінші, қазақтар мен қарақалпақтар айтатын жырдың екінші бөлімі, Байбөрінің малын Тайшық ханның тартып әкетуі жайын суреттеуден басталатын. Ал өзбектің “Алпамысында” Алпамыс Тайшықтың еліне өзінің малын қайыру үшін аттанбайды. Ол Баршынның айтуы бойынша, ханның қысымынан қайын атасы мен қайын енесін құтқару мақсатымен аттанған болады.

Ағайындас үш халықтың айтуындағы “Алпамыс” жырының осы секілді өзара аздаған айрмашылығы бола тұрса да, бұл — әр халықтың өз шығармасы, тума жыры. Сондықтан да әр халық бұл жырдың ертеден келе жатқан сюжет желісін сақтай отырып, оны өздерінше жырлаған және бірнеше вариантқа айналдырған. “Алпамысты” зерттеген өзбек ғалымдары Х. Т. Зарифов пен М. И. Афзаловтың айтуына қарағанда, жырдың өзбекше он бір варианты бар көрінеді. Белгілі фольклорист Т. Сыдықов: “Алпамыстың” қазақша үш үлкен түрі бар,— дейді. Қарақалпақ әдебиетшісі И. Т. Сағитов “Алпамыстың” қарақалпақша бес варианты барлығын айтады.

Бұрлармен қатар, татар, башқұрт, алтай елдерінде Алпамыс жайында шығарылған ертегілер де бар. Татарлардың ертегісі “Алпамша”, башқұрттардікі “Алпамыш”, алтайлықтардікі “Алып-Манаш” деп аталады. Бұл ертегілердің кейбір әңгімелері өзбек, қазақ, қарақалпақ айтатын жырдың алғашқы бөліміне ұқсас келеді. Алпамыстың ерлік көрсетуі:

Енді Алпамыс бақырып,  
«Алатаулап» ұран шақырып,



Қалмаққа жалғыз тиеді.  
Қойға шапқан бөрідей  
Талқандап қуып бөледі.  
Алтын сапты ақберен  
Деммен тартып тиеді.  
Кейбірінің кесіп кәлласын,  
Кейбіреуін тіледі.  
Қалмақтар атқан қалың оқ  
Жаңбырдай болып тиеді.  
Еті түгіл, баланың  
Терісіне кірмеді.  
Ғайып ерен қырық шілтен  
Баланы қолдап демеді.  
Жанып тұрған жалындай.  
Құбылып тұрған сағымдай...».

Өлең жолдары Алпамыстың қалмақтарға жасаған шабуылы туралы. Ол Гүлбаршынды әйелдікке алмақ ниетте болған қалмақ ханы Қараманға ашуланып, Гүлбаршын үшін күреседі. Қамбар батырдың мотивіне өте қатты ұқсайды. Ал Беовульфпен ұқсастықтарын қарастырар болсақ, бұл жерде таңғажайып, адам сенгісіз әрекеттер бар,

«Қалмақтар атқан қалың оқ  
Жаңбырдай болып тиеді.  
Еті түгіл, баланың  
Терісіне кірмеді.»  
«... Тістенеді Қараман,  
Қасқырдай жағы қарысып,  
Бір арманы қалмақтың:  
«Көрмедім, - дейді, - алысып»,  
Кетпесін деп арманда,  
Өтіп кетті бір жерде  
Бір-бір қамшы салысып,  
Қаршығадай қайрылып,  
Қалмақтың бала бір ұрды.  
Жасқанайын дегенде,  
Қолын ұрып сындырып,  
Тағы да шапты қылышпен.  
Оңбады қалмақ бұл істен,  
Әне мәне дегенше,  
Екі қолын сындырды.  
Ұрыстан өзін тындырып,  
Екі қолын сындырып,  
Доңыздай қалмақ шыңғырды.  
Енді бала құтырып,  
Ителгідей жұтынып,

Жетіп келді ұмтылып.  
Жағасынан ұстады,  
Буындырып қалмақты,  
Ат үстінен мұштады.  
Бағана жеген құйрығын  
Ә дегенде-ақ тастады.  
Сүйте-сүйте Қараман  
Кесектеп қанды құсады.  
Ұстады бала жағадан,  
Айрылды патша бағадан...».

Ертедегі ескі мәдени мұрамыздың ескерткіші есебінде ел арасында сақталып, біздің заманымызға жеткен көне жырдың бірі — “Қарақыпшақ Қобыланды батыр”. Бұл жырдың ертеден келе жатқандығына және оны талай жыршы ақындардың айтып өткеніне осы жырды жырлаушының бірі Нұрпейіс Байғаниннің мына бір сөзі дәлел. “Мен, — дейді Нұрпейіс, — “Қобыландыны” он жеті жасымнан жырладым, Сол кезде тұқымы жыршы Махует деген ақыннан осы “Қобыландыны” үйрендім. Махуеттің әкесі Ділмағамбет, Ділмағамбеттің әкесі Бітеген, Бітегеннің әкесі Терлікбай, Терлікбайдың әкесі Бақы, Бақының әкесі Жаскелең, Жаскелеңнің әкесі Текберген деген атақты жыраулар өтіпті. Атадан балаға “Қобыландының” мен айтатын осы желісі қалған екен [40]. Мен мазмұнын бұзбай, ертегісін сол күйінде жырладым. Ожырай деген елден шыққан асқан ақын Қонақберген де, Кенжеқара жыршы да “Қобыландыны” осылай жырлады”. Қобыландының ерлік көрсетуі былай суреттеледі.:

Құртқа сынды сұлуды  
Қобыландыдай батырға  
Берейін деп жатқанын  
Қырық бес кез Қызыл ер  
Хабарын мұның есітті.  
«Меніменен күресіп,  
Жықса, алар» десіпті.  
«Аты-тонын олжалап,  
Аман қайтса, жарар»деп,  
Өзінше желдей есіпті.  
Бетіне жан қаратпай  
Көңілі әбден өсіпті.  
Бұл сөзді естіп Қобылан:  
«Артымда жау қалдырман,  
Берсе құдай несіпті», -  
Деп мініп ап атына,  
Қызыл ерге келеді,  
Келіп те сөйлей береді:  
«Қобыланды келді, шықсын» деп  
Дауыстан хабар береді,

Шықпағасын Қызыл ер  
Жүгіріп үйге енеді.  
Төсекте жатып Қызыл ер  
Қобыландыны көреді.  
«Аяғыммен күрес»деп,  
Бір аяғын береді.  
Алпыс құлаш ала арқан,  
Қызыл ердің ілулі  
Босағада тұр еді.  
Іліп алып аяққа,  
Мініп алып торы атқа,  
Дүрілдетіп жөнелді.  
Қызыл ерді сүйретті,  
Сүйреткі қылып күйретті.  
Ішінде шеңгел, тікенге  
Өкпе, бауырын түйретті.  
Тақымға салып сүйретіп,  
Қабырғасын күйретті.  
Менсінбеген дұшпанды  
Ақылын тауып үйретті.  
Көкбөрі қылып дұшпанын,  
Тау мен тасты күңіретті  
Қорлықпенен өлсін деп,  
Тасқа салып болшалап,  
Қызыл ерді еңіретті.  
Домаланды жерге бас,  
Кеудесінен жан кетті [47].

Ер Тарғынның ерлік көрсетуі: «Ол уақытта Қырым жұртының арғы жағында он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт деген жауы бар еді: Олалай, Бұлалай деген екі ханның елі еді. Ноғайда көп батырлар өтсе де Олалай, Бұлалайдың елін бұрын алғындары жоқ еді. Бұл уақытта Ақшахан талап етіп, неше мың шеру әскер алып аттанды. Тарғын аттанған әскерлерменен бірге аттанып кетті. Оған ешбір кісі жүр деп айтқан жоқ. Тарғынның ол әскердің ішінде екенін тағы да ешкім білмеді. Бұл аттанған әскер торғауытқа барып жетті. Бұлар барып жеткен соң, торғауыт халқынан шың қағылып, барабан соғылып, неше мың көп әскер жиылып соғыс қылды. Жер жүзіне қан сел болды. Олай болса да (қамалды) ешбір адам бұзып ала алмады. Алмаған себебі, қамалдың ішіне кіре алмай кері жұртына қайтпақ болды. Ақшахан жұртына қайтпақ болып тұрғанда:

Тарғын сынды батырың  
Қайтарың жұрттың біледі,  
Алладан пәрмен тіледі,  
Құйысқанын қысқартып,  
Екі айылын берік тартып,

Енді атына мінеді,  
Өлгенім жақсы жүдә деп,  
Тоғыз санды торғауыт,  
Он сандайын оймауыт,  
Барабан соғып, шың қағып,  
Алдымнан әскер жүргізіп,  
Бұйым болды бұ да деп  
Аллалап батыр шабады,  
Жалғыздың жары құдай деп,  
Сары ала туы салбырап,  
Шапты батыр тебініп,  
Жалмауыздай емініп, сырттағы жүрген әскерге  
Қарамады бұл батыр,  
Ішкі қамалға кірді желігіп.

Бұл Тарғын қамалға кірген соң, Ақшаханның әскерлері мұның Тарғын екенін танымаса да, әйтеуір, біздің ноғайлымыздың бір батыры ғой деп, соңынан олар да кірді. Сонан соң бұлар қамалды бұзып алды» [41].

Ер Тарғын жырда ерлік көрсету барысында өз еркімен, жаудың күштілігі мен қамалдың беріктігіне қарамастан қамалға енеді. Солай Ақшаханның көзіне түседі. Беовульф жырында Беовульф қандай мықты қарсылас болсын, одан тайсалмайды. Осы тұста қазақтың төрт батыры мен Беовульфтың батырлықтарын, батылдықтарын, көзге жақсы жағынан тез түсетін қасиеттерін ұқсастық деп санауға болады. Қазақтың батырлар жырын зерттеген әдебиетші, ғалымдар “Ер Тарғын” жыры ноғайлы дәуірінде туды, ол белгілі мөлшерде, сол дәуірде және оның қоғамдық қарым-қатынастарын елестетеді дейді. Ал жырдағы басты кейіпкерлердің тарихта болған, болмағаны туралы тарихи деректің жоқтығынан, оларды әдебиеттік образ есебінде аламыз дегенді айтады. Бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Екіншіден, біздің мақсатымыз ноғайлы дәуірінің жалпы қоғамдық сипатын тарихи тұрғыдан қарастырып, анықтай түсу емес. Біздің көздеп отырғанымыз: ноғайлы дәуірінен қалған және ел арасында бірнеше ғасыр бойына ауызша сақталып келген, ұрпақтан ұрпаққа жеткен “Ер Тарғын” жырының әдебиеттік жайын қарастыру.

Басқа жырларға қарағанда, “Ер Тарғын” жырының варианттары көп емес. Жырдың ең негізгі бір нұсқасын Марабай ақынның айтуынан Н.И.Ильминский 1859 жылы жазып алып, 1862 жылы қазан қаласында бастырып шығарған. Бұл вариант 1892, 1898, 1909, 1913 жылдары қазанда басылған. 1904 жылы Николай Саркин деген кісі бұрынғы Қостанай уезі, Кеңарал болысы, 12-ші ауылдың қазағы Оспан қисықұлының жырдың бір түрін жазып алған (қолжазба күйінде) Мұның Марабай жырынан айырмасы жоқ. Кейіннен Марабай вариантын Ә. Диваев 1922 жылы Ташкентте бастырады. Оқулықтарға еніп жүргені де, жұрттың пайдаланып жүргені де осы вариант.

Мұнымен қатар, В.В.Радлов “Ер Тарғын” жырының өзінің үшінші томына енгізген және ол қырым елінен Ер Тарғын туралы бір ертегіні жазып алған. Ол ертегі Радловтың жетінші томында жарияланған. Тарғынға байланысты жырдың аңыз түрінде айтылатын қысқаша бір вариантын Зердебай Бекарыстанов (Гурьевтік) деген кісі 1939 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясына тапсырған. Бұл аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: «баяғыда қорсы деген кісі болыпты. Оның жалғыз тауығы бар екен. Ол тауығының жұмыртқасын жинап ханға сыйлыққа апарды. Хан бұл сыйлықты алып алғыс айтады және алтын береді. Қорсының баласы жоқ екен. Бір күні ол түс көреді. Түсінде қолына бір қара бүркіт қонады, ол үш рет қомданады да ұшып кетеді. Қорсы түсін балшы-балгерлерге жорытады, баласы болатынын біледі. Арада біраз уақыт өтеді, қорсының әйелі ұл бала табады. Атын Тарғын қояды. Ол батыр болады. Тарғын үш рет жаумен соғысады. (Ертегіде ол соғыстар жайы айтылмайды.) Ақырында Тарғын бір кісіні өлтіріп, өз елінен кетіп қалады деуімен З. Бекарыстановтың ертегі тектес аңызы аяқталады»[35, 81-87].

«Ер Тарғын» жыры – батырлар жырының ішіндегі таңдаулы шығармалардың бірі. Жырда көтерілген негізгі өзекті мәселелер – елдік пен ерлік, жақсылық пен жамандық, адал махаббат пен намысшылдық. «Ер Тарғын» жырында тарихи оқиғалар элементі де кездеседі. Жыр оқиғасы Тарғын деген батырдың қырғыз ханының бір адамын өлтіріп, Қырық сан Қырым жұртына қашып келуімен басталады. «Ер Тарғын» жырының кейіпкерлері:

Ер Тарғын – жырдың негізгі кейіпкері

Ақжүніс – Ер Тарғынның сүйген жары

Ақшахан – Ақжүністің әкесі, Қырық сан Қырым жұртының қырық ханының үлкені

Ханзада хан – Еділдегі Орманбеттің он сан ноғайының ханы

Қарасай ұлы Көбен, Алшағырұлы Тебен, Өмірұлы Себен – Ер Тарғынның батыр жолдастары

Сыпыра жырау – Ер Тарғынға басу айтқан ақылды қария

Ардаби – Ер Тарғын мен Ақжүністің ұлы

Әжігерей, Айтқожа – Ардабидің ұлдары

Тарлан – Ер Тарғынның тұлпары

Қанатты қара – Ақшаханның тұлпары

Қартқожақ – Ер Тарғын мен Ақжүністі қуып жеткен Ақшаханның қарт батыры

Домбауыл – қалмақтың батыры

Жыр соңында барлық қиындықтарды жеңген Тарғын елдің әрі ханы, әрі батыры болады. Ақжүніс екеуінен туған баласы Ардаби де бек әрі асыл би болады. Оның баласы Айтқожа да бес қалаға хан болып, мұратына жетеді [41].

«Алпамыс батыр» жыры – басқа батырлар жырына қарағанда көне жыр болып есептеледі. Жырдың кейбір оқиғалары: Алпамыстың дүниеге келуі,

түртіп қалған баланың өліп қалуы, зынданда жеті жыл жатуы сияқты оқиғалар жырдың көне жыр екенін айғақтай түседі. Жыр жақсылық пен жамандықтың тартысына құрылған. Соған орай жыр кейіпкерлерін екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Алпамыс – негізгі кейіпкер

Байбөрі – Алпамыстың әкесі, Қоңырат елінің байы

Аналық – Алпамыстың анасы

Қарлығаш – Алпамыстың қарындасы

Жәдігер – Алпамыстың баласы

Шұбар ат – Алпамыстың тұлпары

Гүлбаршын – Алпамыстың сүйген жары

Алтыншаш – Гүлбаршынның анасы

Қаракөз – Алпамысқа ғашық болған Тайшық ханның қызы

Кейқуат – Алпамыстың зынданнан шығуына себепкер болған қойшы

Құлтай, Тортай – Алпамыстың туыстары

Ұлтан – зорлық-зомбылықты өз жақындарына жасаған залым адам

Сарыбай – Шекті елінің байы, Гүлбаршынның әкесі

Қараман – Гүлбаршынды зорлықпен алмақ болған қалмақ ханы

Тайшық хан – Байбөрінің жылқысын алып кеткен хан

Таймас – Алпамыспен шайқасқан жігіт

Бадамша – Ұлтанның сақау әйелі

Мыстан кемпір – Алпамысты алдап қолға түсірген жауыздық иесі

Жыр соңында жақсылық пен әділдік жеңіп, Алпамыстың еліне, халқына, ата-анасына, туған-туыстарына жасаған жақсылығымен аяқталады [42].

«Қамбар батыр» жыры – ел арасына көп тараған, ел намысы мен жер намысын қорғау жолындағы Қамбардың бойындағы батырлық, ерлік, батылдық, бірбеткейлік, намысшылдық сияқты ізгі қасиеттерді марапаттауға арналған жыр. Он сегіз жасқа толып, жар іздеген Назымды суреттеуден басталған жыр Қамбардың азаматтық іс-әрекеттерімен жалғасып, өрбіп, дамып отырады. «Қамбар батыр» жырының кейіпкерлері:

Әзімбай – атағы жер жарған бай

Назым – Әзімбайдың жалғыз қызы

Қамбар – жалғыз атты кедей жігіт

Қара қасқа ат – Қамбар батырдың тұлпары

«Қобыланды батыр» – халық ауыз әдебиетіндегі батырлар жырының бірі. Ата-анасының зарығып жүріп көрген жалғыз баласы Қобыланды бойына жастайынан ерге, батырға тән қасиеттерді жиып өседі. Ер-азаматқа лайық ісімен шартты орындап, Көктім аймақ ханның жалғыз қызы Құртқаны ұзатып алуынан басталған жыр оқиғасы Қобыланды батырдың ерлік, батырлық, намысшылдық іс-әрекеттерімен жалғаса береді. Жыр кейіпкерлері:

Қобыланды – негізгі кейіпкер

Аналық пен Тоқтарбай – Қобыландының ата-анасы

Қарлығаш – Қобыландының қарындасы

Естеміс – Тоқтарбайдың жылқышыларының, тоқсан құлының бастығы  
Көктім аймақ – Қызылбас елінің ханы  
Құртқа – Көктім аймақ ханның қызы, Қобыландының сүйген жары  
Қызыл ер – Қызылбас елінің батыры  
Қазан – Қызылбас елінің батыры  
Сейілдің ұлы Қараман – Қобыландының жолдасы, Қазанға қарсы күресетін батыр  
Алшағыр – қалмақтың ханы  
Тайбурыл – Қобыландының тұлпары  
Көбікті – хан  
Қарлыға – Көбікті ханның қызы  
Ақмоншақ – Қарлығаның тұлпары  
Орақ – Қобыландыға көмекке келген жас батыр  
Қамқа – Орақтың анасы  
Қара қасқа ат – Қазанның тұлпары

«Қобыланды батыр» жыры Қобыландының барлық жауларын жеңіп, ел-жұртын, ата-анасын молшылыққа кенелтуімен аяқталады.

Байқағанымыздай, қазақ батырлық жырлары бақытты баянды болып аяқталған. Әрине, оны түсіндіріп жатудың қажеті де жоқ. Өйткені, қазақ халқы әрқашан бейбіт өмірді аңсап өскен халық. Аңыз-әңгімелер, батырлық жырлар сол халықтың ықылас, ынтасынан пайда болған.

Ежелгі германдық эпостың сақталған ескерткіштерінің бірі – англосакс тілінде жазылған «Беовульф туралы поэма». Англосакс тілі деп ежелгі ағылшын тілін айтады. Бұл тілде V ғ. Британияны басып алған германдық тайпалар сөйлеген. «Беовульф туралы поэма» біздерге дейін тек жалғыз қолжазба түрінде жетті. Ол X ғасырдың басында жазылған ежелгі өлеңдер. Поэма 2 бөлімнен және оларға кірген 3000 өлеңнен тұрады. Сол 2 бөлімді біріктіретін бейне – Беовульф бейнесі. Беовульф тарихи адам емес, поэмада тарихи оқиғалар көрсетілгенмен, көптеген эпизодтары басқа халық ертегілерімен салыстырмалы. Ежелгі германдықтар өзінің поэзиясын өлең түрінде ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жалғастырды. Жоғарыда айтып өткендей, Қазақ және ағылшын батырлық жырларындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар байқалады. «Қобыланды батыр» мен «Алпамыс» жырын «Беовульфпен» салыстыратын болсақ, жырларда үшеуінің де кедей отбасында туып өспегені, баршылық пен тоқшылықта өскендіктерін ұқсастықтар қатарына жатқыза аламыз. Беовульфтың туылуы жайында жырда айтылмайды. Ол жырда халқының жанашыры, батыр, ханның ең сенімді қолбасшысы болып суреттеледі. Бұл сипаттар «Ер Тарғында» кездеседі. Оның өзге елге барып, ол елдің жауынгерлерімен бірге соғысқа аттанады. Ешкім аша алмаған жаудың қамалын Тарғын ашып, ханнан сый-құрмет көреді. Беовульф та Хродгар патшадан ерлігі үшін сый-құрмет көріп, бағалы сыйлықтар алады [43, 307-б].

М. Әуезов батырлық жыр мен эпостық дастанның туып, қалыптасуында жоқтаудың, т.б. тұрмыс-салт өлеңдерінің ықпал еткендігі туралы ойларын

айта отырып, басқа халықтардың әдебиетінен мысал келтіргені белгілі. Солардың ішінде «Одиссеяда» Демодоктың Алкиной сарайында Одиссейдің ғайып болғанын, қайғылы халін баян ететін жыры эпопеяның өзегін құраған деп нақты шешім жасаған, - деген сөздері қазақ ғалымының үлкен күрделі шығармаларға қалам тербеп, терең мәнді ғылыми тұжырымдар жасауына жол ашқан.

Гомер мен Агамемнон әңгімесі ескі грек тарихының бір көрнекті шағы болса, Қорқыт пен Оғыз ханның өмірі де дала тарихынан орын алған бір көрнекті ертегісі болатын, - деп бағалаған Ә. Марғұлан, - Ер Төстік Одиссей сияқты ұлы батыр, оның қасындағы серіктері де алыптармен бірдей деген ой айтқан. Зевстің Крогды жеңуін, Ер Төстіктің жайын алып – Долман алыппен алысуымен, Зевстің дәулерді жеңгенін, Ер Төстіктің Шойынқұлақтың бесікте қалған баласын теңізге тастайтынымен тең дәрежедегі әрекеттер деп қарайды. Бірақ Ер Төстік пен Одиссейдің іс-әрекеттері фольклорлық сарындар ретінде дәйектелмеген, әйтсе де, белгілі дәрежеде ой саралауға өзіндік қажеті болары сөзсіз.

Беовульф жырындағы көркемдік ерекшеліктеріне жалпы жырдағы кейіпкерлердің бейнесі, олардың іс-әрекеттері және олардың бір-бірімен жасаған келісімдері, сый-құрметтерін негізгі ерекшеліктеріне жатқыза аламыз. Бұл жырдағы негізгі кейіпкердің мінезі, оның қаһармандық іс-әрекеттері жайында ерекше сипатталған. Оның құбыжық Грендельмен шайқастағы табандылығын ерекше ескерген жөн, өйткені Швеция елінен Дат еліне келіп, Дат еліне төнген зілзаладан құтқару үшін көп еңбек етті және сол еңбегіне лайықты құрметке ие болды[64].

Батырлық жырлардағы типологиялық ұқсастықтарының ерекшеліктері жайлы айтатын болсақ «Беовульф» және «Қобыланды батыр» эпостарын сенімді түрде айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстыра аламыз. Алдымен екі эпикалық поэманың тақырыбы батырдың есімімен аталғанына мән беру керек. «Беовульф» поэмасының негізі мейірімділікті, шайқастағы табандылықты, тайпасына және көсеміне деген адалдығы, дұшпандарынан аяусыз кек алуын сипаттайды. Егер Қобыланды батыр мен Беовульфты салыстыратын болсақ, қазақ эпосындағы кейбір мотивтерді белгілегеніміз жөн. Олар: жар таңдау мотиві, тұлпар таңдау мотиві, батырлардың алғашқы жеңістері жайлы мотиві екі эпоста да кездеседі. Қобыланды батыр өз халқын қорғау үшін адамдармен шайқасса, Беовульф құбыжықтармен шайқасты. Қобыланды батырдың алғашқы шайқасы Құртқа үшін Қызыл-ермен шайқасы болатын [44, 128-б]. Ал, Беовульф алғаш рет теңіз құбыжықтарымен шайқасқан. Екі батырдың басты жеңісі эпостың ортаңғы кезеңінде болды, яғни әр түні Хродгардың сарайына келіп ең мықты сарбаздарын жойған, ал Хродгардың сарбаздары үшін жасалған семсерлер мен қару-жарақтарымен құбыжық Гренделмен шайқасуға күштері жетпеді, ал сол Гренделмен шайқаста Беовульф бар күшін салды. Матростардан естіген Беовульф өзінің атақты күшімен және сарбаздық қабілетімен теңіз асып Хродгарға көмекке барады. Гренделмен жалғыз өзі түнгі шайқаста оның қолын шауып жеңеді



және Грендел үңгірінде өледі. Ұлы үшін кек алмақ болған Гренделдің анасы Беовульфқа су астынан келеді. Оны да жеңу үшін Беовульф су астына түсуге мәжбүр болады. Оны семсерімен бір сермеп өлтіріп тағы бір жеңіске қол жеткізеді. Мұнда батыр құбыжықтарды өлтіретін ғажайып қару-жарақтар тауып отырғанын байқаймыз [45].

Ал, Қобыланды батырда бала кезінен қарсыластарын жеңу үшін өзінің қару-жарақтары болған деседі. Осыған орай, батырлардың қару-жарақтарын ескере, қару-жарақ таңдау мотивін қоса айта аламыз. Қобыланды батыр эпосында оның ең батырлық әрекеті қалмақ ханы Алпағырмен шайқастағы жеңісі болатын. Қобыланды өзіне жолыққан әр түрлі қиындықтарды жеңіп той алдындағы жарыстарға қатысып және одан құр алақан қайтпай жеңіске жетіп өзінің Құртқа атты қалыңдығымен үйіне қайтады. Құртқа батырдың кеңесшісі әрі көмекшісі болған. «Қобыландының жары Құртқа терең және дана махаббаттың символы, қамқор, жұбайына төнгелі тұрған қатерді болжап және олардың алдын алу қабілетіне ие», - деп М.Әуезов жазған болатын. Құртқа батырдың ғажайып Тайбұрыл атты тұлпарын таңдап, оны бағып, өсірген болатын. Тұлпар алты күнде жететін жерге үш сағатта жеткізетін және қанат қағып ұшатын жүйрік ат болып шығады. Эпоста Қобыланды батырдың жаулаушы қалмақтармен шайқасы туралы да сипатталады. Қалмақ батырлары күшті, мықты, олар қазақ жеріне шабуыл жасап, тұрғындардың тынышын бұзып, оларды тұтқынға алады деп суреттеген. Бірақ олар Қобыланды мен оның жасағына қарсы тұра алмаған. Қалмақтың батырларының бірі: «Егер Қобыланды менің жеріме келсе, маған қиын болмақ, ол бүркіт, ал мен қарғамын. Қарғалар – бүркіттің жемтігі. Қобыланды – бүркіт, біз қарғамыз. Онымен шайқасу өте қиын болмақ», - деп мойындаған. Эпоста той-томалақтар, байлықтар, жігіттер сайыстары, жорықтар, шайқастар аз айтылған жоқ. «Қобыланды батыр» мазмұнының тереңдігі мен әдеби құндылықтарға байлығымен халықтық шығарманың ең жақсысы болып табылады.

Беовульф поэмасының екінші бөлімінде айдаһармен шайқасқа түседі. Айдаһармен шайқаста жеңіске жеткенімен, ауыр жарақат алады. Автор бұл жағдайды трагедия ретінде қарамайды, тек абыройлы қаһармандық деп түсіндіреді [65]. Ал, Қобыланды қалмақ ханы Көбіктің тұтқынына түседі, бірақ ханның қызы Қарлығаның арқасында қарсыласын жеңіп, аман-сау тұтқыннан қашып шығады. Екі эпоста батырларға қарсыластарын жеңу үшін достарының көмектескенін айтуға болады [46]. Беовульфтың поэмада мұрагерлері жайлы айтылмайды, бірақ Қобыланды батырдың екі мұрагері болады. Біріншісі Құртқадан Бөкенбай деген ұлы болады, ал екіншісі Қарлығадан Киікбай деген ұлы болады. Екі әйелінің үйлері жақын орналасқан және ұрпаққа үлгі боларлықтай өте тату отбасы болған. Қобыланды халқының жарылқаушысы, қорғаушысы болды. Ал, Беовульф өз елінің королі атанған, бірақ елу жыл ел басқарғаннан кейін де жаңадан елін жоймақшы болған аждаһалармен шайқасқа түсіп, соңында батыр аждаһаны жеңіп, өзі де ауыр жарақаттанады.

«Беовульф туралы поэма» мен «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларын, жырда кездесетін ғажайып іс-әрекеттерімен салыстыруға болады. Беовульф біз өмірімізде кездестірмеген құбыжықтармен шайқасады. Қобыланды батыр мен Алпамыс батыр туылғанда адам сенгісіз жылдамдықпен өседі. Тарғын мен Қамбар батыр жырда орасан күш иелері болып бейнеленген [63].

Айырмашылық жайында айтатын болсақ, ағылшын және қазақ әдебиетінің мәдениеті, салт-дәстүрі, жырдағы кейіпкерлердің бейнесі, ерлік көрсетудегі қимыл-әрекеттеріндегі айырмашылықтар көп болмаса аз емес. Әрине, қазақ пен ағылшын әдебиеті арасында үлкен айырмашылықтар бар. Қазақтың салт-дәстүрі мен ағылшынның салты еш үйлеспейді. Қазақ батырлық жырында, мысалы, Қобыланды жырында оның дүниеге келуі, ата-анасының оған ат қоюы, қарындасының дүниеге келіп, батыр кішкентайынан зерек, батыл, әрі ата-анасына қамқор, сыпайы жігіт болып өскендігін суреттесе, Беовульф туралы поэмада Беовульфтың өмір сүрген патшалығының тарихынан басталады. Патшалықтың алғашқы каролі туралы айтылып, кейіннен Беовульфтың сол патшаның ұрпағы екендігі және Хродгар патшаның еліне төнген қатер туралы айтылып, одан әрі Беовульфтың көрсеткен ерлігін суреттеп, баяндайды. Бұдан байқағанымыз, Қобыланды батырда дүниеге келу мотивін кездестірсек, Беовульфта ол мотив жоқ. Алпамыс батыр жырында да солай. Қобыланды батырдың дүниеге келу мотивімен дәлме дәл ұқсас. Ер Тарғын мен Қамбар батыр жырында дүниеге келу мотиві кездеспейді.

Жар таңдау мотивіне келетін болсақ, Беовульфта бұл мотив бар, сонымен қатар Төрт Батырда да кездеседі. Қазақ батырлар жырында батырдың сүйген жары батырдың досы, ақылшысы, әйелі және өте ұнамды кейіпкерлер санатына жатқызамыз, ал Беовульфта оның әйелі патшаның жесірі, Беовульфты ерліктері үшін таққа отырғызады және оның әйелі атанады. Қазақтың батырлар жырында тек қана батырлардың ерліктері ғана бейнеленбеген, жырда ғашықтық, махаббат, мейірім және бауырмашылдық қатарлас келген. Ал Беовульф туралы поэмада Беовульфтың және де басқа кейіпкерлердің соғыс тактикасы, дұшпанды қалай жеңу керектігі жайындағы тартыстар, шайқасу, таңғажайып әрекеттер басымырақ.

Қорыта айтқанда, эпос өмірімізге, дәл айтқанда әдебиет әлеміне әсері мол. Сонау ежелгі заманнан келе жатқан эпостық құбылыстардың қазіргі заманның ғалымдарына үлкен үлесін қосып отыр. Ағылшын эпосындағы түркілік сарындарды зерттей келе, әдебиет, мәдениет ұлт-ұлыс, нәсіл талғамайтынын түсіндім. Тілдік ерекшеліктері болғанымен, мазмұны ұқсас келеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ағылшын батырлық эпосы «Беовульф» пен қазақтың Төрт Батыры «Қобыланды батыр», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» ағылшын және қазақ әдебиетінде елеулі орын алатын эпостық жырлар.

Зерттеу жұмысында Ағылшын эпостық жырының зерттелуіне көңіл бөлінді. Қазақ батырлар жыры туралы жалпы мағлұматтар берілді. Зерттеу барысында эпостың, мифтің шығу тегі, түрлері жайында ақпараттар қарастырылды. Эпос жанрының зерттелу жайы мен осы саладағы табыстар мен жетістіктері қарастырылды. Бұл зерттеулерде ескерусіз қалған жайттар ғылыми танымға арқау етілді.

Сонымен қатар, Қазақ батырлар жыры мен ағылшын эпостық жырының типологиялық ұқсастықтары мен ерекшеліктері сараланды.

Қазақ әдебиетіндегі эпостық жырлар біздің заманымызға дейін ұрпақтан ұрпаққа тарап, ауызша түрде айтылып келді. Осы күнде біз бұл батырлар жырын кітаптардан оқи аламыз. Қазақ әдебиетінің ең көрнекті де асыл қазынасы болып табылатын – батырлар жыры, қазақ халқының мұңлы зары мен қуаныштан аққан көз жасынан туған. Эпостық жырлардың ішінде ең атақтысы және көптеген түркі халықтарының ішінде нұсқаларымен танымал Төрт Батыр «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр». Диплом жұмысының өзекті болған тақырыбы – батырлардың елін, жерін қорғауы, батылдығы мен ер жігітке сай намысқойлығы. Сонымен қатар, ағылшын эпостық жыры «Беовульф туралы поэма» туралы зерттеулер жүргізілді. Екі елдің әдебиетін салыстыру арқылы типологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталды. Әрине, екі елдің әдебиеті екі түрлі нұсқада жазылғанымен, олардың ең бірінші ұқсастығы – батырлық жыр болып табылады. Зерттеу барысында екі елдің эпостық жырындағы мотивтерден көп ұқсастық байқаймыз. Ерлік көрсету мотиві, жар таңдау, қару-жарақ таңдау, еліне оралу мотивтерінен ұқсас тұстарды көреміз. Осы ретте айырмашылықтың болмауы мүмкін емес. Айырмашылықты зерттеу қиынға соқпайтыны анық. Өйткені, ең бірінші айырмашылық екі елдің салт-дәстүрі, діні, наным-сенімі және жазылу тарихы мен тілі.

Ағылшын және Қазақ эпостарындағы батырлардың образдар жүйесіне талдау жасалып, ерекшеліктері айқындалды. Бір-біріне ұқсамайтын екі ел шеңберінде жазылған жыр болғанына қарамастан, оларда ортақ мотивтер, ұқсас эпизодтар баршылық. Зерттеу жұмысы барысында ағылшын және қазақ батырлары жырларындағы анамастикалық атауларға ерекше көңіл бөлініп, зерттелді.

Ағылшын эпостарында түркілік сарындар типологиялық салыстыру арқылы айқындалды. Зерттеу барысында мотивтерден ағылшын эпостық жырларынан түркілік сарындар көрсетілді. Мысалы, жар таңдау, достасу, ұрпақ қалдыру, ел патшасы болу, еліне оралу сияқты мотивтерден ұқсастықтарды байқауға болады.

Қорыта айтқанда, ағылшын және қазақ эпостарында ортақ сарындар бар. Ағылшын эпостарынан түркілік сарындар кездеседі және

айырмашылықтары да аз емес. Жұмысты жазу барысында, мақсаттың орындалғанына көз жеткізе аламыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993
2. Қазақ энциклопедиясы. Бас редакциясы, 10-том. Алматы, 2007.
3. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970. 194-б.
4. Төрт батыр. – Алматы: Жалын, 1990
5. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. Алматы, 1975
6. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жырлары. Алматы, 1972.
7. Путилов Б.Н. Русский и южнославянский героический эпос. Москва, 1971.
8. Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. Ленинград, 1976.
9. Жирмунский В.М. Сказание об Алпамысе и багатырская сказка. Москва, 1960
10. Мелитинский Е.М. Происхождение героического эпоса, 1963.
11. Смирнов Ю.И. Славянские эпические традиции. Москва, 1974.
12. Тэйлор Э. Первобытная культура. Москва, 1939.
13. Гэсэр. Бурятский героический эпос. Москва, 1973.
14. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы: Ғылым, 1982.
15. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: Ғылым, 2003.
16. Немировский А.И. Мифы древности: Индия. Научно-худ. энциклопедия. (Собрание трудов). - Москва: Лабиринт, 2001.
17. Батырлар жырлары II том. — Алматы: Жазушы. — 1986
18. Ыбыраев Ш. Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі // Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1981. 270-б.
19. Қорқыт ата кітабы. Аударған Ыбыраев Ш // Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Алматы, 1991. 49-б.
20. Лазутин С.Г. Поэтика русского фольклора. М., 1981. 89-б.
21. Путилов Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент // Типологические исследования по фольклору. М., 1975. 143-б.
22. Алексеев М.П. Литература средневековой Англии и Шотландии. Москва: Высшая школа, 1984.
23. Зарубежная литература средних веков. Москва: Просвещение, 1975.
24. Беовульф, Старшая Эдда, Песнь о Нибелунгах. Москва: Художественная литература, 1975.
25. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974. 222-234 -б.
26. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, 1991. 122-125-б.
27. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым, 1984.

28. Неклюдов С.Ю. О некоторых аспектах исследования фольклорных мотивов // Фольклор и этнография. У этнографических истоков фольклорных сюжетов и образов. Л., 1984. 224-б.
29. Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. Л., 1988. 140-б.
30. Марғұлан Ә. Эпос – жыр туғызудағы тарихи мұралар // Халық мұғалімі, 1940. 64-74-б.
31. Веселовский А.Н. Поэтика сюжетов // Историческая поэтика. Л., 1940. 194-б.
32. Пропп В.Я. Морфология сказки. Изд-2-е. М., 1969. 18-б.
33. Смирнов Ю.И. На пути научного поиска // Советское славяноведение. 1764. N4 105-б.
34. Диваев А. Этнографические материалы. Ташкент, 1896.
35. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. Часть 3. Киргизское наречия, 1870.
36. Садырбаев С. Қазақ эпосының тұтастану мәселелері. Алматы, 1965.
37. Magennis, Hugh. *Translating Beowulf: Modern Versions in English Verse*. Cambridge: D. S. Brewer, 2011.
38. Carlyle, Thomas. *Past and Present*. 1843. Edited by Chris R. Vanden Bossche and Joel J. Brattin. Berkeley: University of California Press, 2006.
39. Earle, John. *Anglo-Saxon Literature*. London: Society for Promoting Christian Knowledge, 1884.
40. Бердібаев Р. Түркі-моңғол халықтар эпосындағы кейбір ортақ желілер // Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы: Ғылым, 1981.
41. Казахский героический эпос. Москва, 1945.
42. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1974. 164-б.
43. Левинтон Г.А. К проблеме изучения повествовательного фольклора // Типологические исследования по фольклору М., 1975. 307-б.
44. Hallek's new English Literature. American book company. New-York, Cincinnati, Chicago.
45. William J. Long. *English Literature // Its History and its significance for the life of the English speaking world*. Ginn and Company. Boston, New-York, Chicago, London.
46. Ибраев Ш. Художественно-определяющая система героического и романического эпоса тюркоязычных народов // Типология и взаимосвязи фольклора народов СССР. М., 1980. 209-б.
47. Смирнов Н.С. Казахская народная поэзия, Алматы, 1967. 69-б.
48. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар. /Құраст. Р. Бердібаев. - Алматы: Жазушы, 1985.
49. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. Он томдық. 1-т. - Алматы: ҚазАқпарат, 2008.
50. Бердібай Р. Эпос мұраты. Білім, Алматы, 1997
51. Уланов А.И. Древний фольклор бурят. Улан-Удэ, 1974; Бардаханова С. Бурятские сказки о животных. Улан-Удэ, 1974
52. Горький М. Избранные литературно-критические произведения. Москва, 1954.

53. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009
54. Мелитинский Е. М. Поэтика мифа. Москва: Наука, 1976.
55. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Павлодар, 2006.
56. Блаватская Е.П. Тайная доктрина: синтез науки, религии и философии. Москва: АСТ; Донецк: Сталкер, 2005.
57. Рабғұзи. Кисса-сұл-әнбийя-й. Мұхаммадғалайһи-уэссаламға дейін. Казак тіліне ауд. Р.Мұканова. - Алматы: Санат, 2001.
58. Мифы народов мира. Энциклопедия 2-т. Москва, Советская энциклопедия. 1988.
59. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
60. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009
61. Ибраев Ш. Художественно-определяющая система героического и романтического эпоса тюркоязычных народов // Типология и взаимосвязи фольклора народов СССР. М., 1980. 209-б.
62. <https://link.springer.com/article/10.1023/A%3A1004268632102>
63. Irving, Edward. *A Reading of Beowulf*. New Haven: Yale University Press, 1968.
64. История зарубежной литературы XVIII века. Высшая школа, 2001. 254-б.
65. История зарубежной литературы. Московский университет, 1974. 413-б.